



ӨРЛЕУ

**Үздіксіз
білім жаршысы
Вести непрерывного
образования**



Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық журнал
Республиканский научно-методический информационный журнал

orleu-krg.kz

шілде-тамыз
қыркүйек 2017
июль-август
сентябрь 2017

3(18)

ӨРЛЕУ Үздіксіз білім жаршысы ӨРЛЕУ Вести непрерывного образования

№3(18)/2017

Шілде-тамыз-қыркүйек

2013 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Июль-август-сентябрь

Издается с 2013 года
Выходит 4 раза в год

*Меншік иесі – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
Собственник – Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области*

Бас редактор – Главный редактор
С.Д.МУКАНОВА,
доктор педагогических наук

Бас редактордың орынбасары
М.А.Жетписбаева, канд. филол. наук, доцент

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Г.К. Ахметова	доктор пед. наук, профессор
У.М.Бахтиреева	доктор филол. наук, профессор (Россия)
Ж.Ж.Наурызбай	доктор пед. наук, профессор
М.Н. Сарыбеков	доктор пед. наук, профессор
С.Т.Каргин	доктор пед. наук, профессор
Б.А.Жетписбаева	доктор пед. наук, профессор
А.К.Кусаинов	доктор пед. наук, профессор
С.К.Исламгулова	доктор пед.наук, доцент
Л.В. Моисеева	доктор пед.наук, профессор (Россия)
К.Абдикалыков	канд. пед. наук, отв. секретарь
А.Ж.Мырзахметова	канд. ист. наук, отв. секретарь

Басуға 15.09.2017 ж. қол
қойылды.
Пішімі 60x84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 17,5 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс №320

Подписано в печать 15.09.2017 г.
Формат 60x84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 17,5 п.л.
Тираж 300 экз.
Цена договорная.
Заказ №320

Беттеген:
А.С.Серікхан
Көркемдеген:
А.А.Разбеков

Адрес редакции: 100019, г. Караганды, ул. Жанибекова, 42
Тел.: +7 7212 41-68-59; **факс:** +7 7212 41-70-10.
Адрес сайта: orleu-krg.kz. **E-mail:** ipk.karaganda@mail.ru

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген
03.05.2013 ж. №13605-Ж мерзімді баспасөз басылымды тіркеуге қойылғаны туралы куәлік
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан.
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания №13605-Ж от 03.05.2013 г.
© Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области, 2013



ЫҚПАЛДАСУ ҚЫРЛАРЫ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ

ГРАНИ ИНТЕГРАЦИИ: НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ

ӘМІР Ш.Қ. Ұлттық мектеп моделінің теориялық негіздері.....	4
СМАҒҰЛОВ Ж.Қ. Түркі тілдес халықтар әдебиетіндегі мифтік концепцияны оқыту әдістемесі: тотемдік ұғым – Көк бөрі.....	14
САБИТ Ж.А. Коллаборативная среда в обучении как благоприятное условие для повышения качества знаний учащихся.....	26

ӘЛЕМДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В МИРЕ

IBRAGIMOVA G.K., IBRAGIMOVA D.I. Computer games as a means of enriching the educational environment of a pre-school organization.....	34
БЕСПАМЯТНАЯ В.Н. Возможности традиционного урока в свете нового подхода к обучению.....	40
РАЗБЕКОВА З.К. Б. Блум таксономиясы негізінде заманауи сабақты құрастыру қадамдары.....	48

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ

BAIKENOVA N.S. Opportunities and challenges for effective teacher professional development.....	58
TEMIRGALIEVA S.E., AIGUZHINOVA G.Z. The development of psychological processes in physical education	62
КИСАБЕКОВА М.Е., МАЙБАСОВА У.А. Обновление содержания среднего образования: специальная организация образования.....	66
МУКУШЕВА С.Б. Развитие профессиональной компетентности учителей-предметников по формированию социально значимых качеств школьников во внеучебной деятельности.....	72

АШЫҚ АУДИТОРИЯ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕН

ОТКРЫТАЯ АУДИТОРИЯ: ИЗ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ

БУЧИНА И.С. Проблемы сельских малокомплектных школ и пути их решения.....	86
МАТОРИНА Е.А. Проектирование учебных заданий по таксономии Б. Блума.....	92
НУРГОЖИНА Г.О. М. Монтессоридің дамытушы материалдары.....	104
АБЗАЛБЕК Л.С. Педагогикалық үдерістегі интеграция ұғымы.....	116

АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

ИНФОРМАЦИОННЫЙ ОБЗОР

ҮРІМЖІБАЙ ЖЕТІБАЙҰЛЫ. Өркениеттер тоғысуындағы қазақ мәдениеті: ұлттық сана мен салт-дәстүр.....	124
АБДЫҚАЛЫҚОВ Қ. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы: «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының орындалу барысы.....	134

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ - СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	142
--	-----



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Елбасы Н.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасында еліміздің бәсекеге қабілеттілігі оның болашағын жасайтын жастардың білімділігімен анықталатындығы айтылған. Осыған орай Қазақстанның экономикасы дамыған 30 елдің қатарына енуін қамтамасыз ететін әлемдік деңгейдегі сапалы білім беруге қоғам мен мемлекет тарапынан басымдылық берілуде. Жалпы орта білім беретін мектептердегі жаратылыстану пәндерінің мұғалімдерін ағылшын тілінде оқытуға дайындау, көптілділікті оқу-тәрбие үдерісіне ендіру мәселесі қолға алына бастады. Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагог кадрлардың кәсіби деңгейін көтеру "Өрлеу" БАҰО" АҚ филиалдарының біліктілік арттыру курстарында жүзеге асырылуда.

Журналда рухани жаңғыруға қатысты ұлттық, мектеп моделі беріліп, түркітілдес елдердің ортақ салт-санасы мен дәстүрі, "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасының жүзеге асырылу барысы баяндалады.

Журналдың материалдары білім беру үдерісіне заманауи педагогикалық технологияларды ендіру мен инклюзивті білім беруге қатысты кең ауқымды мәселелерді қамтыған. Авторлар құралында

– Қазақстан Республикасы, Украина және ҚХР ғалымдары мен практик-әдіскерлері, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, жалпы орта білім беретін мектеп пен колледждің педагогтары, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен "Өрлеу" БАҰО" АҚ Қарағанды филиалының қызметкерлері бар.

Аталмыш нөмірдің жарияланымдары орта білім беру мазмұнын жаңарту мәнісінде педагогтардың кәсіби дамытудың, озық іс-тәжірибені таратудың және мұғалімдерді дамыту болашағының келелі мәселелеріне арналған.

Ізгі тілекпен, С.МУКАНОВА

ДОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ!

В статье Главы государства Н.Назарбаева "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" отмечено, что "конкурентоспособность нации определяются, прежде всего, образованностью молодежи страны". В связи с этим задача вхождения Казахстана в число 30 экономически развитых стран в мире приоритетным считается получение качественного образования мирового уровня. В условиях системного обновления содержания среднего образования повышение профессионального уровня педагогических работников осуществляется посредством их подготовки к работе через курсы повышения квалификации в филиалах АО "НЦПК" "Өрлеу".

В журнале представлены работы, посвященные духовному возрождению: о традициях народов тюркоязычных стран, модели национальной школы, о ходе реализации проекта "Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке".

Материалы журнала освещают широкий круг проблем, касающихся внедрения современных педагогических технологий в образовательный процесс и инклюзивное образование. Среди авторов – ученые и методисты-практики Республики Казахстан, Украины и КНР, педагоги дошкольных организаций и средних общеобразовательных школ, преподаватели ВУЗов, сотрудники Карагандинского филиала АО "НЦПК" "Өрлеу" ИТК ТР.

Публикации данного номера посвящены актуальным вопросам профессионального развития педагогов в контексте обновления содержания среднего образования, распространения опыта и определения перспектив развития учителей.

С уважением, С.МУКАНОВА

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП МОДЕЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада отандық және шетелдік ғалымдар мен ағартушылардың ұлттық мектеп құру саласындағы, кешенді педагогикалық зерттеу әдістерін қолданудағы, эксперимент бағдарламасын педагогикалық мақсатқа сәйкестендіру, эксперимент барысын бақылау, сондай-ақ автордың жалпы білім беретін мектептің директоры лауазымындағы өз жұмысына талдау жасау іс-тәжірибесі берілген.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: ұлттық мектеп, педагогикалық мақсаттар, жалпы білім беретін мектептер жұмысын талдау, эксперимент бағдарламасы, кешенді зерттеу әдістері, бақылау жасау, эксперимент нәтижелері.

«Халық кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деп қазақтың кемеңгері Шоқан Уәлиханов өте орынды айтып кеткен. Қазақстан тәуелсіздік алғалы ширек ғасырдан асып барады. Ал енді осы егеменді елдің ертеңгі ұрпағының оқу-білімінің тереңдігі немен өлшенеді? [1].

Соңғы жылдары педагогикалық ақпарат беттерінде ұлттық мектеп туралы алуан түрлі ой-пікірлер басылым көруде. Жазушы, мәдениеттанушы Мурад Аджи айтқандай «Тюркский (кипчакский) мир увидит свое прошлое и будущее во многом таким, каким покажет его наука вашей свободной страны. Но для этого надо избавиться от колониального комплекса неполноценности, зависимости и страха, который пока очень заметен в научной среде Казахстана. К сожалению, здесь идеи европоцентризма и откровенно «западничества» сильнее даже, чем в России».

Автордың сөзіне қосыла отырып Т.Бурбаев «Қазақстанда ғылым мен білім батыстық үлгіде дамып отырғаны сөзсіз нәрсе. Ал ұлт философиясына келетін болсақ, батыстық үлгідегі парадигмалар мен қағидалардан бас тартудың уақыты жеткен тәрізді» деген ой айтады [2, 3].

Бұл – қоғамның ұлттық мектепке деген көзқарасының нышаны.

Ұлттың рухани-экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп-жетілуі – ұлттық мектепке, оның маңызы мен мазмұндылығына, оған деген көзқарасқа байланысты. Халықтық педагогика – тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер) беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан. Халықтық педагогиканың мақсаты – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы ізгі-мұраттарына тәрбиелеу [4].

Ұлттық мектептің ғылыми негізін қалаған белгілі ағартушылар мен ғалым-педагогтар: Я.А.Каменский, К.Д.Ушинский, В.Я.Стоюнин, П.Ф.Каптеров, Ы.Алтынсарин, С.И.Гессен, В.Н.Сорока-Росинский т.б.

К.Д.Ушинский өзінің «Орыс мектебін орыс мектебі ету қажеттілігі туралы» мақаласында күйінішпен былай деген: «... біздің мектебіміздің өте жиі өзгеріп тұратын

жарғысында Отанымыз жәйлі басымырақ мағлұмат беру туралы неліктен айтылмайды? Неліктен осы уақытқа дейін орыс баласы тарихпен айналысуын Рюрикпен емес, Наболасардан бастайды, географиямен танысуды Киевпен немесе Москвамен емес, қайдағы бір Сиднейден немесе Вандилен жерімен, неліктен орыс географиясы, жарты жер шарының географиясы небары 40-50 сағат оқылады... неліктен ең нашар, кемшілікке толы оқулықтар – орыс тілі мен орыс географиясы оқулығы?... неліктен біздің балалар алдымен орыс тілін біліп алмай, латын, неміс, француз тілінде етістікті жіктеумен, зат есімін септеуді үйренуге кіріседі?». Осындай олқылықтарды талдай келе, ұлы педагог мынадай қорытындыға келеді: «Швейцария, Германия, Англия мен Америкада білім 3 түрге бөлінеді: қажетті, пайдалы, ұғымды. Соның ішінде, ұлттық білімнің негізіне қажетті білім алынады. Қажетті білім баланың жанына ең алдымен негіз болып ұялауы тиіс. Сонымен қатар, ол білімі пайдалы және ұнамды-қызықты білім алудан тәуелді болмауы керек. Әр адамға сондай қажетті білім болып табылады: өз тілінде оқи білу, жаза білу, санай білу, өз дінінің негізін, өз Отанын білу» [5, 6, 7].

В.Я.Стоюнин ұлттық орыс мектебі туралы былай деп жазған: «Ескі мектепті қиратып, жаңа мектеп негізіне Батыс Европаның үлгісімен чиновник емес, Адам тәрбиелеу идеясын қабылдағаннан соң, енді біздің мектеп құлпырып кетеді деген үмітте едік, бірақ олай болмай шықты. Неліктен? Мектептің «жансыз», дәрменсіз болуының басты себебі – мектептің ұлты мен дербестігінің жоқтығында және оның космополиттік бағытты ұстануында. Мектеп құрғанда оны сол халықтың өмірімен, оның отбасының дәстүрімен тығыз байланыста болуын қарастыру, қоғамдық институттардың талабына сай құру, ең бастысы – мектеп басқа халықтың тарихы мен тәжірибесіне негізделіп, соған байланысты қайта құрылмауы керек.

Әрбір мектеп адам тәрбиелеуді жалпы міндет тұтса, алдымен оның белгілі елдің азаматы қылып, сол қоғамның талабына сәйкес тәрбиелеуге міндетті. Мектептің бағыты сол ұлттың мінезі мен жалпы бағытына тәуелді болуға тиіс» [5. 6-б., 8].

Профессор Яроштың пікірі бойынша, мектептің міндеті: «оқушыларды ұлттың тарихи бастауларын қастерлеуге үйрету; маңызды бастаулардың бірі – діни наным. Сондықтан, орыстардың білімді адамдары діни салтқа келгенде қарапайым халықтан алшақтамағаны жөн. Өйткені жас ұрпақтың тәрбиесін қатаң жүйеге салу үшін мемлекеттік дінге қажетті орын беру керек. Орыс мектебінің екінші бастауы: барлық мектептерде (төменгі, орта, жоғары) міндетті түрде «Отантану» пәндерін оқыту (оған: орыс тілі, орыс тарихы, орыс географиясы кіреді). Мектепте тәрбие алатын жас ұрпақ өз отаны туралы тиянақты білім алуы керек. Отантанудан оқушыларға толық мәлімет беріліп болғаннан кейін, оларды басқа шет мемлекеттермен таныстыруға болады». Профессор Ярош мектептегі ұлттық тәрбие туралы ойларын одан әрі былайша тереңдете түседі: «Ұлттық рухта білім беру құралдары мыналар:

- тікелей шетелдік ықпалды азайту (шетелдік бонна, гувернанткалардың және орыс оқу орындарын немістер мен чехтардың басқаруын);
- білім беру ісінде қоғамдық бастамалармен жігерлі қоғамдық әрекет ұйымдастыру;
- дербес педагогикалық әдебиет шығару;
- педагогикалық корпорациялардың белгілі деңгейдегі дербестігі, оның тәрбие мен оқытуға байланысты заң шығаруға қатысты, педагогикалық қоғамдардың, жиналыстардың, съездердің бостандығы;
- оқу жоспарында Отантану пәндері маңызды орын алады. Олар орыс тілі мен тарих, орыс әдебиеті, география мен этнография, міндетті түрде орыс табиғаты (өсімдіктер мен жануарлар әлемі);
- мектептің жалпы безендірілуі діни, эстетикалық, тұрмыстық, басқа да жағынан орыс халқының болмысына, психологиясына сәйкес келуі;

- оқушылардың санасында заң мен ғылымды бағалау қасиеттерін нығайту.

Егер білім беру жүйесі ұлттың қажеттілігіне, оның болмысына, тарихына, негізгі талаптарына сәйкес келсе ғана – ол ұлттық болады» [5. 6-б., 8. 332-357-б.].

Ұлттық мектептің өзектілігімен В.Н.Сорока-Росинский Қазан төңкерісі қарсаңында біраз айналысқан. Ол кезде мектеп пен гимназия ұлттық сипатта болмағандықтан, оқушылар патриоттық рухта тәрбиеленбегендіктен зиялы қауымның сынына көп ұшырайтын.

Мысалы, В.Н.Сорока-Росинский 1916 жылы «Орыс мектебі» журналында жариялаған мақалаларында шынайы гуманист-педагог ретінде ұлттық өзектілікті жалпы этикалық қағидалар және жалпы адамзаттық идеалдар арқылы қарастырады. Ұлттық және ұлтшылдық жолдардың ара-жігін ажыратып көрсетеді. Оның ойынша, қоғамдық күйзеліс жағдайда, дәстүрлердің құлдырап тұрған кезінде отбасының жоғалтқан кейбір функцияларын мектеп өз міндетіне алып, ұлттың әлеуметтік денсаулығын сақтап қалуды ойлауы қажет. Ол үшін мектеп ұлттық болуы керек. «Білім мен тәрбиенің негізі міндетті түрде ұлттық болуға тиіс, өз отанының алдындағы борышын өтемей, жалпы адамзатқа қызмет істеу мүмкін емес... Ұлттық орыс мектебі ұлтшыл да, космополиттік те болмауы керек. Бұл жерде біріктіруші рөл атқаратын ұлы орыс мәдениеті болады» [5. 8-9-б., 8. 332-357-б.].

Француз революциясының қайраткерлері Кондорсье мен Талейранның «ұлттық білім берудің міндеті: ұлтты қалыптастыру, нығайту және халықты мәдениеттіліктің ең биік көрінісі – білімділікке жетелеу» деген пікірін орыс педагогы С.И.Гессен: «Егер білім беру жүйесі ғылымдық, көркемдік және адамгершілік талаптарға сай келсе, сонда ғана ол шынайы ұлттық болып есептелуі керек» деп толықтыра түседі [5. 9-б., 8. 332-357-б.].

«Басқа жұрттар ғылым үшін жанталасып жатқанда қазақ халқы қайтіп жатыр? Мектеп ашу, мұғалім алдыру ойларында бар ма екен?» атты тақырыппен 1917 жылы «Сарыарқа» газеті жар салды [9].

«Біздің қазіргі жабылып қолға алайын деп жүрген ісіміз – оқу» - деп М.Өуезов мақала жазды [10].

Т.Бурбаевтың пікірінше, «Адамзат баласының даму тарихында қазақ үшін үлгі боларлықтай елдер мен мемлекеттер жеткілікті. Солардың бірі жапон халқы. Олар бізге қарағанда, кезінде батыстың технологиясы мен материалдық құндылықтарын тез қабылдап, рухани, мәдени салада консервативтік көзқарас танытып, рухани бірлігі мен ішкі тазалығын сақтай білді. Батыс құндылықтарын қабылдау сыртқы, формасы жағынан болды да, ішкі, мазмұндық жағынан келгенде өз келбетінен айырылмады. Батыстың құндылықтары тек қоғамдық, өндірістік қатынастар саласында ғана таратылды» [2. 91-б.].

Кезінде Президент Н.Назарбаев «Қоғамды идеалдық жағынан топтастыру – Қазақстан дамуының алғышарты» атты еңбегінде өзінің осы мәселеге саяси көзқарасын нақты түрде білдірген болатын. Онда ол: «Рулық психологияға негізделген архаикалық түрдегі қоғамдық құрылымдарды жандандыруға бағытталған дәстүрлі түрдегі идеология бізге жат», - деп жазды [11].

Көнеден келе жатқан мынандай бір сөз бар: «Өзіңе жат әдет-ғұрыптарды қалай болса, солай қабылдай беруге болмайды». Геродот тарихта скифтердің өзге елдің әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін қабылдауға қарсы болғанын атап көрсетеді. Оған дәлел – Анахарсистиң өз бауырының қолынан қаза табуы. Біздің түрік бабамыз Тоныкөк те өзі қытай білімін ала тұра: «Өзге халықтардың құндылығын қабылдауға болады, бірақ ол үшін өз әдет-ғұрпыңды сақтай отырып, өзге елдің әсеріне түсіп кетуден аулақ болу керек» деген екен [2. 92-б., 12]. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтардың өзінің тарихынан, салт-дәстүрлерінен (тәңірлік, зороастралық, шамандық, түріктік, шығыстық) бас

тартуына себеп жоқ. Бір сөзбен айтқанда, ұлт менталитеті, оның ойлау жүйесі тегінен нәр алу керек. Тексіз менталитет желмен ұшқан қаңбақ тәрізді. Қонары да, ұшары да сыртқы күштерге байланысты. Тегіңе тартсаң, тозбайсың – деп қазақ бекер айтпаса керек. Тектілікті Ж.Молдабеков үш деңгейге бөліп қарайды: «Тұқым мен қан тектілігі, Азаматтың өз басының тектілігі, Халықтың тектілігі». Осы тұрғыдан ұлт менталитетіне келетін болсақ, соңғы екеуі бүгінде бізге жетіспей жатқан дүниелер [2. 92-б., 13].

Қазақ елінде мектеп ісінің қалыптасып, даму тарихы да өзінің ілкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Осы туралы Қазақстан ғалымдарының (Ә.Тәжібаев, Г.Храпченко, Е.Төлемісов, Ә.Сембаев, Н.Сәбитов және т.б.) еңбектерінде жан-жақты сипатталған.

XIX ғасырдың аяқ кезінде «қазақ мектептері қандай болуы керек?» деген мәселеге аса мән беріле бастады.

Бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас пайда болды. Бірі – орыс халқының прогрессивті озық мәдениет үлгілерін игеру арқылы өз елін өркениетті елдердің деңгейіне көтеру қажет дейтін қазақ ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және т.б.), ал екіншісі – бұратана халықты шала сауатты қылдырып, төл мәдениетінен қол үздіріп, бірте-бірте орыстандыру саясатын көздеген миссионерлер (Н.Ильминский және т.б.) болды. Екінші көзқарасқа қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин қарсы болды. Оны мектеп тарихын зерттеуші, профессор А.Я.Эфировтың мына бір сөзінен байқау қиын емес: «Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметін үстірт қараған адамға ол Ильминский жүйесін ғана қолданды деп қалуы мүмкін... Шындығында ол Ильминскийдің көптеген жақсы жақтарын пайдалана отырып, оның православие діншілдік көзқарасын қабылдамайды... Ол Ильминский жүйесінен өзгеше мектеп жүйесін жасады. Ыбырайдың көшпелі халық балаларына лайықтап ашқан мектеп-интернаттары түрі жағынан болсын, бағдарламасы жағынан болсын, Ильминский мектебіндегіден басқаша еді» [2. 9-б., 14].

Немесе Алтынсариннің: «Мәселенің мәнді жері – қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу – қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін..., мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білуі керек. Сөйтсек, ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқиды, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар зор күш болар еді» деген сөзі де оның өз идеяларын орыс-қазақ мектептерінде шәкірттерді ана тілінде оқыту арқылы іске асыруды армандағанын байқатады.

Сондай-ақ, «қазақ табиғатынан ақын жанды, дарынды халық. Осы халыққа тек бір жағы ғана жетіспей тұр. Ол әзірше олардың білімнен кенжелігі... қазақ халқы – азбаған халық, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін тек сана-сезім жағынан, жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» деген сөзі де ғұлама ағартушының халықтың болашағына көрегендікпен көз жеткізе білгенінің дәлелі [2. 10-б., 15].

Қазан төңкерісінен кейін дала өңірінде мектеп пен ағарту саласында елеулі өзгерістер туындай бастады. 1945-60 жылдары мектептер мен онда оқитындардың саны күрт өсе бастады. Алайда тың көтеру ісімен байланысты Қазақстанға Ресей мен Украинадан жүз мыңдаған адамдардың қоныстануына байланысты көптеген қазақ мектептері жабылып, қалғандары аралас орыс-қазақ мектептеріне немесе таза орыс мектептеріне айналдырылды. Осындай «саясаттың» нәтижесінде жас ұрпақтың ұлт мәдениетін жасаушы, ұлт тілінің иегері екені де ұмытыла бастады, бұл жайт нигилистердің көбеюіне әкеліп соқты...

Қазақ елі егемендікке ие болғалы, шынайы ұлттық мектептің іргетасы қалана бастады. Қазіргі кезде республикада жалпы білім беретін қазақ және т.б. ұлт

мектептерінде білім көлемін анықтаудың жаңа тұжырымдамасы жасалды. Ғылым негіздерін оқытудың жаңа тұжырымдамаларын жасауда тәлім-тәрбиеге қатысты ұлттық ерекшеліктерге баса назар аударылып отыр.

Сонымен, жоғарыда айтылған ғалым-педагогтардың пікірлері мен көзқарастары бойынша, мынадай тұжырым жасауға болады. «Ұлттық мектеп» деп, біріншіден, өз ұлтының тарихын, өз ұлтының мәдениетін, өз ұлтының тілін оқытатын мектепті айтады.

Ұлт мектебі болудың басты белгісі – онда халықтың ұлттық рухы болуы. Ол мектептің бүкіл тіршілігінен, сыныптан тыс жұмыстардың барлық мазмұны мен түрлерінен көрінуі қажет. «Ұлттық мектептің бүгінгі таңда қажеттілігі – айқын, ешбір күмән келтірмейді, себебі өз ана тілін, туған халқының салты мен дәстүрін білмеген адам өз ұлтынан алшақтайды, өз ұлтына өгей болып көрінеді. Бұл жағдайда иммун-психологиялық тұрғыдағы өзекті мәселелер пайда болуы мүмкін: маскүнемдік, қылмыскерлік, азғындық..., ... өз ұлтының тілін, мәдениетін білу жер бетінде өзіңе-өзің сенімді болу үшін де қажет, себебі өзіңді нақты бір ұлтқа ұқсатсаң, өзіңді сенімді де байсалды ұстайсың. Сондықтан ұлттық мектептің негізін саларда осы жағдайды ескерген жөн. Ұлттың 10, 15, 30 жылда қандай даму деңгейіне көтерілетінін болжап, соған сәйкес оқушыларды дайындау қажет» деген Т.С.Саидбаевтың сөзіне толық қосылуға болады [2. 11-12-б., 7. 57-61-б.].

Мұның бәрі ұлттық мектептегі тәрбиенің негізгі міндеттерін (оқушыларды ұлттың алдында тұрған ерекше көкейкестілікті шешуге дайындау, өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарына ұмтылуға тәрбиелеу, түп тамырынан үзіле жаздаған ұрпақты ата-баба салты мен дәстүрі, әдет-ғұрпымен қайта табыстыру, мектептің тәрбие жүйесін ұлттық мәдениет пен ұлттық педагогика идеяларына негіздеу, ұлттық мектептің тұжырымдамасын жасауда ұлттың жалпы санын, орналасу аудандарын, мұғалімдермен қамтылуын, оқулық шығаруға материалдық жағдайларын, мүмкіндіктерін ескеру, яғни ұлттың болашағы мен ұлт өкілінің тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді) саралап көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондықтан қазіргі қазақ мектептерінде ұлттық білім беру – ұлттың болашағына сәуле шашумен пара-пар, ұлттың болашағының жарқын болуына қосқан үлес. Қазақ халқының зиялы азаматтарының ұлттық мектеп пен тәрбие туралы ой-пікірлері де осыған үндесіп жатыр.

XX ғасырдың басында бір кезде Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтар жалғастырды. Олар «қазақ халқының іргелі ел болуы үшін ұлттық тілі мен әдебиеті, мектебі мен баспасөздің аса қажет екеніне барша жұрттың назарын аударды, ұлттық мектеп болу үшін онда сол халықтың қаны мен жаны, рухы болуы тиіс» деді.

Қазақ мектебінің қайта өркендеуіне байланысты толғандыратын мәселелер көп-ақ. Мектептің бүгінгі мақсаты қандай, кімді және қалай тәрбиелеу керек? Қазақ мектебінің тағдыры, ертеңі халқымыздың елім деп еңіреген, асыл азаматтарын үнемі ойландырып келген.

Ахмет Байтұрсынов «Қазіргі бастауыш мектебі қандай болуы керек?» деген өзекті мәселені арнайы көтерді. «Хүкметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу... Әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу... Қазақты басқа дінге аударамыз деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға, болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хукмет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу. Солай ойлағанда, көңілге ұнамды

мектептің түрі, біздің ойымызша 5 жылдық болар. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу, соңғы 2 жылда орысша оқу керек» деп, пікірін батыл айтқан [2. 12-13-б., 17]. «Қазақ» газетінде (1913 жылғы №4) А.Байтұрсынов «Өз алдына дербес ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар, атымыз жоғалмай қазақ ұлты болып, тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бөлер нәрсе» – деп жан уайымын көрсетті [18].

Ахаңның:

«Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны...» - деген өлең жолдарынан өзінің жеке басынан көрі ұлт мүддесін жоғары санайтыны көрінеді [19].

К.А.Белқондинова «қазақ оқуының қалай дамып, қалай өрістеуі керек екендігі туралы қолға таяқ ұстатқандай етіп түсіндірген Байтұрсыновтай қазақ жоқ» – деп атап көрсетті [20].

Барлық ұлттардағы секілді, қазақтардың халықтық педагогикасының да өзіне тән ерекшеліктері, өзіндік белгілері бар, олар халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне замандарда-ақ халықтың көркемдік шығармашылығының белгілі үлгілерін дүниеге келтірген өкілдері – білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған, мұны халық фольклорының бастау көздері айғақтайды. Өз көзқарастары мен қызметінде олар халық тәрбиесі туралы белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған. Өздерінің педагогикалық ой-пікірлері мен нақты іс-әрекеттерін олар да, сондай-ақ олардың замандастары мен ізбасарлары да жазбаша қалдырмаған. Бірақ олардың педагогикалық мұрасы бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп, үздіксіз дами отырып, халықтың педагогика қазынасына қосылып отырды [4. 116-б.].

Оқу құралында дене, ақыл-ой, эстетикалық тәрбие және жан тәрбиесі қарастырылып, қазақ тіліндегі мектептерде оқушыға тәрбие берудің жолдары, түрлері мен әдістері көрсетіледі. Сондай-ақ баланы рухани тәрбиелеудің биік мақсаты айтылып, мұғалімдерге, тәрбиешілер мен ата-аналарға айналадағы дүниені қабылдаудың қағидалары мен заңдары, байқампаздықты, есте ұстаудың барлық түрлерін, оңды қасиеттерді, ерік-жігерді, мінез-құлықты шыңдауда, әсемдікке, мейірімділікке, жалпы адамзатты мұраттарға ұмтылысты дарыту туралы ақыл - кеңестер беріледі. Мағжан Жұмабаев қазақтың ұлттық мектебінің үлгісін ұсынған, ғылыми-педагогикалық терең пайымдау жасаған. Ол қазақ мектептерінің мұғалімдері үшін «Педагогика» (1922 ж.) оқу құралын жазды.

«Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болуы да мектептің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт...». Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты» дей келе, «... әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жол бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп ұстаздарға биік талап қойған [21].

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген қазақ зиялыларының ұлттық мектеп туралы

ой-пікірлеріне берген талдаудан мынадай тұжырым туындайды: ұлт мектептерінің қайсыбірінде болмасын (қазақ, орыс, ұйғыр және т.б.), ана тілімен қатар, сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, географиясы мен экологиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, елдік дәстүрі жайында жүйелі түрде білім берілуі қажет. Бұл ерекшеліктер ескерілмеген мектеп ұлттық мектеп қатарына жатпайды. Осы орайда академик Ш.А.Амонашвилидің: «Грузин тілінде сабақ жүретін мектептердің бәрін бірдей ұлттық мектеп деп айтуға болмайды, бұлардың нағыз ұлттық мектеп болуы үшін онда грузин халқының рухы болуы тиіс. Осындай жайттар орыс, армян, өзге де ұлт мектептерінің әрқайсысына негізгі өлшем болсын, мұндағы оқу-тәрбие істерін қалайша жүзеге асыру қажеттілігіне орталықтан, яғни жоғары жақтан нұсқау күтіп тұрудың қажеті жоқ» – деген пікірін толық қолдауға болады [2. 22-23-б.]. «Нағыз ұлттық мектеп – мемлекетті құратын ұлттың тарих аумағында қызмет атқаратын және осы аумақта өзінің егемендік білім беру саясатын жүзеге асыратын, оқушыларда ұлттық мінезді және ана тілінің негізінде өз халқының рухани әлемін еркін қалыптастыратын мектеп» [22].

Қазақ мектебі «ұлттық» деген атқа лайық болып, өзінің әлеуметтік міндетін толық атқаруы үшін, қоғамның оған қоятын әлеуметтік сұранысын ескерген профессор К.Ж.Қожахметова төменгі тұжырымға келеді:

- тәрбие барысында ұлтымыздың мәдени-тарихи, жалпы адамзаттық мәдени мұрамен сабақтастығын сақтау;

- мемлекеттік тіл – қазақ тілін жан-жақты терең игеретін жаңа тәрбие мазмұнын қалыптастыру;

- мектептің тәрбие жүйесінің негізін қалауда ұлттық педагогика идеяларын басшылыққа алу [5. 23-б.].

Кеңестік мектеп жүйесін құруды большевиктік партия мен Кеңес үкіметі алдымен адамның сана-сезіміндегі ұлттық ерекшеліктерінен, өзіндік көзқарасы мен дінінен айырудан бастады.

Республикаларға мектептегі оқытуға байланысты ұсыныстар жасауға, өз бағдарламалары мен оқулықтарын шығаруға рұқсат етілмеген.

Коммунистік партияның Қазақстан мектептеріндегі жүргізген саясаты қара күшке емес, халықтың санасын жаулау, рухани құлдықта ұстау, олардың азаматтық сезімі мен ұлттық санасының оянуына жол бермеу екенін байқаймыз. Осы мақсатта міндетті орыс тілі енгізіліп, халықтың жас буынын төл тарихынан, тілінен, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан айыруды көздеген [23]. Мұғалімдер өздерін ағарту агенттері деп қана емес, сонымен бірге коммунистік ағарту агенттері деп қарауға міндетті болды [24].

Жаңа қоғам шын мәнінде баянды боламын десе, социализмнің осы қол жеткізген дүниелерін кеңейтуі керек, ілгері апару керек. Бұл игі істерді жойып, жаңа қоғам құра алмаймыз. Тәуелсіз Қазақстанда осы салада талай әрекеттер жасалуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында көптеген әлеуметтік саладағы шараларды іске асыру көзделген.

Егемен елдің рухани тәуелсіздігі болу керек. Ол үшін жаңа ұрпақтың санасын, оның ішінде тарихи санасын тәрбиелеу міндеті тұр. Шетелдік рухани саладағы экспансияны тежеу үшін жастардың отансүйгіш жүрегінің иммунитетін күшейту абзал.

Қазақ халқы рухани салада жаңа биіктікке көтерілуі керек. Ұлы рухты болмай, қызы ғұрыпты болмай, ұлт оңбайды, алға баспайды [25].

Қазақ мектебінің өзіндік бет-бейнесі, ұлттық ерекшелігі гуманитарлық пәндердің берілу деңгейіне көп байланысты. Дәл осы мәселеден туындайтын өзекті мәселелер шаш етекпен.

Айталық, қазақ мектептерінде оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу-

тәрбие үдерісінде алатын орны, атқаратын қызметі ерекше. Ана тілі – әр ұлттың қасиетті белгісі, анасындай қымбат, анасындай аяулы жәдігері. «Бұл дәуірде өз ана тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани, ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» деген екен Мұхтар Әуезов [26. 77-б.].

Қазір қазақ мектебінің бәрі шама-шарқынша ұлттық тәрбиеге ден қойған. Бұл – құптарлық жай.

Қазақтың кемел ойлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалімдік – оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оны білмейтін мұғалімдер тәртіппен жасалған оқу құралдарын тәртіпсіз жасалған құралдар орнында тұтынады» [26. 90-б.].

Негізінде, кеңестік мектеп жүйесінің дүние жүзіндегі ең мықты жүйелердің бірі ретінде танылғанын жоққа шығаруға болмайды. Оны қазіргі шетелдерде оқып жатқан студенттердің білім деңгейлері де дәлелдеуде. Солай бола тұра, оның бірқатар кемшіліктері де бар еді. Сол олқылықтардың ең бастысы Ресейде, Қазақстанда, Эстония мен Әзірбайжан да... бәрі бірдей оқу бағдарламасы мен бірдей оқулықты пайдаланды. Жергілікті, аймақтық, ұлттық ерекшеліктер мүлдем ескерілмеді.

Сол сияқты әрбір оқушы да бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Олардың бәрін бір қалыпқа салып қарауға әсте болмайды. Әрбір баланың өзіне ғана тән ерекшеліктерін, жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін жіті тани білуіміз шарт. Біз бастаған реформаның да басты жаңалықтары осы көзқараста еді [26].

Қазақтың классик жазушысы, психология мен педагогикадан өзекті мәселелер туралы алғаш еңбек жазғандардың бірі Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылғы «Абай» журналына шыққан мақаласында былай депті: «Естеріңізде болсын, қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын. Баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды». Шынында да, бүгінде әр түрлі деңгейдегі лауазымды қызметкерлеріміз аз емес. Бірақ солардың бәрі ұлт мүддесін қорғап отыр ма? [26].

«Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы, кітаптар жоқ. Екінші, қазақ мектебіне түзілген программа жоқ. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалім аз. Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірден тең болса, оқу қисаймай, ауытқымай түзу жүреді», -деп халқымыздың көрнекті қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов XX ғасырдың басындағы жағдайды айтқан болатын [27].

Ғасыр аяғында да үш тіреуіміз тең болмағаны көпшілікке белгілі, десек те, ТМД аумағында білім беру саласында болып жатқан процеске біз де ілестік. КСРО кезеңінде мектептер негізінен бір типті болғаны тағы мәлім. Біздің ұлттық гимназия үлгісін жасау үшін шетелдік озық іс-тәжірибені және қазақ ағартушылары мен ғалымдарының ғылыми еңбектерін басшылыққа ала отырып, білім мазмұнын жаңарту, педагогикалық процесті басқарудың жаңа теориясымен (инновациялық) айналысу қажеттілігінің туындауы кездейсоқ жағдай емес еді.

Қай заман, қай реформа болмасын мектептің басты тұлғасы – мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Өз пайымдауымызша, білім беру, тәрбие мәселесі айналасында шешімін ойластыратын мынандай мәселелер тұрған сияқты:

- қазақ мектебін жетілдіру, ең алдымен, мемлекеттік тілдің көркеюі мен құлаш жаюында жатыр. Ол үшін қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өнімді жолдарынан,

яғни инновациялық технологиясынан іздену керек. Білім академиясы, білім жетілдіру институттарында оқыту мен тәрбие беру ісінің келелі мәселелері бойынша жекелеген зерттеу лабораторияларын ашу, мұғалімдерді ғылыми жұмыстарға кеңінен тарту, жаңашыл бастамаларды, ізденістерді қолдану, мұғалімдер жұмысына ғылыми түрде талдау жасау, қорытындылау ауадай қажет;

- мектепте басты тұлға – мұғалім. Университет мұғалім дайындап жатқан жоқ. Жас буындарды жаңаша оқытатын жаңа мұғалімдер қауымын даярлау ісі кезек күттірмейтін іс. Осы мәселені қалай шешу керек деген сауалдар айналасында шұғыл ойлану керек сияқты [28].

Біздің пікірімізше, мектеп «ұлттық» деп аталуы үшін оқу-тәрбие процесін жаңа заманда жүріп жатқан білім беру саласындағы инновациялық процесс ұлттық этнопедагогика, ұлттық философия, ұлттық психология және ұлттық менталитетке негізделіп бейімделген (адаптацияланған) болуы керек [29].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қожахметова К.Ж. Ұлттық мектеп қандай болу керек? //Білім берудегі менеджмент. – Алматы, 1997.
2. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. –Астана: Ақмола полиграфия, 2001, – 244 б.
3. Аджи М. Тенгрианство и основы современной европейской культуры. В кн: Культурные контексты Казахстана: история и современность. –Алматы, 1998. – 12 с.
4. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. –Алматы: Білім. – 1995. – 232 б.
5. Қожахметова К.Ж.. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы, Республикалық баспа кабинеті. 1997, – 141 б.
6. Ушинский К.Д. Педагогическое сочинения: Т.2. Сост. С.Ф. Егоров. –М: Педагогика, 1988. – 496 с.
7. Педагогика. –М. №3, 1996., №1, 1997 ж.
8. Гессен С.И. Основы педагогики. Введение в прикладную философию /Отв. ред. сост. П.В.Алексеев. –М. «Школа пресс», 1995. – 448 с.
9. «Сарыарқа» газеті жар салды. //«Сарыарқа» газеті, 1917. 14 қыркүйек. №13.
10. Әуезов М. Қайсысын қолдаймыз // «Сарыарқа». 1917. 19 қазан. №17).
11. Назарбаев Н.А. Идеиная консолидация общества как условия прогресса Казахстана //Казахстанская правда от 03. 09.1993 г.
12. Қасымжанов А.Х. Болашақ және менталитет. В кн: Культурные контексты Казахстана: история и современность. – Алматы, 1998. – Б.43.
13. Молдабеков Ж.Ж. Тектіліктің тұрағы – тұлғалыққа тірек. //Адам Әлемі- №2.1999. – Б.10.
14. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі /Оқу құралы. Алматы: «Санат», 1995. – 302 б.
15. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары /Пед. ғыл. Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты. Құрастырған С.Қалиев және т.б.-Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.
16. Мектепке дейінге және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы. –Алматы: РБК, 1995. – 26 б.
17. Байтұрсынов А.. Ақжол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалдар мен әдеби зерттеу. /Құрастырған Р.Нұрғалиев/. –Алматы: «Жалын», 1991. – 464 б.

18. Байтұрсынов А. «Қазақ» газеті. №4. – 1913 ж.
19. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы. 1998. – Б.26.
20. Белқондинова К.А. Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесіндегі қазақ тілінде оқытатын мектептің алатын орны //Қазақ мектебі: бүгінгі жайы және даму болашағы. /Респ. ғылым.-практ. конф. мат. 11-12 желтоқсан 2002. – Б.111-113.
21. Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы, 1992. – Б.127-222.
22. Аяпова А.С., Жанпейсова М.М. Қазақ мектебінің ұлттық үлгісі. //Қазақстандағы білім: тарихы және болашағы. /Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары. II бөлім. –Алматы, 1999.–Б.117-119.
23. Жусанбаева Г. Кеңестік білім бағдарламасы: кемшіліктері мен жетістіктері //Қазақ тарихы, 1999. –№6. – Б.62-66.
24. КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференции, пленумов ЦК. – ч. 1. – изд. 7. – М., 1953.
25. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001.
26. Беркімбаева Ш. Ізгілікті іздеп келем – Алматы: Атамұра баспасы, 2001.
27. Ұлттың ұлы ұстазы. Құрастырушы В.Қ.Күзембаева. – Алматы, 2001.
28. Бітібаева Қ.О. Қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие процесін жетілдірудің негізгі мәселелері //Қазақ мектебі: бүгінгі жайы және даму болашағы /Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары.–Алматы, 2002.
29. Әмір Ш.Қ. Ұлттық гимназия мұғалімі тұлғасының моделі //Қазіргі таңдағы педагог мамандарды кәсіби даярлау мәселелері /«Қамзабаев тағылымы» атты айм. ғыл.-практ. конф. материалдары. – Қарағанды, 2003.

Ш.К. АМИР

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ МОДЕЛИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

В статье отражен опыт отечественных, зарубежных ученых и просветителей в области создания национальной школы, с использованием комплекса педагогических методов исследования, соответствие программе эксперимента педагогических целей, наблюдение за ходом эксперимента, а также анализ собственной работы автора в должности директора общеобразовательной школы.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: *национальная школа, педагогические цели, анализ работы общеобразовательной школы, программа эксперимента, комплекс методов исследования, наблюдение, результаты эксперимента.*

SH.K. AMIR

THEORETICAL BASES ARE MODEL OF NATIONAL SCHOOL

In the article reflected experience of foreign, home scientists and enlighteners in area of creation of national school, drawing on the complex of research pedagogical methods, by accordance of the program of experiment to the pedagogical aims, watching motion of experiment, and also analysis of own work of author in position of general head master.

KEYWORDS: *national school, pedagogical aims, analysis of work of general school, program of experiment, complex of research methods, supervision, results of experiment.*



ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИФТІК КОНЦЕПЦИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТОТЕМДІК ҰҒЫМ – КӨК БӨРІ

Түркі тектес халықтардың барлығына ортақ, ең үлкен маңызға ие тотем – Көк бөрі. Өздерінің тегі деп санап келген түркілер, оның ішінде қазақ халқы қасқырды басқа хайуандардан ерекше қадірлейді. Қасқырдың еркіндік сүйгіштігі, арланға тән кекшілдігі, өрлігі мен қайраты түркі халқын өздерін көк бөріден жаралдық деуіне бірден бір айғақ болды. Түркі генеологиялық мифологиясында халықты жаудан құтқаратын, жорықтарда қол бастайтын, жетімді асырайтын да көк қасқыр. Халықтық тотемдік, мифтік дүниетанымында Көк бөрі қасиетті киеге айналды. Мақалада қазақ халқының тотемдік ұғымдары мен фольклорлық туындаларындағы Көк бөрі образының сомдалу эволюциясы ғылыми тұрғыда зерттелген.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: түркі тілдес халықтар әдебиеті, мифтік концепция, оқыту әдістемесі, қазақ халқы, тотемдік ұғымдар, фольклор, «Көк бөрі» образы, қасқыр образының сомдалу эволюциясы.

Халқымыздың санасында «қасқыр», «бөрі», «көкжал» түсініктерінің қалыптасуы бірнеше ғасырлардың жемісі. Әр кезеңде өзінің мағынасын үстемелеп отырған бұл атау қазіргі күнде халықтың дүниетанымында жыртқыш аң ретінде ғана орнықтап қалғаны белгілі. «Сырттан», «арлан», «ит-құс», «ұлыма» «бөрі» деген атауларға ие болған қасқырға «киелі аң» образында қарап көрсек, оның да тамыры тереңде екенін байқаймыз. Даланың тағылық заңына берік тұз тағысына байланысты аңыз-әңгімелер, мифтер, шығармалар өте көп. Өздерінің тегі деп санап келген түркі тілдес халықтар, оның ішінде қазақ халқы қасқырды басқа хайуандардан ерекшелігі үшін аса қатты қадірлейді. Көк бөрі түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың қатарында болғандықтан, әлі күнге дейін әдебиетімізде өз маңызын жоғалтпауда.

Қай халықтың болмасын өзінің шығу тегіне байланысты діни наным-түсініктері болғандығы анық. Белгілі бір жануарға табыну ертеде қалыптасқан. Оның тотемдік ұғымдар деп аталатыны бәрімізге аян. Ол ұғымдардың адамзат баласының сәби түсінігінен туғандығын зерттеуші ғалымдарымыз да айтып өтеді. «Тотем» сөзінің ғылым дүниесіне термин болып енгеніне екі ғасыр болғанымен, тотемдік сана тым ертеден келе жатқан, адамзаттың алғашқы сәби кезінен пайда болған, дүниежүзінің халықтарының көбінде бар мәдени құбылыс [1].

Түркі тектес халықтарына ортақ, ең үлкен маңызға ие болған тотем – Көк бөрі. Қасқыр аталатын жыртқыштар тобына жататын аңның бүкіл түркілер қауымында Тәңірлік құдіреттің деңгейіндегі қасиетті ұғымға айналуының тарихи себептері бар. Жалпы «бөрі», «қасқыр» дегенде, тағылық, өжеттік, қайсарлық сияқты ұғымдар

ойымызға оралады. Демек, халықтың ертедегі санасындағы тәңірі, жарылқаушы, жебеуші сондай қасиеттермен сипатталса керек. «Тегім», «туысым» деп сенген халық Көк бөрі ұғымын «жарылқаушы», «қорғаушы», «демеуші» дәрежесіне дейін көтеріп, оны ұранға қосқан. Оның «Көкбөрі» аталуы қасқыр түсінің көктігінен туған ұғым емес, қайта көктен келген көк аспанның бөрісі – көктәңірдің бөрісі, киелі бөрі деген түсініктен туған. Халық ішінде бөрінің «Тәңірдің серісі» аталуы сондықтан». Яғни, тәңір деген ұғым аспанмен астасып жатқанын байқаймыз. «Көк» деген тіркес «бөрі» сөзіне бір киелілік, құдыреттілік дарытатындай [1].

Қазақтың тотемдік ұғымдары мен мифтері, фольклорлық шығармаларындағы Көк бөрі - қасқыр образының сомдалу эволюциясының зерттелуі әлі де болса кешенді түрде ғылыми тұрғыда жан-жақты қарастырылған жоқ. Әлем халықтарының әдебиетіне ортақ бейне болып табылатын қасқыр ұғымына байланысты әдеби туындылар рухани құндылықтарымыздың бір бөлігі болып қана қоймай, қазірде де осы тақырыпта қалам тербеген жазушыларымызда өзекті сала ретінде өз маңызын жоғалтқан жоқ.

«Тотем» сөзінің мағынасына үңілетін болсақ, «оның тегі», «туыс», «туысқан» деген мағынаны білдіретін бұл сөздің тарихы сонау солтүстік Америкадағы оджбике деген тайпаның тілінен бастау алатындығын байқаймыз. Яғни «тотем» ұғымын Еуропаға алғаш әкелген англиялық саудагер, әрі аудармашы Джон Лонг екен. Ол өзінің әйгілі «Үндістерге саяхат естелігі» деген еңбегінде (еңбек 1791 жылы Лондонда басылған) алғаш рет тотем сөзін қолданып, үндістердің тотемдік наным-сенімі, тотемдік ғұрып-әдеттерімен таныстырған. Осыдан бастап «тотем» сөзі тотемдік сананы білдіретін ғылымдағы ортақ терминге айнала бастады [1].

Тотемизм түсінігінің осы кезден бастап адам өмірінде үлкен маңызға ие бола бастағандығын басқа ғалымдар да шек келтірмейді: «Тотемизм әлемге кең таралған наным ретінде өзіне көп елдің ғалымдарының назарын аударған болатын. Мәселен, оған зор мән беріп, жете зерттеп, құнды пікір айтқандардың ішінен Джон Мак-Леннан, Эндрю Ланг, Джеймс Фрезер, С.Рейнах, В.Вундт, С.П.Толстов, Д.Е.Хайтун, Н.А.Алексеев және Л.Расоний сияқты ғалымдарды атауға болады». Әділ Ахметовтың бұл ойымен келіспеске болмас. Себебі тотемизмге қатысты еңбектер іздегенде Джеймс Фрезер, С. Рейнах, Л. Рассонийдің есімдері ойымызға оралары анық.

Жалпы тотем болып саналған жануарларға келетін болсақ, оларға жасалған қарым-қатынастың өзі ерекше болған екен. Оларды өлтіруге, жеуге тыйым салынған. Тотем болып табылатын жануардың терісін киіп жүрген. Тіпті халық өз ұранына қосып, «тәңірінің» суретін байрақтарында бейнелеген. Бұл жайлы Зигмунд Фрейдтің «Тотем и табу» еңбегінде айтылады: «Многие племена пользуются изображением животных как гербом и украшают им свое оружие; мужчины рисуют изображение тотема на своем теле или татуируют его изображение на коже» [2].

Ал түркілердің тотемі Көк бөрі болғанын ескерсек, бұл сөзімізге Оғызнамадан алынған үзінді дәлел бола алады:

«Мен сендерге болдым қаған,
Алыңдар жақ пен қалған
Таңба бізге болсын белгі,
Көк бөрі болсын ұран» (Оғызнамадан).
Сүйінбай ақынның мына жолдары да осыны меңзейді:
«Бөрі басым ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым».

Жоңғарларға қарсы жорықта атақты Жәнібек ханның бөрі басы тігілген байрағы жау келердің алдында дүрілдеп немесе ерекше дыбыс шығарып, алда болар айқасты білдіріп отырған.

Уақыт өте келе бөрі нагуалға, яғни жеке адамдардың жебеуші рухына айналады. Ел аузында атақты Қаз дауысты Қазыбектің жиені Абақ керей Жәнібектің, Есет батырдың жебеуші көк бөрілері болған деген аңыз бар. Керей Жәнібек ұйықтаған кезде үстінде екі бөлтірік ойнап жүрсе, Есет батырдың езуін арлан жалап тұрады екен. Бұл жерде ел үмітін ақтаған батырлардың аруағын үстем етіп көрсету үшін оларды ең киелі ұғым көк бөрімен байланыстырғанын айта кетпекпіз. Бұл батырлардың бойындағы ерен күш пен қайсарлық жоғарылап, Тәңірінің өзінен бастау алып тұр. Ал, бөрілер – сол Тәңірінің ерекше ілтипатын жеткізуші.

Қасқыр туралы наным-сенімдердің ел санасында терең бойлағаны сонша, ата-бабаларымыз бауыр еті – балаларына бұл «киелі жануардың» есімін беруді әлі күнге дейін үрдіс етіп келеді. Бұған ел арасында кең тараған Бөрібай, Бөріқұл, Бөлтірік, Қасқыр, Қасқырбай, Бөрі тәрізді есімдер мысал бола алады. Түркі халықтарына ортақ мұра «Алпамыс батыр» жырындағы басты кейіпкердің әкесінің Байбөрі аталуы да осындай үрдістің бір көрінісі болып табылмақ.

1237–1238 жылы Алтынорда әскербасыларының бірі болған Бөрінің, 1664 жылы дүниеге келіп, көрсеткен ерліктерінің арқасында Матай елінің ұранына айналған Бөрібай Жаубөрі ұлының, алашты аузына қаратқан Бөлтірік шешендердің есімдері де батыр, қайсар болсын деген ұғымнан туындаған. Ал, олардың атына заты сай болып өсуі сөздің магиялық күшіне иланып, «баланың болашақ тағдырына азан шақырып қойған есімі тікелей ықпал етеді» деген сенімнің растығын дәлелдегендей еді.

Тотемизмнің жалпы сипаттарының топтастырылуы:

1. Тотем туыс, жарылқаушы, көмектесуші, ата-баба тегі ретінде қарастырылады. Тотемге құдіретті, ғажайып қабілеттер беріледі, құрмет пен қорқыныш (үрей) сезімін тудырады.

2. Тотемге тән ерекше атаулар мен рәміздер қолданылады.

3. Тұлға немесе топтың тотеммен немесе рәміздік тұрғыдан сәйкестендірілуі көрінеді.

4. Тотемдік жануар немесе өсімдікке жақындауға, тамаққа қолдануға, өлтіруге тыйым салынады.

5. Тотемдік салт-жоралар қолданылады» [3].

Тотемге табыну - ежелгі халықтың рухани қазығы. Мұндай наным-сенімдер түркі тектес халықтарда да белең алғандығы анық. Ең алғашқы тотемдік сенімдерге байланысты құнды пікір қалдырған ғалымдардың бірі Рашид-ад-дин екен. Оған Л. Рассонийдің еңбектеріне сүйенген Әділ Ахметовтың мына дерегі дәлел болады: «Рашид-ад-диннің деректері бойынша, ол кезде түріктер, әрқайсысы төртеуден алты топқа бөлінетін 24 оғыз тайпасының әр тобы, «қаршыға», «бүркіт», «сары бүркіт», «сұңқар», «ителгі», «лашын» секілді «онгандардың», яғни тотемдердің бірінің атымен аталып, құт-береке әкелетін әлгі онгандарды аулауға қатаң тыйым салған екен. Л.Рассоний сонымен қатар XI ғасырда қырғыздардың кейбір рулары сиыр, жел, тасбақа, сұңқар, сауысқан болып аталғанын және түріктер өздерінің арғы тегін бөріден тарайды деп сенетіндіктен байрақтарына қасқырдың алтын бейнесін салатынын және сол заманда жиі кездесетін Көкбөрі, Құртқа, Бозғұрт, Үкі, Жылан, Аю, Тұрымтай, Аққұс, Бидай, Арпа секілді кісі есімдерінің бәрі де тотемдік сеніммен байланысты қалыптасқанын сөз етеді». Бұл деректен байқайтынымыз, тотемдік табынудың күштілігі сонша, адам есімдерінің өзі қасиетті саналған тотем-жануардың атымен аталған [4].

Түркі тектес халықтарына ортақ, ең үлкен маңызға ие болған тотем – бөрі. Жалпы

«бөрі», «қасқыр» дегенде жыртқыштық, өжеттік, қайсарлық сияқты ұғымдар ойға оралады. Демек халықтың бала санасындағы тәңірі, жарылқаушы, жебеуші сондай қасиеттермен сипатталса керек. «Тегім», «туысым» деп сенген халық Көк бөрі ұғымын «жарылқаушы», «қорғаушы», «демеуші» дәрежесіне дейін көтеріп, оны ұранға қосқан. Оның «Көкбөрі» аталуы қасқыр түсінің көктігінен туған ұғым емес, қайта көктен келген көк аспанның бөрісі – көктәңірдің бөрісі, киелі бөрі деген түсініктен туған. Халық ішінде бөрінің «Тәңірдің серісі» аталуы сондықтан. Яғни, тәңір деген ұғым аспанмен астасып жатқанын байқаймыз. «Көк» деген тіркестің өзі «бөрі» сөзіне бір киелілік, құдыреттілік дарытатындай [1].

Ұранға қосылатын «Алаш» сөзінің осы бөрі ұғымымен тығыз байланысты екендігіне дәлелдер келтіретін еңбектер бар. Онда өздерін «Қасқыр тектес ұрпақтармыз» деп санаған көне түркі тектес халықтардың түсінігінде «қасқыр» ұғымының қаншалықты маңызды орын алатындығы айтылған. «Түркі тектес башқұрт (бас+құрт) халқының атауында да «қасқыр» ұғымы орын алған. Қазақтың Кіші жүзінде «Қызылқұрт» деген ру атауы бар [5].

Осы еңбекте қазақ халқының өмірінде маңызды рөлге ие болған осы «Алаш» сөзінің бөрі ұғымынан тарайтыны дәлелденген. ««Алаш» сөзінің қасқыр ұғымын беретін мағынасының түзілуіне көшпелі моңғол-түркі тектес халықтардың көне түсінігі арқау болған. Оған Шыңғыс ханның арғы шыққан тегін баяндайтын көне мифтік аңыздың тікелей әсері бар деп есептейміз. Ол – моңғол тектес тайпалардың шығу тегін баяндайтын Алаң-Қоға (сұлу) туралы көне миф». Не болмаса, «Моңғол тілінде қасқыр деген ұғым «чино, шина, шоно» деген сөзбен беріледі. Алаң қоғаға сәуле болып келіп жүрген тотем, аруақ – қасқыр. Осыдан барып түркі-моңғол тектес көшпелілер өздерін Алаң мен «шононың» ұрпағымыз деп танығанға ұқсайды. «Алаң» мен «шынның» кіріге бірігуінен «Алаш» сөзі түзілген, «Алаш бабалары», «Алаш ұраны» сынды ұғымдар қалыптасқан» деген деректерде Алаш ұранының Бөрі ұғымымен қаншалықты байланысты екендігін дәлелдеп көрсетеді [5].

Жауға шапқанда айтылатын ұранның мағынасы да кездейсоқ болмайды. Яғни, сарбаздардың рухын қайрап, жігерін жанайтын осы ұран болып табылады. Ұрыс үстінде ұранды айту арқылы өздерінің пірі санайтын тотем бабасын көмекке шақырған, жауласушы жақты жеңу мақсатында байрақ көтеріп, жауынгерлерді жігерлендірген.

Қ. Халид өзінің еңбегінде ұран айтуға байланысты былай дейді: «Қазақ халқының «ұран» дейтін сөзі бар. Рух беру, қыздыру, жиналу, қайрат беру мағынасында айтылады. ... Әр рудың өзіне тән ұраны болады. Егер өзге тайпалармен ұрыс-қақтығыс бола қалса, «Алаш, Алаш» деп шақырады [6].

Қорыта келгенде, Көк бөрі-қасқырдың тотемдік бейнесін халықтық ой-санада мынандай образдық сипатта орнықты: 1. Қасқыр – туыс, ата-баба тегі. 2. Қасқыр – жарылқаушы, көмектесуші, қорғаушы, дедеуші. 3. Оған құдіретті, ғажайып қабілеттер беріледі, құрмет пен қорқыныш (үрей) сезімін тудырады. 4. Адамдарға қасқырдың есімі берілді. 5. Қасқырға қатысты рәміздер қолданылады, яғни байрақта көк бөрінің бейнесі салынды, оны ұранға қосты. 6. Қасқырды өлтіруге тыйым салынды.

Бөрілі байрақты көтеріп, Көк Тәңіріге табынған көк түріктің ұрпақтары бүгінгі таңда да өздерінің рухани өмірдегі жеңістерімен әлемді сүйсіндіріп, жасампаз рухтың өлмегендігін паш етуде. Кең даланы ат тұяғымен дүбірлеткен түркілердің көкірек сарайы тек ерлік пен қайсарлыққа ғана емес, ғылым-білімге де толы екендігін шежіре-жылнамалардан, ел қазынасы – фольклорлық мұрағаттарымыздан да көреміз.

Түркі тайпалары мекен еткен ұланғайыр далада қасқырдан басқа да жан-жануарлардың мол болуына қарамастан ең басты тотем етіп нақ осы аңды алуының өзіндік себептері бар. Тарихымызға үңілсек, Түрік қағанаты деген атпен әйгілі



болған түркі тайпалары кейін жеке-жеке мемлекеттер құрып, өздерінің тарихын, әдебиетін қалыптастырды. Мифологиядағы кейіпкерлердің ортақтығын сол халықтың генетикасынан, ежелгі дәуірдегі наным-сенімінен салыстыра қарап, айырмашылығын, басты ерекшеліктерін байқауымызға болады. Мифология саласы – алғашқы қоғам дәуірінде өмір сүрген адамзат баласының наным-сенімдерінен бастау алған туындылар. Орталық Азия халықтарына ата-тегін білу – бағзы заманнан бері келе жатқан түркі халықтарына тән құбылыс. Өздерінің арғы тегі деп санаған жануарлардан тарағаны жөнінде мифтер шыға бастады. Осы тұста түркі тектес халықтарда Бөрінің ұғымының зор маңызды орын алғандығы анық.

Көк бөріні тотем тұту қырғыз, қарақалпақ, өзбек, тәжік халықтарының ғұрыптық фольклорында да жан-жақты көрініс алады. Әсіресе, туысқан башқұрт елі өздерінің ұлттық атауын бөрі тотемімен байланыстырады. Мәселен, тибеттіктер өздерінің ата тегін еркек маймыл және ұрғашы ракшасадан (орман перісі) таратады; монғолдар өздерін көк бөрі және маралдан таралдық деп санайды; телестіктер де қасқырдан және ғұн патшасының қызынан тараймыз дейді; ал түріктер ғұн бекзадасы мен қаншық қасқырдан тарағанбыз деп келеді. Яғни көк бөріден таралдық деген пікір осы бір ата тектен таратудан басталған. Мұндағы «Көк бөрі» сөзі еркін, азулы, адуынды деген мағынаны білдіреді. Көк бөрі – түркі мифінде киелі ұғымның бірі. Қасқырды түркілер «бөрі» дейді (монғолша – шино, чинно).

Көне түркілер қасқырды Көк Құрт деп те атаған. Көк дегеніміз – көк түс, көк аспан. Ал түріктің «құрт» дегені қазақтың «құртылу» деген сөзінің түбірі. Демек, көк бөрі түркілердің тайпасын ажалдан аман алып қалған, көк аспандағы Көк Тәңірісінің өзі жіберген ерекше қасиетті жануар. Хакастың «Албынжы» эпосында Ах пуур (Ақ бөрі) – Албынжы батырдың сенімді серігі болған деседі. Алтайлықтардың «Ақ Тойчы» деген батырлық жырында да ақ бөрі Ақ Тойчы батырдың сенімді серігі болып көрсетіледі. Башқұрт халқының атауы да бөріге табынудан шыққан деседі. Башқыр, Башқорт деген атау сөзбе-сөз алғанда «Бас бөрі», «Арлан бөрі», қасқыр үйірін бастап алда жүретін «Көкжал бөрі» деген ұғымды білдіреді. Қырғыз дастандарында да ең даңқты батырларды «Көкжал бөрілер» деп атаған екен. Ең жүректі, ең батыл, ең өжет адамдарды әзербайжандар «қасқырдың жүрегін жұтқан», «бөрінің ұлы» деп дәріптейді. Гөек бөрі деген есім мұнда кең тараған. Түрікмендер мен өзбектерде той үстінде «Гөек бөріге» қыз ұзату салты да сол тотемге табынудан шыққан. Бөрінің қайсарлығын, өжеттілігін ескере отырып, дүниеге мықты ұрпақ келтіру мақстаын көздеген болып табылады.

«Қорқыт ата кітабы» деген эпоста оның кейіпкерлерінің өмірінде киелі, қасиетті қасқырдың маңызы үлкен екендігі айтып өтіледі. Бөрі саха басылары табынатын ең қасиетті жануар болып табылады. Саханың аңыз-ертегілеріндегі желеп-жебеуші рухтың тоғыз ұлы қасқырларға ұқсайды.

Тарих беттерін парақтасақ, өздерін осы қасиетті көне тотемнен тарадық деп санайтын Половшылар (қыпшақтар мен құмандар, яғни далалықтар) ордасы да бөріге табынған. Орданың ханы Боняқтың өзі осы қасиетті табынудың бас абызы болған. Генеологиялық мифтерден, ел арасында кең таралған ырымдар мен ғұрыптардан, халықтық ем-домдардан, эпос пен шежірелерден қасқыр ұғымын кездестіруіміз көк бөрінің түркі халықтарының фольклорында киелі жануардың қатарына жоғарғы Тәңірлік құдіреттің деңгейіне дейін көтерілгенінің белгісі.

Қасқырдың әртүрлі мүшелерін тұмар ретінде тағу Еуропа елдерінде де кең таралғандығын келесі мысалдар дәлелдей алады. Қасқырдың азу тісін түріктер тұмар ғып таққан. Германия мен Францияда қасқырдың жағын тіл мен сұқтан сақтайтын қорғаныш ретінде есікке тақса, Сицилияда жылқыны тіл-көзден қорғау үшін қораға

қасқырдың құйрығы мен өлі сауысқанды, жарқанатты ілетін болған. Ресейде де қасқырдың құйрығы көп аурудың алдын алады деп есептелген. Қасқырдың тісін, құйрығын зұлым күштерден қорғану үшін тағып, өті мен терісін емге жаратса, қасқырдың жарып кетуінен сақтану үшін пайдаланады.

Қасқырды киелі деп табыну қазақ бақсыларының арасында да сақталған. Жебеушісін шақырып, бақсылық өнерінің шырқау шегіне жеткен кезеңде көмекке көкжал бөрінің ененсі қаншық қасқырды, алты қарыс аш қасқырды, азуы өткір, ашулы жас қасқырды шақырады. Ал қазақтар малды бәле-жаладан сақтайды деп жаңа қонысқа іліп қойған. Қасқырдың азуы мен тырнағын, жалы мен құйрық жүнін жас сәбиді көз тиюден сақтайды деп бесік арқасына ілген. Яғни, бөрі басы бейнеленген заттар билік пен ерліктің, өрлік пен тектіліктің нысаны болған. Бөрі рухының қашан да желеп-жебеп жүретіндігіне сенген халықтың танымын байқатады.

Жануарлар эпосының ішінде ең көп таралған, кез келген елдің фольклорлық туындыларында мол ұшырасатын кейіпкер – қасқыр болып табылуы тегін емес. Шығармалардың басым көпшілігінде ол қоғам өмірінің сан қырлы аспектілерін ашатын, халықтың дүниетанымын өрнектейтін символ түрінде беріледі. Мәселен, түркі халықтарының нанымында қасқыр – рудың тотемі немесе нагуал, қасқыр – Тәңірі мен пенделердің арасын байланыстырушы күш немесе шаманның ие-қыласы, қасқыр – адам не сиқыршы ретінде сомдалады. Қазақ ертегілері, аңыз-әңгімелерінде қасқырдың тағылық сипаты, табиғи қылуасы асқан біліктілікпен суреттеледі. Алайда оның табиғаттағы қайсарлығы мен сақтығына қарамастан бірде ашкөздіктің, бірде ақымақтықтың, бірде қорқаулықтың символы түрінде өріліп, тыңдаушысының танымында жағымсыз ұғым тудыратын тұстары да аз емес. Осы жайттар қасқыр символикасының құрылымын аса күрделендіре түседі.

Түркі халықтарының фольклорында қасқыр бейнесі түрлі жанрларда: ғұрыптық поэзияда, эпостық жырларда, паремеологияда, халықтық прозада алуан қалыпты кездеседі. Осы жанрлардың барлығында қасқыр негізінен үш түрлі түспен, атап айтсақ, көк бөрі, ақ қасқыр және қара қасқыр болып бейнеленеді. Қасқыр бейнесінің бұлайша өзгеріп отыруының символикалық мәні зор. Табиғатта көк және қара қасқырдың кездеспейтіні белгілі. Ғалымдардың мәліметі бойынша олар қара-қоңыр (меланисті), сұр (хромисті) және ақ (альбинос) түсті болады екен.

Халқымыздың мифтерінің барлығында дерлік бөрі ілкі баба, жорықтардың сәттілігін реттеуші, көктен келген көмекші ретінде беріледі. Мифологиялық сарындағы ертегілердің де негізгі арқауы – бөрінің адамдарға тылсым сиқыр әлемімен байланысы төңірегінде өрбиді. Алайда, ертегілердің көпшілігінде қасқыр ақымақ, қаскөй, қомағай хайуан ретінде суреттелетінін айта кеткен жөн. Біз мұның себебін миф пен ертегінің жанрлық ерекшелігінен іздегенді жөн көрдік. Бір кездегі тотемдік бабалар туралы мифтердің орнын кей жан-жануарлардың пайда болуы туралы сыртқы түр-кейпіне не қимыл әрекетіне байланысты туындаған этиологиялық ертегілер басады. Тотемдік сенімнің жойылып, табиғи құбылыстар, жан-жануарлар дүниесі туралы жаңаша танымның қалыптаса бастауы соны ертегілерді дүниеге келуінің алғышарты болып табылады.

Біздің эрамызға дейінгі III ғасырда өмір сүрген қытай жылнамашысы келтірген мына миф қасқыр, бөрі ұғымдарының үлкен бір мемлекеттің пайда болуымен жиі байланыстыратынына дәлел: «Ғұн шаньюйінің әйелі босанып, дүниеде теңдесі жоқ екі сұлу қызы туыпты. Бекзадалар бұл қыздарды құдай екен деп ойлап қалыпты. Шаньюйдің өзі де:

— Мұндай аруларды адам баласының қолына ұстатуға бола ма? - деп қыздарын

тәңіріге бағыштапты. Шаньюй астананың солтүстік жағынан биік қамал соқтырып, екі қызын сонда ұстап, өзі күндіз-түні тәңіріге жалбарынып, қыздарын қабыл алуын тілепті. Арада үш жыл өткеннен кейін анасы қыздарын қайтарып алмақ болады, Шаньюй уақыты жеткен жоқ деп, рұқсат бермепті. Осы оқиғадан кейін бір жыл өткен соң қасқырдың кәрі арланы қамалды күндіз-түні торып жүріп, астынан апан қазып алып, ішіне кіріп, ұлып жатып алыпты. Қыздың бірі:

– Атамыз бізді тәңіріге табыс етемін деп осы қамалға қамап отыр. Мүмкін осы қасқырдың тәңірімен байланысы бар шығар, – деп қасқырдың қойнына бармақ болғанда, екінші қыз шошып: Қасқыр – хайуан, ата-ананды қорлама! – деп шыңғырып жібереді. Әлгі қыз айтқан сөзге құлақ аспай, қасқырмен қосылып, ұл табады. Осы ұлдан туғандар көбейе келе үлкен мемлекет болады» [7].

Адамзат баласының қасқырды тәңіріге балауын осы аңыздан байқауымызға болады. Бұл аңызда көне тотемдік сарынның тұтасқаны байқалады. Егер де шыңғыс әулеті туралы қазақ аңызында тотемдік субъект – сәуле, нұр болса, ал мына ғұн жайындағы аңызда бөрінің арланы еркек кіндіктің қызметін атқарып тұр. Әдетте рулар мен халықтардың тоғысуы салдарынан тотемдер бір-біріне араласады. Мұның өзінің себебі бар. Ғұн ордаларының орнын басқан түркі қағанаты тайпалық бірлестіктерді басып-жаншып, өзінің саяси өктемдігін орнатқаны белгілі. Осының нәтижесінде әр түрлі тотемдерге табыну салты жойылып, саяси үстемдік жүргізуші тайпаның тотеміне бағынды. Ол тотем-түркілердің үстемдік етуші әулеті Ашинаның пірі – Көк бөрі еді. Көк бөрінің суреті түркілердің соғыс жалауында желбіреді [7].

Халқымыздың ертегілерінде қасқырдың бейнесі жан-жақты ашылады. Хайуанаттар көне ертегілерін аңдасақ, кейбіреулерінде өте көне заманды, жанды, жансыз табиғат турасындағы бұлдыр түсініктерді байқаймыз. Ондай ертегілер хайуанаттармен байланысты туған мифтік, діндік түсініктерді, әр хайуанды ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған тотемдік түсінікті аңғартады.

Қазақ халқының ертегілерінде сенім-нанымдарға көп орын берілгендігі байқалады. Яғни, мифтік, тотемдік наным. Сондай аңның бірі қазақ ертегісінде қасқыр болады. Ондай ертегілерге «Қасқыр мен жігіт», «Сырттандар», «Сырттанның ажалы», «Ақ қасқыр», «Күйеу қасқыр», «Қасқырдың қамқорлығы» т.б. жатқызамыз. Бізге мәлімі қазақ ертегісінің ішінде қасқыр екі түрлі әңгімеленеді. Бір түрінде, ең ескі түрінде, қасқыр ертегі ішінде әрі қасқыр, әрі адамзат баласына киелі дос болып бейнеленеді. Екінші түрінде қасқыр өзінің тағылық қаскөй мінезімен суреттеледі [8].

«Сырттандар» ертегісі былай басталады: «Бұрында бір байдың жалғыз баласы болыпты. Байдың қадірлі ұлы да, қызы да сол екен. Күндерде бір күн әлгі байдың баласы ұйықтап жатып, түс көреді. Түсінде бір қара қасқыр жейін деп, баланың аяғына аузын сала бергенде, бала шошып оянады. Сөйтіп, бала осы түсті күн сайын көретін болады. Бала түнде ұйқы, күндіз күлкі көре алмайтын болады». Оқиға сәуегей қарияның жоруымен байланысады. Оқиғаға қасқырдың, иттің, жігіттің сырттаны, аттың тұлпары араласады. Ертегіде қасқыр нақтылы айқын, қастан күш, адамға өш, зұлымдықтың жиынтық бейнесі болып кейіптеледі. Қасқыр сырттаны жалғыз баланы жемек болады. Баламен бірге оның ажалы бірге туғандай болады. Сол жігітпен бірге оның дос серігі болып, ажалына арашашы болып, құлын-тұлпар да қоса туады. Кейін жігітке жәрдемші болып, ит сырттаны араласады. Сол ат, ит достығы арқылы қасқыр сырттаны жеңіліп, бала мен жігіт аман қалады да, үлкен сыннан жеңіспен өтеді. Жігіттің сұлтаны, иттің сырттаны, аттың тұлпары, қасқырдың сырттаны төртеуінің талас, бәсекесі туралы бұл мифологиялық сюжет басқа халықтарда кездеспейді. Хайуандарды пір тұту нанымы осы ертегіден де көрініс табады. Ертегіде қасқырдың сырттаны деген ұғымды қалыптастырған халықтың бөріге деген құрметі, сенімі жатыр.

«Сырттанның ажалы» ертегісі жол жүріп келе жатқан жолаушының кездейсоқ қасқырдың сырттанына кездесуінен басталады. «Күн кеш болып намаздыгер болғанда әлгі қасқырдың сырттаны бір ұлып жіберген екен елу шақты қасқыр жиылып қалады. Бейшара жолаушы шын ажалының жетуін білген соң көздің ұшында қарайған ағашқа қарай атын босатады. Сол шабыспен қасқырларға жеткізбей ағашқа барып, атын ағаштың түбіне қоя салып, өзі шыбын жанын қорғалау үшін үлкен ағаштың басына шығып кетеді». Оқиға осылайша өрби келе, атынан, өзіне көмекке келген иттен айрылған жолаушының байға иттің сырттанын тауып берумен аяқталады. Бұл ертегіде қасқырдың зорлықшыл бейнесі сипатталған.

«Ақ қасқыр» ертегісінде жас жігіт жат үңгірдің ішінде ақ қасқырға, қаншық қасқырға үйленеді. Қасқыр күйеуіне қырық күнге дейін шыда, не көрсең де, көнбіс бол дейді. Қырық күнге дейін ол қасқыр кейпінде болады да, артынан әсем сұлу адамзат қалпына түседі. Елден асқан ақылды, асыл жар болып шығады. Сынына шыдаған ерін бақ-дәулетке жеткізеді.

«Күйеу қасқыр» деген ертегіде жас, сұлу қызды қасқыр күйеу болып алады. Басында, қызды айттыра келгенде, қара жорға ат мініп, қара құлын жарғақ киіп, қара түлкі тымағы бар, әлемде жоқ сұлу, сымбатты жалғыз жігіт болып, айттырып алып кетеді. Оңаша шыққан соң, аунап түсіп, көкжал қасқыр болып шығады. Бұл ертегі әйелдің халін қайғылы күйде суреттеумен қатар қасқырды адамға қатал, ерекше күш иесі қылып сипаттайды. Киелі, сиқырлы жау етіп ұлғайтып көрсетеді. Яғни, бұл ертегіде адам затын құбылып алдайтын қас күш болып суреттеледі [8].

Тотемдік наным кең етек алған кезде туындаған шығармаларда ілкі тек-ата аң болып табылды. Ол көктен нұр кейпінде түсіп, керемет қайсар, өжет ұрпақтың ата-бабасына айналды. Ал, жарық сәуле-нұрдан аң емес адамның сомдалуы кейінгі жануарлар культінің аруақтар культімен ығыстырылған кезіне тән. Қасқырдың жол таба алмай қысылған шақта көмекке келуі де оның тотемдік кейпімен астасады. Ал жас нәрсетені емізу мотиві бертінгі патриархат дәуірінің жемісі. Мұнда қасқырдың ілкі – бабалық рөлі толық жойылады. Баланың әке-шешесі көп жағдайда қарапайым адамдар. Алайда бала Құдіреттің қалауымен тірі қалып, әміршіге айналады. Мұнда қасқыр Құдіреттің жарлығын орындаушы. Қасқырды Тәңірі иті деп қабылдайтын қазақ, тува, якут, грек жұртының мифтері де осы кезеңнің жемісі.

Жыртқыш аңдар алдында табынып, оларды кие тұтса зиянын тигізбейді деген ұғымның жойылуына табиғи заңдылық, адамзат қоғамының ілгері жылжуы себепші болды. Өйткені, адамдар хайуандарды туыс санап, өлтіруден қашқанымен олардың адамдарға тигізген залалы бәсеңдеген жоқ. Осыдан келіп, қасқырлар туралы тотемдік наным кері ысырылып, фольклор сахнасына хтоникалық хайуанның кейпі шығады [9].

Осындай нанымдар «қасқыр – адамға дос рух» және «қасқыр – адамға қас рух» деген екі көзқарастың өрбуіне септігін тигізді. Адамға дос рух ретінде қасқыр мынадай қызмет атқарады:

а) бақсыларға ие-қыла болып, бақсылық ойын кезінде жәрдемдеседі. Адам жанына араша түсіп, аурудан айықтырар жолды көрсетеді. ә) ертегілерде бас қаһарманға жолығып, оны мұратына жеткізеді, адал досына айналады.

Ал қас рух ретінде ол мынадай қаскөйлік жасайды:

а) ликантроптар (көне гректерде), ағызмалдар (абхаздықтарда) адамдарға ауру жібереді. ә) жапандағы жолаушыларды өлтіріп, малды жарады. Тұрғындарды шығынға батырады.

Осылайша, миф пен ертегілердегі қасқыр бейнесінің берілу барысындағы мынадай сюжеттік ұқсастықтарды атап өту керек:

1. Қасқыр мен адам некелеседі. Мифте мұндай некенің нәтижесіне бүтіндей бір



халық дүниеге келіп, қуатты, іргелі елге айналады. Қасқыр жоғарғы сананың иесі ретінде бейнеленеді. Ал, ертегіде қасқыр мен адамның некелесуі шытырман оқиғалардың өрбуіне себепші болады. Мұндағы басты мәселе олардан ұрпақ таратып, өсіп-өнгенін баяндау емес, ертегінің бас кейіпкерінің мақсат-мұратына жету жолындағы кездескен қиыншылықтар пен тосқауылдарды жеңу ретін әңгімелеу болып табылады.

2. Қасқыр мен адам баласының одағы. Мифологиялық аңыздарда қасқыр қысылған халыққа көктен нұр кейпінде түсіп, ажалдан арашалайды. Жорықтарда қолды бастап, көшкенде жол көрсетеді.

Адам санасының тотемдік түсініктен ада болуы хайуанаттар туралы ертегілердің мазмұнына да түбегейлі өзгерістерді енгізді. Табиғи құбылыстардың алдындағы қорқыныш бұлтын аздап серпе бастаған ата-бабаларымыз бірінші орынға адамды, оның қайсарлығы мен амал-айласын шығарды. Халық санасындағы осындай өзгерістерге сәйкес қасқырлар жайындағы ертегілердің де төмендегідей топтары пайда болды: халық тұрмысынан мәлімет беретін архаикалық ертегілер, ата-бабаларымыздың жаратылыс пен оның құпия сырлары туралы ой-қорытындыларының түйіні – этиологиялық ертегілер, сатиралық ертегілер.

Архаикалық ертегілерде қасқырды анық хайуан етіп суреттейді. Оның өзіне тән мінез-құлқы, іс-әрекеті, адам баласына тигізетін зияны көрсетіледі. Ертегінің екінші тобы – этиологиялық ертегілерде қасқыр табиғатына ғана тән ерекшеліктер сөз болады. Қасқырдың ел көңілін аударатын ең басты ерекшелігінің бірі – оның ұлуы. Дала төсін тітіркендіріп, түн қараңғысын жаңғырта ұлығын қасқырдың даусы адамға қорқыныш-үрей ұялатытына сөзсіз.

Оны О.Тэннердің: «Специалисты точно не знают, что именно побуждает волков выть. Возможно так они подают сигнал отбившимся членам стаи, или предупреждают соседние стаи, что здесь их территория, или передают какие-то другие, не столь очевидные сообщения. Некоторые же полагают, что волки как и люди, просто поют, когда им этого хочется» деген ойынан көреміз [10].

Ал, қазақ халқының «Қасқыр неге ұлиды?» деген ертегісінде қасқырдың ұлу себебі былайша түсіндіріледі: «Халық деген кедейдің жалғыз ұлы бірнеше шөп тамырын қайнатып, қасқырды өлтіретін дәрі жасайды да оны жемтікке сеуіп, қораға жақын жерге тастайды. Қомағайлау біреуі келген бетінде арс етіп, жемтікті қауып өтеді де: «У-у-у», - деп мұрнынан шаншыла құлайды. Содан бері қасқырлар: «У-у-у», - деп ұлиды екен. «Қасқырлар бір-бірімен ұлып сөйлеседі» деген ұғым қазақ халқында да бар. Мәселен, «Сұрмерген» деген ертегіде қасқыр ұлу арқылы мергенді жейтінін ескертсе, «Ақымақ қасқыр» атты ертегіде «Бағлан қозымды ертіп келемін» деген қойға алданған қасқырдың әлі күнге дейін кеш болса ұлып, оны шақыратындығын баяндайды [8].

Бүкіл түркілер қауымы үшін «Көк Тәңірі», «Көк бөрі» сөздері киелі, қадірлі де қасиетті. «Көшпенділер» деп аталған бабалардың көшіне енген бар қазақтың да жан жүрегінде сақталған, құранның аятындай жатталған ұғым екені анық. Көк бөрінің тотемдік бейнесі халықтың рухани мәдениетімен етене байланысты болды. Кезінде жебеуші рух, нагуалға айналған Бөрі түсінігі қазіргі уақытта да халықтың руханиятынан ажырап қалмады, әр түрлі наным-сенімдер, қасқырға байланысты адам есімдері, ру атаулары жыртқыш аң ретінде ғана емес, «киелі жануар» деп санауымызға себепші болады. Фольклорлық шығармаларда қасқыр образы қатысқан аңыз, миф, ертегілерде оны екі түрлі кейіпте көрсетеді. Бірі – адамға дос, екіншісі – адамға қас. Көкжал аңның бойындағы қайсар қасиет ұлттық мінездің қалыптасуына дәнекер болады. «Көк Бөрінің ұрпағымыз» деген концепт күллі түркі жұртында мәңгілікке орын тепті. Қасқыр халықтың діни наным-сенімін, дүниетанымын танытатын, бірде тотемдік тұлғада, бірде

жыртқыштық кейіпте берілетін жан-жақты сомдалған, күрделі кейіпкер болып табылады. Мифтерден, аңыздардан, ертегілерден жан-жақты образы ашылып, эволюциялық тұрғыдағы сомдалу функциялары анықталды.

Осылайша қасқыр бейнесі бірте бірте дами қалыптасып, жазба әдебиетте де көрініс тапты. Қазақ әдебиетінде ерекше шеберлікті қажет ететін тақырыпқа айналды. М. Әуезовтің «Көксерек», М.Мағауиннің «Қасқыр-Берісі» мен «Түйеші Қамбар», Ғ. Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», Д.Рамазанның «Көкжал», А. Алтайдың «Туажат» және тағы да басқа шығармаларда Көк бөрінің жеке көркем бейне ретінде жасалуына үңілсек, тотемдік-мифтік ұғымдар мен фольклордағы суреттелуінен көп өзгеріске түсіп, классикалық образ дәрежесіне дейін көрінгенін байқар едік. Қазақ әдебиетіндегі және әлем әдебиетіндегі қасқыр образының сомдалу эволюциясын салыстырмалық, типологиялық тұрғыда ғылыми зерттеу алдағы күннің міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы, 2006.
2. Фрейд З. Тотем и табу. – М.: Олимп, 1998.
3. Орынбеков М. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы: ҚазМУ, 2002.
4. Ахметов Ә. Түбі түркі өркениет. – Алматы: Арыс баспасы, 2009.
5. Әбсадықов А. Алаш ұраны және бөрі тотемі. – Алматы, 2001.
6. Халид Құрбанғали Тауарих хамса (Бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992.
7. Ақатай С.Н. Күн мен көлеңке: ғылыми-танымдық аңсар. – Алматы, 2011.
8. Ертегілер. I том. – Алматы: Жазушы, 1988.
9. Макридин В.П. Волк. Крупные хищники и копытные звери. – Москва, 1978.
10. Тэннер О. Медведи и другие хищные звери (пер.с англ.) – Москва, 1980.

Ж.СМАГУЛОВ

**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МИФИЧЕСКИХ КОНЦЕПЦИЙ В ЛИТЕРАТУРЕ
ТЮРКСКИХ НАРОДОВ: ТОТЕМ – СИНИЙ ВОЛК**

Для всех народов турецкого происхождения большое значение имеет тотем волка. Тюрки считали, что они произошли от волков, в том числе и казахи, все они почитают волка более других животных. Волк – свободолюбивый, мстительный, это мужское и сильное животное, и эти качества приписывались тюрками себе, подчеркивая при этом родство с Волком. Согласно мифологии тюркского народа волк является освободителем от врагов, предводителем войск, а также хранителем сирот. Народный тотем в мифологическом восприятии волка стал святым и почитаемым животным. В статье с научной позиции исследуется эволюция концепции тотема казахов и образа волка в фольклоре того времени.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: литература тюркоязычных народов, мифические концепции, методика преподавания, казахский народ, тотем, фольклор, образ волка, эволюция формирования образа волка

Z. SMAGULOV

**METHODOLOGY OF TEACHING MYTHICAL CONCEPTS IN THE LITERATURE
OF TURKS: TOTEM – BLUE WOLF**

For all peoples of Turkish origin, the wolf totem is of great importance. The Turks believed that they originated from wolves, including Kazakhs, they all revere the wolf more than other animals. The wolf is freedom-loving, vindictive, a male and a strong animal, and these qualities were attributed to the Turks to themselves, while emphasizing the relationship with the Wolf. According to the mythology of the Turkic people, the wolf is a liberator from the enemies, the leader of the troops, and also the keeper of orphans. The folk totem in the mythological perception of the wolf became a holy and revered animal. The article explores the evolution of the concept of the totem of the Kazakhs and the image of the wolf in the folklore of that time.

KEYWORDS: literature of Turkic-speaking peoples, mythical concepts, teaching methods, Kazakh people, totem, folklore, the image of the wolf, the evolution of the formation of the image of a wolf

«ӨРЛЕУ»: ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ЖАҚЫНДАУ

2017 жылдың 30 маусымында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ қызметкерлері «Көненің көзі – музейде» деп аталатын Бұқар жырау ауданының тарихи-өлкетану мұражайының көрмесінде болды. Экспозиция «Қарағанды облысының мұражай апталығы» аясында «Туған жер» бағдарламасы және Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайының 85 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Бұқар жырау тарихи-өлкетану мұражайы негізгі қордан 200 жәдігер ұсынды.

Аға оқытушылар Айткенова М.Б., Калмаганбетова Н.Т., Шадетова А.К. ауданның назар аударарлық тарихымен, XVII-XVIII ғғ. тарихи тұлғалардың, әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес қосқан жазушылар мен ғалымдардың Бұқар жырау ауданына ғана емес, республикаға танымал мұражай топтамасымен танысты. Жәдігерлер арасында қазақтың ұлттық-поэтикалық шығармашылығының айтулы өкілі Бұқар жырау, қазақтың ойшылы, этнограф, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев бар. Топтаманың көп бөлігін тұрмыс-тіршіліктің заттары, музыкалық аспаптар, жергілікті шеберлердің күміс пен сүйектен жасалған әшекей бұйымдары құрады.

Көрме келушілерді облыс мұражайында ұқыптылықпен сақталған аймақтың керемет тарихи құндылығына жақындауға, мәдени мұраны бағалауға мүмкіндік берді.

«ӨРЛЕУ»: ПРИКОСНОВЕНИЕ К ИСТОРИЧЕСКИМ ЦЕННОСТЯМ

30 июня 2017 года сотрудники филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области» посетили выставку «Көненің көзі – музейде» Бухаржырауского историко-краеведческого музея. Экспозиция организована на «Неделе музеев Карагандинской области» в рамках реализации программы «Туған жер» и 85-летия Карагандинского областного историко-краеведческого музея.

Бухаржырауский историко-краеведческий музей представил более 200 экспонатов основного фонда.

Старшие преподаватели филиала Айткенова М.Б., Калмаганбетова Н.Т., Шадетова А.К. познакомились с коллекцией музея, которая раскрывает историю и достопримечательности района, знакомит с историческими личностями XVII-XVIII вв., писателями и учеными, внесшими значительный вклад в социально-экономическое развитие не только Бухаржырауского района, но и всей республики. Среди экспонатов стенды, посвященные видному представителю казахского устно-поэтического творчества Бухар Жырау, казахскому поэту, мыслителю, этнографу Машхур Жусуп Копееву. Большую часть экспозиции составляют предметы быта, музыкальные инструменты, украшения из серебра и кости, изготовленные местными умельцами.

Посещение экспозиции позволило посетителям прикоснуться к уникальным историческим ценностям нашего региона, оценить культурное наследие, бережно сохраненное областными музеями.



УДК 373.1

Ж.А. САБИТ

ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области,
г.Караганда, Республика Казахстан
sabit.zh@mail.ru

КОЛЛАБОРАТИВНАЯ СРЕДА В ОБУЧЕНИИ КАК БЛАГОПРИЯТНОЕ УСЛОВИЕ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ

В статье рассмотрены особенности коллаборативной среды в процессе преподавания. Анализируется деятельность групповой формы обучения, как одной из самых результативных для учащихся. Актуальность темы определяется тем, что в коллаборативной среде учащиеся развиваются как в социальном, так и в эмоциональном плане. Для создания коллаборативной среды очень хорошо помогает работа в группах. Она позволяет ученикам сблизиться, учит терпимее относиться друг к другу, учит умению слышать и слушать собеседника, что в ходе групповой работы, обсуждая ту или иную проблему, ученики могут прийти к единому мнению.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: *коллаборативное обучение, эффективность групповой работы, взаимообучение, современный урок, взаимодействие, социализация.*

Современный учитель – это творческий человек. К основным качествам творческой личности могут быть отнесены такие, как умение поставить творческую цель и её достигнуть, способность к быстрому переключению мыслей, умение планировать свою деятельность и осуществлять самоконтроль, стремление к повышению профессионального мастерства путём самообразования.

Учитель находится в нестандартной обстановке, в процессе живого общения с детьми, где каждая новая ситуация требует творческого и оригинального решения. Поэтому, чтобы повысить свой творческий уровень, уровень компетентности в «школе будущего», необходимо не только увеличить объём получаемой информации, количество используемых форм и методов работы, применения новых образовательных технологий, но и создать вокруг себя такие условия, которые будут систематически побуждать к самоанализу, саморазвитию.

Внедрение в процесс преподавания и обучения теоретических основ педагогических технологий по обновленной образовательной программе, по моему мнению, действительно помогает учителю стать ближе к своим ученикам, уметь слышать их, понимать, оценивать их деятельность. Использование данной Программы позволяет учителю глубже проникнуться во внутренний мир каждого учащегося, осознать свою роль не как лидера и диктатора, а как помощника, советника, наставника, создателя подмонок [1].

Значение создания коллаборативной среды в процессе преподавания и обучения известно и доказано давно. Для того чтобы процесс обучения был эффективным, необходимо создавать в организациях образования условия, способствующие

раскрытию интеллектуального потенциала учащихся. Для обеспечения этого состояния необходимо внимание учителя к каждому ученику, к его физиологическим и интеллектуальным особенностям. Каждому ребенку очень важно ощущать себя «своим» на занятии, не бояться высказать свое мнение, знать, что любой его ответ будет услышан учителем, сверстниками и никто его не осудит за, возможно, неправильный ответ.

Коллаборативное обучение (обучение в сотрудничестве) – педагогический подход в преподавании и обучении, который представляет собой групповую работу учащихся для решения проблемы, выполнения задания или создания какого-либо продукта. В основе коллаборативного обучения лежит идея о том, что обучение – это социальная, по своему характеру, деятельность, в которой участники общаются друг с другом, и процесс обучения осуществляется посредством общения.

Коллаборативное обучение предполагает создание на уроке атмосферы сотрудничества, взаимопонимания, доброжелательности. Этому способствует проведение психологического настроя, которым я начинаю каждый урок. Одним из приемов является прием «Добрые пожелания», когда взявшись за руки, дети дают добрые пожелания друг другу. Такие тренинги как «Почувствуй надёжное плечо друга!», «Мне нравится в тебе...», «Клубок пожеланий», «Круг радости», «Поздоровайся локотками» сближают учащихся между собой, дают им возможность раскрыться, преодолеть страх, неуверенность, к тому же далее на уроке при работе в парах, в группах учащиеся чувствуют себя более увереннее, комфортнее. Для создания коллаборативной среды очень хорошо помогает работа в группах. Она позволяет ученикам сблизиться, учит терпимее относиться друг к другу, учит умению слышать и слушать собеседника, что в ходе групповой работы, обсуждая ту или иную проблему, ученики могут прийти к единому мнению [2].

Применение на уроках групповой формы работы способствует свободе творческой фантазии и учителя, и учащихся, возможности учащимся обсуждать с одноклассниками массу интересной информации, возможность излагать свою точку зрения, услышать мнение других. Эффективность групповой работы во многом зависит от самого учителя, от того насколько будет заранее продуман предстоящий урок. Групповая работа в классе будет плодотворной тогда, когда учителем будут учтены индивидуальные, возрастные, и психологические особенности учащихся. У каждого ученика имеются определенные знания, нужно всего лишь дать возможность создать условия для их проявления. Положительный результат урока будет зависеть от того, насколько учитель заранее продумает и запланирует:

1. задания, требующие участия всех членов группы. Учащиеся в группе должны чувствовать, что они все вместе, что успех каждого возможен только в случае успеха всей группы. Чувство, что от тебя зависит успех твоих сверстников, является сильным мотивом в групповой работе.

2. задания для группы должны предусматривать вынесение суждений, оценивания и обоснования, аргументирования решений.

3. задания должны соответствовать возможностям и способностям учеников.

4. необходимо предусмотреть наличие духа соревнования между группами. Группы могут получить одинаковые задания и соревноваться в нескольких категориях – самое неожиданное решение, эффективная презентация, самый доступный метод изложения материала и т.д.

5. учитель обязан подробно объяснить классу, как будут работать группы, как будет оцениваться работа. Разъясняется цель работы. Групповая работа более

успешна тогда, когда учеников оценивают на основании заранее разработанных и известных ученикам критериев оценивания.

6. ученикам необходимо привить такие навыки, которые помогут работать в группе, это – активное слушание, терпимость к другим мнениям, помощь другу в усвоении материала, умение принимать критику, не создавать, а разрешать конфликты.

В классе эти правила должны быть обсуждены и приняты учениками. Поэтому при планировании групповой работы

1. Определить цели и задачи урока:

– какие знания умения и навыки учащиеся должны усвоить;

– как будет осуществляться рефлексивная деятельность учащихся.

2. Готовить и отбирать учебный материал (текст, материал из хрестоматии, учебника, видеофильм или презентация), определять критерии оценки результатов работы учащихся.

3. Разрабатывать задания для групп в соответствии с целями урока.

4. Заранее планировать как будут сформированы группы, выбраны руководители в группах и определить последовательность работы в группах.

При формировании групп, стараться разделить так, чтобы в группе были ученики с сильным, средним и слабым уровнем успеваемости. Иногда формировать группы из слабых и средних учеников, объединив их в одну группу, но тогда задания этой группе давать более легкой или средней сложности, чтобы ориентация на успех оставалась, при этом целью является развитие самостоятельности, организованности, и уверенности в своих возможностях отдельных учеников.

На уроках стараться проводить упражнения, игры, которые позволили преодолеть барьеры в общении между учащимися, повысить взаимное доверие, сплочение их в дружную команду, развить в них потребность участвовать в дискуссиях и разговорах с классом [3].

Таким образом, при создании коллаборативной среды, применяя групповую работу на уроках, хотелось бы отметить, что повышается учебная и познавательная мотивация учеников, снижается уровень тревожности, страха оказаться неуспешным, некомпетентным в решении каких-то задач, в группе выше обучаемость (взаимообучение – сильные-слабые), эффективность усвоения и актуализации знаний, при совместном выполнении задания происходит взаимообучение, поскольку каждый ученик вносит свой вклад в общую работу, групповая работа способствует улучшению психологического климата в классе, развитию взаимоуважения, умения вести диалог и аргументировать свою точку зрения.

Практика показывает, что вместе учиться не только легче и интереснее, но и значительно эффективнее. Причем важно, что эта эффективность касается не только академических успехов учеников, их интеллектуального развития, но и нравственного. Помочь другу, вместе решить любые проблемы, разделить радость успеха или горечь неудачи – также естественно, как смеяться, петь, радоваться жизни.

Главная идея обучения в сотрудничестве – учиться вместе, а не просто что-то выполнять вместе! (таблица 1)

Таблица 1. – Характеристики традиционного и совместного обучения [3]

Традиционное обучение	Совместное обучение
Низкий уровень взаимозависимости	Высокий уровень позитивной взаимозависимости
Основное внимание сосредоточено на действиях индивидуума	Основное внимание сосредоточено на действиях группы
Учитель дает инструкции по выполнению задания	Члены группы вырабатывают различные варианты решений
Навыки работы в команде не прививаются	Основное внимание уделяется формированию навыков работы в команде
Лидер назначается и не меняется	Лидером может стать любой в зависимости от ситуации
Знания каждого ученика оцениваются учителем	Группа обсуждает качество своей работы и эффективность сотрудничества

Таким образом, необходимо сказать для того, чтобы хотя бы предельно кратко раскрыть предложенную нами тему. Ни один ответ ребят нельзя оставлять без какой-либо, хотя бы краткой рецензии, какого-либо оценочного суждения. Ибо без быстрой, объективной, точной, краткой, понятной и доброжелательной информации о результатах познавательных усилий детей процесс усвоения ими знаний, умений и навыков значительно затормаживается. Учитель должен быть как бы зеркалом познавательных усилий своих учеников. И как зеркало он должен быть объективен, точен и нелицеприятен в своей информации о том, правильно или неправильно что-то усваивает, осмысливает, делает школьник. Не зная этого, школьник недоумевает, отчего, например, недовольно поджала губы учительница и, не сказав ни слова, вызвала отвечать на тот же вопрос другого ученика. И этот другой старается уже не понять суть дела, а догадаться, какой формулировки ждет и добивается от них учительница.

Чтобы не было такого положения, в учебный климат хорошего урока входит как его важная часть постоянная быстрая и объективная оценка работы детей учителем.

Имеются в виду простые выражения типа «Точно», «Правильно», «Молодец», «А вот этого решения и я не знал – обсудим на занятиях кружка», «Здорово», «Подумай, в каком звене рассуждений ошибка», «Вот пример, факт, опровергающий такое мнение», «Найди-ка более правильное объяснение» и т. д. [1].

Ученики, обучающиеся в сотрудничестве, способствуют успехам друг друга следующим образом:

1. Оказывают и принимают помощь и поддержку, причем речь идет не только о помощи в учебе, но и о чисто человеческом, дружеском участии.

2. Обмениваются информацией и «материальными ресурсами», т.е. всем, что необходимо для выполнения задания.

3. Усваивают сведения, сообщаемые товарищами точно и беспристрастно, и стараются использовать их с максимальной пользой для себя. Устные объяснения, обдумывание и обобщение информации, передача своих знаний и навыков другим – все это приводит к систематизации знаний, к их более осознанному усвоению и к готовности внести свой личный вклад в достижение общей цели. Критически слушая объяснения товарища по группе, участник получает возможность присовокупить к своим и чужие знания.

4. Реагируют на академические успехи и поведение друг друга, т.е. в группе

налажена обратная связь. Каждый член группы, обучающейся в сотрудничестве, постоянно на виду, в поле зрения своих товарищей. Все его поступки находят незамедлительный отклик, а если он нуждается в помощи, она обязательно будет ему оказана.

5. Учат друг друга вести дискуссии и аргументировать свою точку зрения. Конфликты на интеллектуальной почве развивают любознательность, побуждают к овладению знаниями и к их переосмыслению, к более глубокому проникновению в изучаемую проблему, а также формируют много других полезных качеств и навыков.

6. Поддерживают друг друга в стремлении учиться как можно лучше.

Ученик, помогающий учиться своим товарищам, и сам начинает делать заметные успехи.

7. Оказывают влияние друг на друга. Члены группы обучающейся в сотрудничестве, используют любую возможность для того, чтобы повлиять на товарищей, и в свою очередь открыты их влиянию. Если кто-то из членов группы знает, как лучше выполнить задание, остальные с ним, как правило, быстро соглашаются.

8. Имеют четко выраженную мотивацию. Стремление к овладению знаниями усиливается благодаря коллективному труду во имя общей цели.

9. Создают обстановку взаимного доверия и поддерживают «установленную планку» на высоком уровне. Члены группы доверяют своим товарищам и стремятся вести себя так, чтобы товарищи доверяли им, что и создает условия для максимальных успехов. Взаимное доверие – прекрасная основа для высоких достижений каждого.

10. Успешно справляются со стрессами и раздражительностью. Сосредоточенность на достижении общего успеха отвлекает от собственных дел и благотворно сказывается на эмоциональном состоянии учащихся [3].

Мы должны: – видеть в каждом ребенке в первую очередь личность, любить, уважать его интересы и потребности, узнавать эти потребности и помогать ему реализовать их;

– на уроках дифференцированно относиться к каждому ученику, учитывая уровень его развития, его способности и компетенции;

– любить свой предмет, нести ответственность за качество его преподавания, воспитывать у учащихся уважение и любовь к нему.

Об успешности коллаборативной среды в процессе преподавания и обучения известно и доказано давно. «Коллаборативное обучение (англ.-collaborative learning)-образовательный подход к преподаванию и обучению, предполагающий совместную работу групп учителей или учащихся при решении проблемы, выполнении задания или создании продукта. В основе коллаборативного обучения лежит идея о том, что обучение – это социальная, по своему характеру, деятельность, в которой участники общаются друг с другом, и процесс обучения осуществляется посредством общения». Коллаборативный класс представляет собой класс, в котором учитель понимает меру своей ответственности, не ограниченной лишь рамками преподаваемого предмета. Успешность обучения и преподавания заключается в создании атмосферы, позволяющей личности чувствовать себя свободно и безопасно в процессе обучения. Каждый ребенок, приходя на урок, несет с собой какие-то собственные проблемы: семейные, некачественно выученный урок, цели обучения которые он не достиг. Вместе с негативными эмоциями ученик приходит и с эмоциональным всплеском: прошедший на «отлично» урок, замечательно написанное эссе, классно решенная задача по математике. И для того чтобы переключиться на другой урок, ему необходимо время. Зачастую это «время» учитель не предоставляет ученику. В результате, в лучшем

случае, такой ученик выпадет в начале урока, возможно и с половины урока, но в худшем случае из всего урока. Для создания доброжелательной атмосферы на уроке, переключения и сосредоточения внимания, необходимым условием каждого урока должна быть коллаборативная среда. Основой коллаборативной среды выступает доверие. Создание доверительной обстановки на уроке – это большой процент успешности урока [4,6].

В групповой работе сосредоточен большой учебно-формирующий потенциал. Взаимопользная среда, в которой ученики связаны между собой необходимостью общения друг с другом для решения учебных задач, раскрывает весь потенциал, который доселе не был использован. Кроме того, в ходе групповой работы на уроках, с целью повышения познавательного интереса школьников, учитель имеет возможность применять различные стратегии. Так, например, используя стратегии критического мышления, педагоги вовлекают школьников в работу в группах, а применение стратегии диалогового обучения побуждают учащихся к активному обсуждению проблемных вопросов и дискуссии о причинно-следственных связях. Следует обратить внимание и на то, что в коллаборативной среде учащиеся развиваются как в социальном, так и в эмоциональном плане, то есть имеют возможность общаться со сверстниками, защищать и представлять свои идеи, обмениваться мнениями, принимать активное участие во взаимооценивании и оценивании самих себя. Таким образом, коллаборативное (групповое) обучение, то есть «...обучение в сотрудничестве, является личной философией обучающегося, а не только методом, используемым в классе [5,6].

Участниками секционного совещания стали педагоги и тренеры предмета «Самопознание», специалисты отделов нравственно-духовного развития человека областных управлений образования, сотрудники ННПООЦ «Бөбек». Карагандинский филиал АО «НЦПК «Өрлеу» на совещании представляла тренер центра уровневых программ Ж.Е.Кантарбаева.

На секции были обсуждены ключевые вопросы реализации Программы НДО «Самопознание» в контексте реализации Послания Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», особенности учебно-методических комплексов обновленного содержания, вопросы интеграции самопознания в целостный педагогический процесс пилотных организаций образования, обозначен широкий круг вопросов организационно-методического характера.

Участниками совещания подчеркнута необходимость объединения усилий всех заинтересованных структур для обеспечения высокого качества внедрения программы нравственно-духовного образования «Самопознание».

Представлены модели профессионального развития педагогов самопознания, которые станут ориентиром деятельности филиала по данному направлению на предстоящий период.



М.МОНТЕССОРИДІҢ ДАМУШЫ МАТЕРИАЛДАРЫ

Мақалада Монтессори-материал педагогикалық білімдік-дамытушы ортаның негізгі құраушысы ретінде қарастырылған. Монтессори-материалдар бес саланы: практикалық өмір жаттығуларын, сенсорлық материалдарды, тілдік материалдарды, математикалық материалдарды, ғарыштық тәрбие материалдарын қамтитын, нақты құрылымдалған, логикалық сипатта құрылған материалдар. Дамытушы материалдардың басты ерекшеліктерінің бірі—көңіл-күйлік, танымдық, тілдікжәне әлеуметтікүдерістердің базасы болып саналатын қимыл-әрекеттік және сезімдік жаттығуларға бағытталғандығы. Сондай-ақ бұл еңбекте Монтессори-материалдың баланың өздігінен іс-әрекет жасауға ниеттенуі мен қарекеттенуінен оның әртүрлі дағдыларды қалыптастыратындығы, сондықтан өз тәжірибесі нәтижесінде табиғат пен заманауи өркениетті түсінуге жетелейтіндігі ерекше аталып көрсетілген.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: Монтессори-материал, практикалық өмір жаттығулары, сенсорлық материалдар, тілдік материалдар, математикалық материалдар, ғарыштық тәрбие материалдары.

Барлық балалар данышпан болып туады.
М.Монтессори

Тұлғаны тәрбиелеу мәселесі, әрбір баланың әлеуметтенуі мен өзін-өзі табысты таныту шарттарының қамтамасыз етілуі – орта білім берудің мазмұнын жаңарту кезеңінде де маңызды болып қала бермек. Әрбір балаға жекеше тұрғыдан қарау, білім берудің инновациялық әдіс-тәсілдері мен технологияларының көптүрлілігі мен көпнұсқалылығы әр баланың қызығушылығын ескеруге бағытталған және оның әлеуетінің ашылуына жетелейді.

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінің негізі саналатын өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту еркіндік пен тәртіп ұғымдарын қамтып, баланың бойында дербестіктің және бірлескен бағыныштылық қағидасын ұстануға бейімдіктің дамуын жұптастырады, тұлғаның еркін және табиғи көрінуіне құрметпен қарайды.

Тереңізгіліктік, тәрбиелік-білімдікжүйенің біртұтастығы мен жоғары технологиялық Монтессоридің педагогикалық жүйесінің әлемнің көптеген елдерінде табысты ендірілуі мен дамуына жол ашуда.

Әрбір баланың өзінің білім алу және даму бағдарламасын құра білуі мен жүзеге асыруы үшін сабақты, оның ұзақтығын, жиілігін, мазмұнын, жұмысты бірге атқаратын әріптесін, басқадан көмек сұрау немесе одан бас тарту мүмкіндігіне ие болу сияқты мәселелерде таңдау еркіндігі берілуі керек. Ал бұл үшін алдын ала даярланған білімдік-дамытушы орта қажет. Тек осындай шартты жағдайда ғана әр бала Монтессори-материалдың көмегімен өзінің дербес бағдарламасы бойынша оқып, өздігінен білім ала алады.

Монтессори-материалдар – педагогикалық білімдік-дамытушы ортаның негізгі

құраушысы, ол баланың өзіндік ерекшелігіне сәйкес қалыптасқан дербестігі арқылы өз дамуын реттеуге ниеттендіріп, қанаттандырады.

Монтессори-материалдар айқындылығы, құрылымы мен логикалық бірізділігі деңгейі бойынша бала дамуының ең жоғары сезімтал мерзіміне сай келеді. Біздің жұмыс тәжірибемізден байқағанымыздай, бұл мерзімдер дарындылықты айқындауға мейлінше ыңғайлы кезең, сондықтан дамытушы материалдар көмегімен тиімді қолданылуға жарамды. Бала үшін Монтессори-материал оның өз тәжірибесі нәтижесінде табиғат пен заманауи өркениетті түсіндіретін дүниенің кілті.

Монтессори-материал баланың өздігінен іс-әрекет жасауға ниеттенуі мен қарекеттенуінен оның әртүрлі дағдыларды қалыптасады. Ол алдына мақсат қояды және оған жетудің жолдарын табуды үйренеді. Бейімделген білімдік ортаның құралдарымен дидактикалық мақсатқа бағытталған сезімдік іс-қимыл жалпы, көңіл-күйлік, тілдік және әлеуметтік дамуға әсер етеді.

Монтессори-материалдар тереңнен, пәндердің ішкі өзегінен келетін байланыстарды айқындайтын «назарды жинақтауға» жетелейді, бұл жаттығуларды қайталау үдерісінде байқалады. Осылайша, еріктілікпен таңдап алынған қарекеттің мәніне қол жеткізіледі [1].

Балалардың үлкендерден тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін Монтессори-материалдар қатені қадағалауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша бала өз қатесін өздігінен тауып, түзетуге тиісті. Егер қателесу бола қалса, ол оны бірден түзетеді, бұл дәлдік пен іскерлікке үйретеді.

Монтессори-материалдар – педагогикалық білімдік-дамытушы ортаның құраушысы ретінде бала үшін әртүрлі кубиктердің, алтын алқалардың, «музыкалық» цилиндрлер мен үшбұрыштардың сиқырлы патшалығы бола алады.

Монтессори-топтың құрал-жабдықтарын атап көрсетейік.

Сенсорика: түймеленген рамкалар; қызғылт мұнара; қоңыр сатылар; қызыл штангалар; түрлі-түсті №1-4 жазба көрсеткіштер; өзара кигізілетін цилиндрлік блоктар; геометриялық комод; металлдан жасалған өзара кигізілетін рамкалар; әртүрлі иісті коробкалар; шуылдақ коробкалар; қоңыраулар; ауыр жазба көрсеткіштер; мата кесектері салынған жәшіктер; түрлі-түсті жазба көрсеткіштер; саусақпен сезуге арналған тақталар; клавишті тақта.

Математика: сандық штангалар; Сеген тақтасы; алтын әріпті материалдар; сандық материал; ұршықтар; кедір-бұдыр сандар; геометриялық денелер; алтын материалдар; құрастырмалы үшбұрыштар; түрлі-түсті цилиндрлер.

География: Қазақстанның, әрбір облыстың карталары; Глобус; Қазақстанның атласы; материктердің жинағы.

Тіл дамыту: кедір-бұдыр қағаздан жасалған әріптер; үлкен қозғалмалы әліппе, жазба әріптер; шағын қозғалмалы әліппе, баспа әріптері; көршікелер және т.б.

Биология: биологиялық комод; өсімдіктер атласы; жануарлардың аттары жазылған трафареттер; үстелдегі зообақ; «Логикалық-сәби» – табиғат; «Ауа райы» бақылау панносы.

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін кешенді сипатта қарастыру ондағы білім алуға сұранысы ерекше балалар үшін жасақталған арнайы материалдардың маңыздылығын мойындатады. Өкінішке орай, Монтессори педагогикасын атүсті қолданушылардың көпшілігі ондағы осындай сыртқы мәселелерге ғана назар аударып, оның педагогикалық, психологиялық, медициналық және философиялық негіздерін мүлде ескермейтіндігін тағайындай аламыз. Сондықтан да осы материалдардың сипаттамасын беру үшін алдымен М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінің түпқазығы



– бала, ал материал тек оны дамытатын көмекші құрал екендігін ескерте кеткенді жөн санаймыз.

Аталмыш дамытушы материалдар Ж.Итардың, Э.Сегеннің, Ф.Фребельдің дидактикалық материалдары негізінде, сондай-ақ М.Монтессоридің өз тәжірибелерінің өзегінде жасақталған. Бұлар балалар кез келген уақытта, жеңіл шкафтардың аласа сөрелерінен емін-еркін алып қолдана алатын болғандықтан арнайы даярланған қоршаған ортаның кіріккен бөлігі саналады. М.Монтессори педагогикасының сынып-сабақтық жүйеден бас тартқандығы себепті балалар бөлме ішінде еркін қозғалып, өз орны мен уақытын өз қалауымен шешеді. М.Монтессори-дәрігердің қатты сынына ұшыраған, бекітілген парта-орындықтар орнын балалар құлшына ойнайтын түрлі-түсті кілемшелер алмастырған [2].

Монтессори материалдарының нақты құрылымдалып, логикалық сипатта даярлануы бала дамуының сензитивті фазасына сәйкеседі, бала өмірінің алғашқы жылдарындағы абсорбирленген ақпаратты, яғни оны санасыз ауқымнан саналы ауқымға ауысуын реттейді. Монтессори материалдарының айқын логикасы оның өзіне жүктелген қатені бағалау қағидасымен жұптаса келе баланың дербестігінің негізін құрайды. Дамытушы материалдардың басты сипаттамаларының бірі моторлық мен сенсорлық жаттығуларының бағдарланғандығында, бұл М.Монтессоридің пікірінше көңіл-күйлік, когнитивтік, тілдік және әлеуметтік үдерістердің базасы саналады. Сондықтан да сипатталмақшы жүйедегі Ж.-Ж.Руссо педагогикасынан нәр алатын маңызды ережеде «нақтыдан абстрактіге», нақты пәнді сипалап қолда ұстаудан оның абстрактілік мәнін түсінуге: «қармаудан қапсыра құшақтауға, яғни түсінуге» («Vom Greifen zum Begreifen») делінген.

Монтессори материалдары бес саланы қамтиды:

1. Практикалық өмір жаттығулары.
2. Сенсорлық материалдар.
3. Тілдік материалдар.
4. Математикалық материалдар.
5. Ғарыштық тәрбие материалдары.

Тілдік және математикалық материалдарды дидактикалық материалдар деген жалпы атауға біріктіреді.

Практикалық өмір жаттығулары ең алдымен баланың қозғалысқа деген табиғи сұранысын қанағаттандыруға бағдарланған. Балалар өмірінің алғашқы жылдарында қозғалысты дәлме-дәл меңгерудің сензитивті фазасын өтеді, және де моторлықты дамытуға мақсатты бағытталған жаттығулар оларға қозғалысты үйлестіруге көмектеседі, қозғалыстың дәлдік дәрежесін арттырады. Монтессори-педагогикасы жеке жаттығулармен қоса топтық іс-әрекеттің бірнеше түрін қамтиды. Ондай жаттығуға, мысалға, түзу сызық бойымен жүру жатады.

Практикалық өмір жаттығуларына үйде орындалатын кейбір іс-әрекеттерді де қосуға болады. Мұндай жаттығуларды орындаушы бала үлкендердің іс-қимылын қайталайды. Осылайша тұрмыстық дағдыларды меңгеруден ол тәуелсіз болып, дербестікке қол жеткізеді, өзіне деген сенімі, өзіндік бағалауы артады.

Баланың барлық іс-қимылдың кешенді құрылымындағы әрбір бөлікті дұрыс орындай алуы мұғалімге тікелей байланысты, өйткені табысқа жету үшін ол қозғалысты баяу, әрі дәлме-дәл көрсетуге міндетті. Артық айтылған сөз сияқты артық жасалған қимыл да баланың назарын басқа жаққа бұрып, шатастыруға әкеледі.

Практикалық өмір жаттығулары - қозғалысқа тәрбиелеу, қоршаған ортаға қамқорлық таныту, өзіне қызмет жасау, әлеуметтік қарым-қатынастар сияқты төрт саланы қамтиды. Осы төрт саладағы дағдыға жаттығу үшін М.Монтессори арнайы

материал жасақтады немесе бұрыннан белгілі «үлкендердің» материалы балаларға арналып бейімделінді [3].

Қозғалысқа тәрбиелеу мына іс-қимылдарды орындайтын материалдармен берілген: сапыру (қасықпен, ұнтақ заттарды), қайта себу, қайта құю (пипетка, шприц, пробиркадан құмыраға дейінгі әртүрлі ыдыстардан); гүлге су құю; қағазбен жұмыс (қию және тілу); илеу (оқтау, пышақ); сурет салу (қарындаш, кисть, бор, ішкі және сыртқы жиектері бойымен сызу жүргізілетін металл пішіндер); (моншақты жіпке тізу); тігу (түйме қадау); тоқу және іс тігу («Үштүсті бұрым»); бұрап жабу (ыдыс қақпағын, кілтпен құлыпты); ілгектеу (түймені, кнопканы, жапқышты, түйреуішті, күршекті), жіп байлау, түю (шнур, лента); заттарды тасымалдау (орындықты, кілемшені, дидактикалық материалдар салынған табақшаны).

Қоршаған ортаға қамқорлық таныту мына жаттығулардан көрінеді: гүлге су құю (бақшадағы жұмыс); шаң сүрту; еденді сүрту; ыдыс-аяқ жуу; өз кілемшенді орау; материалды қайта орнына қою.

Өзіне қызмет жасау мына іс-қимылды қамтиды: заттарды, шүберекті жуу, үтіктеу, бүктеп жинау; аяқ киімді тазалау; сырт киімнің бөліктеріне түйме тағу, түймелеу, жіп байлау; қол жуу; шаш тарау/бұрымдау; киімді кию және шешу.

Әлеуметтік қарым-қатынастар дағдысын бекітетін жаттығулар: лента байлау (сыйлықты орау); амандасу және қоштасу түрлері; ойын ережесін орындау; басқа баланы құрметтеу (мысалға, басқа бала ойнап отырған кілемшені мұқият айналып өту); өтініш жасау; күте білу (мысалға, қажетті материалды); алғыс білдіру; «тыныштыққа» құлақ салу [4].

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан байқағанымыз, бір жаттығу бірнеше міндеттерді атқарады.

Практикалық өмір жаттығуларының басқалардан айырмашылығы баланың өмір сүріп жатқан заманын, салт-дәстүрін, ел мәдениетін сипаттайтындығын айта кету керек. М.Монтессори ХХ ғасырдың басында Италияда қолданған кейбір материалдардың ХХІ ғасырдың басында Қазақстанда маңызды болмай қалуы түсінікті жағдай. Монтессори-педагогикаға аймаққа және сол кезеңге маңызды емес материалдардан бас тартқызатын, сәйкес келетінді іздетіп тапқызатын локальдық-темпоральдық құраушының жиі-жиі енгізілгені осылайша түсіндіріледі.

Физиологиялық әдіске басымдылықпен негізделген Монтессори-педагогикада сенсорлық тәрбиеге көбірек көңіл бөлінеді. Осы сезім мүшелерін дамытуға арналған сенсорлық материалдар қабылдау спектрін кеңейтіп, әрбір жекелеген сенсорлық функцияны ұштай түседі. Дегенмен мұндай материалдардың мәнділігі біршама кең. Сенсорлық тәрбие зияткерлік тәрбиенің базалық негізін құрайды. Оның дәл осы сипаттамасын М.Монтессори аса маңызды деп таныды. Сенсорлық жаттығулардың мақсаты сезім мүшелерінің функциялық қызмет атқаруын жақсартуда емес, дифференциалданған қабылдауды жасақтауда: «Сезімді тәрбиелеудің мақсаты қайталама жаттығулардың көмегімен ынталандыруды ерекшелей қабылдауды жетілдіре түсу». Басқаша айтқанда, басты назар физиологиялық жаттығуларға емес, когнитивтік үдерістерге түспек: қабылданғандардың барлығын танып-білу, түсіну және ретке келтіру бейімділіктері. Сенсорлық жаттығулар тиімді қабылданатын жас мөлшері ретінде М.Монтессори 3-6 жас аралығын атады [5].

Дидактикалық тұжырымдама бұл жағдайда жекелеген сапалық қасиеттер (сезімдер) мен күрделілік деңгейлерін оңашалау қағидасына құрылған.

Жаңа материалдармен қарқынды жұмыс атқарылғаннан кейін сенсорлық тәжірибе барысында айқындалған ұғымдар вербальды түрде жасақталуға тиісті. Ұғым мен оның сөздік эквиваленті арасындағы байланысты тағайындау және бекіту үш кезеңді (үш



сатылы) сабақ негізінде өтеді, бұл идеяны М.Монтессори Э.Сегеннен үйренген:

1 кезең: Зат мен оны аталуы арасындағы ассоциативті байланысты тағайындау; соңғыны тәрбиеші ақырын және айқын дыбыстайды.

Тәрбиеші: «Бұл-қызыл!»

2 кезең: Байланыстарды қайта жаңғырту, заттарды оның аталуы арқылы таныту.

Тәрбиеші: «Маған қызылды бер!»

3 кезең: Заттың сөзбен айтылуын бекіту, пассивті лексиканы белсенділендіру.

Тәрбиеші: «Мынау қандай?!».

Бала: «Бұл-қызыл!»

Материалдарды сенсорлық функциялардың әртүрлі мақсаттық топтамаға жіктеу төмендегі классификациялауға әкеледі:

1. Көру арқылы қабылдау:

- өлшемдерді айыра білу («Қызғылт мұнара», «Қоңыр баспалдақ», қызыл ағаш кесегі, кигізілетін цилиндрлер);

- пішіндерді айыра білу («Геометриялық комод», («Биологиялық комод», «Конструктивті үшбұрыштар», геометриялық денелер);

- хроматиялық сезімдер (түстерді айыру), (әртүрлі табақшалар);

- көру және стереогностикалық сезімдер (Қолмен ұстап айыру), (әртүрлі заттар салынған «Құпиялы қапшықтар»);

2. Тактильді қабылдау:

- кедір-бұдыр және тегіс беттерді айыра білу. Алақанға және табанға арнап жасақталған жаттығулар.

3. Барилік қабылдау:

- ауырлық дәрежесін айыра білу (пішіні бірдей, бірақ ауырлығы әртүрлі барилік тақтайшалар).

4. Есту арқылы қабылдау:

- акустикалық белгілерді айыра білу (қоңыраулар, түрлі заттар салынған банкалар, аудиожазбалар).

5. Термиялық қабылдау:

- температураны айыра білу (металлдан жасалған «Термиялық табақшалар», ағаш, пластика, басқа да материалдар).

6. Дәмімен қабылдау:

- дәмдік сапасымен айыра білу (тәтті, қышқыл, тұзды, ащы және басқа қоспа ерітінділер).

7. Иіспен қабылдау:

- иісті айыра білу (әртүрлі иістері бар заттар құйылған бөтелкелер).

Осылайша, сенсорлы жаттығулар баланың зияткерлік дамуына әжептеуір мөлшерде көмектеседі. Қабылдау, салыстыру, реттеу, жұптастыру, еске сақтау, қайта жаңғырту – осылардың барлығы ойлау үдерістерінің түрлері. Ендеше, сенсорлы жаттығулар баланың одан кейінгі когнитивті, сонымен қоса тілдік (мұнда ең алдымен оқи білу) дамуының базасын және абстракты-математикалық ойлауды қалыптастырады [6].

Тілдік даму тек бала үшін ғана емес, бүкіл адамзат қауымы үшін де шешуші мәнге ие. Коммуникациялық құрал ретінде тіл мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және сақтау сияқты маңызды әлеуметтік функцияны орындайды. М.Монтессори тілді ұлтты біртектілендіру факторы ретінде таныды.

Балабақшаға келген бала әдетте тілді меңгерудің сензитивті кезеңін бастан кешеді. Ол өзінің сөздік қорын толықтыруға деген үлкен қажеттілікті сезінеді. Монтессори-педагогика ойды айқын жеткізу, логикалық пікірді қалыптастыру қабілеттерін

жаттықтыратын кең ауқымды жаттығуларды ұсынады; мұндай жаттығуларға балалармен әңгімелесуді, әрқилы тілдік ойындарды, өз тарихын ойдан шығаруды жатқызамыз. Осылайша, тілдің ойлау үдерісімен тығыз байланыстылығын, олардың өзара шартталғандығын көреміз.

М.Монтессори әдісімен тілді дамытуға дайындалуы бірізді өтетін жазу мен оқу жатқызылады. Тілдік материалдар басқа да материалдар сияқты баланың сұранысына, жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкеседі: даму дәрежесі төмен бала өзі талқылай алуға қабілетті нақты затты қажетсінетін жерде, дамуы орташа немесе одан сәл үлкендеу бала «аралық» шешім ретінде талқыланатын зат салынған сурет ұсынылу мүмкін, ал дамуы жоғары балаға немесе оқушыға әңгімеге арқау болатын ұғымды түсіну үшін аты жазылған көртішке де жеткілікті. Мұндай жағдаяттарды ескеру соған сай материалдарда берілген.

Монтессори-педагогика ауқымындағы жазу мен оқуға практикалық өмір жаттығулары мен сенсорлы жаттығулар жанама дайындық бола алады. Жазуға дайындық ретінде практикалық өмір аумағындағы қозғалысқа тәрбиелеу, кигізілмелі цилиндрлермен, геометриялық пішіндермен және басқа да жаттығулармен атқарылатын жұмыстарда қолдың ептілігін дамытушы жаттығулар қарастырылған. Жаңа заттармен, ұғымдармен және олардың сөздік белгіленуімен танысу лексикалық қорды байытады және сәйкесінше оқуға жанама дайындық бола алады. Есту арқылы қабылдауды дамытушы жаттығулар дұрыс айта білуді жаттықтыруға негізделгендігімен бағалы.

Жазу мен оқуға дайындықты төмендегідей беруге болады:

1. Сөздік қорды байыту, оны құрамындағы «саусақты» ойындар, әндер, тақпақтар, «нақтыдан абстрактіге» қағидасы бойынша құрылған жаттығулар: зат- заттың суреті - заттың атауы жазылған көртішке.

2. Жазуға кіріспе металл пішіндермен жұмыстан тұрады (контурдың үстінен жүргізу, пішіндерді штрихтау); дыбыстық ойындар; наждақ қағаздан жасалған әріптермен, қозғалмалы әліпбимен жұмыстар.

Өзінің жазуға үйрету әдісін М.Монтессори «өздігінен жазылу» әдісі деп атады, мұның ең маңыздысы наждақ қағаздан жасалған үлгілер көмегімен әріптер жазуды зерделеудің ерекше әдісі. Бала өзінің сұқ және ортаңғы сақсақтарымен әріптерді жазылу бағытында айналдыра сызып шығу арқылы тактильді, бұлшық еттік сезінумен әріп бейнесін меңгереді. Осылайша баланың жазуға деген қабілеті жылдам қалыптасады. Оқи білу үрдісі сәл ұзақтау болады, өйткені оқи білу «абстрактілі ойлау мәдениетін» дамытады. Осыған орай М.Монтессори «жаппай» оқу ұғымын ендірді, оның сөзді механикалық оқудан айырмашылығы бар, мұнда оқылғанның мағынасын есте ұстап қалу және талдай білу талап етіледі.

3. Оқи білуге кіріспе сөздік көртішкелердегі жаттығуларды, тапсырма жазылған көртішкелерді, күрделілігі әртүрлі дәрежедегі оқуға арналған кітаптарды қамтиды.

Математикалық материалдар – арнайы даярланған қоршаған ортаның логикалық сипатта құрылымдалған бөлігі. М.Монтессори материалдарының барлығына тән мұндағы ерекше қасиет - сабақтастық материалдар тобының бірінен екіншісіне оңай алмасуын қамтамасыз етеді. Практикалық өмір жаттығуларын және сенсорлық жаттығуларды орындауды қандай да бір материалдар тобына жатқызу қиын. «Қызғылт мұнара», «Қоңыр баспалдақ», кигізілетін цилиндрлер қолданылатын жұмыстарды орындау кезінде балалар өздері байқамай математикалық білім жинақтайды. Сенсорлық және моторлық тәжірибе арқылы бала ойы негіздеуші математикалық ұғымдарды «сіңіреді» [7].

Математикалық материалдар «сенсорлықпен» ұштасқан кезде олардың ұқсастығы байқалады. Мысалға, математикалық материалдардағы көк-қызыл ағаш



кесектері өздерінің өлшемі және безендірулері тұрғысынан балаларға бұрыннан белгілі «сенсор материалдардағы» қызыл ағаш кесектерін қайталайды. Кез келген материалдар тобы сияқты математикалық материалдар да «қарапайымнан күрделіге», «нақтыдан абстрактіге» қағидалары ұстанады. Егер математикалық білімнің жоғары абстрактілік деңгейінде берілетіндігін ескерсек, бұл қағидалар мұнда ерекше маңызды бола түседі. Баланың материалдармен жұмыс атқарған бірінші кезеңде алған нақты тәжірибесі одан жоғарырақ сатыда абстрактілі білімге түрленеді. Математикалық материалдардағы осы қағида арифметика мен геометрияның тығыз байланысын көрсетеді: мысалға, «Алтын моншақ» сияқты материалдың түрі баланы тек сандар жүйесіне және олармен амалдар орындаумен ғана шектелмей, сонымен бірге бірлікті нүкте түрінде, ондықты сызық, жүздікті шаршы, мыңдықты текше түрінде ұғындырады. Абстрактілі математикалық ұғымдардың мәнін осылайша «жаңалықпен ашу» өкінішке орай дәстүрлі мектептерге тән, өмірге қатысы болмайтын құрғақ заңдар жиынтығы ретінде емес, математикаға «тірі» білім ретінде қызығушылықты «сіңіреді».

Математикалық материалдар кең ауқымды болғанымен олардың бірыңғай классификациясы әзірге жоқ. Оның негізгі таруларын төмендегідей беруге болады:

1. Сандар 0 және 10 арасында (көк-қызыл сандық ағаш кесектер; наждак сандар; «Сандар мен фишкалар» (тақ-жұп).

2. Децимальды жүйеге кіріспе («Алтын моншақ» топтамасы; сандар кескінделген көртішкелер).

3. Негізгі санау амалдары: қосу, алу, көбейту, бөлу («Жыланмен ойнау», есептеулер; көбейту, бөлу... тақталары).

4. 1000 санға дейін есептеу («Сеген тақтасы»; түрлі-түсті моншақтар тізбесі).

5. Бөліктер.

6. Прогрессия.

7. Түбірлер.

8. Жазықтықтар мен көлемдерді өлшеу.

Ғарыштық тәрбие тұжырымдамасы М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінде басқа салалармен салыстырғанда өзінің құрылымдық жағынан күрделілігімен ерекшеленеді. Бұл тұжырымдаманы екі қырынан қарастыруға болады:

- философиялық қыры («ғарыштық теория») теориялық база ретінде және

- дидактикалық қыры («ғарыштық тәрбие»), өзінің теориялық негізінсіз мәнсіз.

М.Монтессоридің ғарыштық теориясы теология мен жаратылыстанудың күрделі синтезі болып табылады. Ғарыштық тәрбие тұжырымдамасының басты идеясы - бүкіл әлем бойынша бірыңғай жоспардың, сонымен қатар Жердің, ондағы барлық тіршілік түрлерінің дамуының болатындығы жәйлі ұғымнан туындайды. Осы жоспарға сәйкес әрбір тіршілік иесі өзінің ғарыштық тапсырмасын орындайды, табиғаттың үйлесімділігіне өз үлесін қосады. Адам белсенді әсер етуші күш ретінде өзінің өмірлік кеңістігін жетілдіруге, мәдениетті құруға жаратылған. М.Монтессоридің пікірінше, адамның зияткерлік және сенсорлық қабілеттерінің дамуы осы креативті ғарыштық тапсырмаға қарыздар. Бірақ, адамзат мәдениетті құрғанымен, өз міндетін анықтай алмады – бірыңғай үйлесімді және әмбебап қоғам құруға жауапкершілігін толық сезінбеді. М.Монтессори бұл күрделі мәселенің шешуін жаңа ұрпақтың «тікелей дайындығынан», мақсатты ғарыштық тәрбиеден көре білді. Әмбебап оқу жоспары әлем және ғарыш туралы, олардың үзілмейтін байланыстары ұғымын білдіретін білімнің әртүрлі қырларын біріктіруге тиісті. Ендеше, келер ұрпақтың ғарыштық жауапкершілігі тәрбиесінің теориясы мен практикасында экологиялық тәрбие идеясы көрініс береді.

Ғарыштық тәрбие теориясының дидактикалық қыры көптеген салаларды қамтиды: география, тарих, өнер, этика, физика, биология (ботаника, зоология,

эволюция), антропология (адам туралы білім), қоршаған ортаны қорғау және т.б. Осы пәндермен танысу әрқашанда ең негізгі жалпы ұғымнан нақты бөліктерге біртіндеп өтумен басталатындығын айта кетуге болады:

1. География: глобусы (құрғақ-мұхит; әлемнің бөліктері; географиялық ақпарат; саяси бөлшектену), әлем картасы (жануарлармен, өсімдіктермен), әртүрлі елдермен таныстыратын суретті кітаптар (фауна, флора, оны қоныстанған халықтар), мозайкалық карта (әлемнің, дүниенің жекелеген бөліктері, жекелеген елдердің картасы), тулары, жекелеген елдердің картасы (әкімшілік бөліктері, астанасы, тулары), балалардың өз бетімен жасаған альбомдары.

2. Метеорология: ауа райы күнтізбесі, термометр, барометр.

3. Антропология, тарих, өнер, этика: адамның физикалық құрылымының сұлбесі, адамның мінез-құлқы (ымдауы, ишарасы), адамның физикалық жағдайы (денсаулығы, ауруы, мүгедектігі), адами мәдениет (отбасы, кәсібі, нәсілі).

4. Физика: сумен тәжірибе, ауамен және отпен тәжірибе, жылумен тәжірибе, - оптикамен тәжірибе, акустикамен тәжірибе, магнитпен тәжірибе [8].

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, материалдардың білімнің қандай да бір саласына ғана қатыстылығын айту қиын. Баланы мысалға, егер Африка қызықтыратын болса, онда ол географияның, тарихтың, өнердің және басқа да салалардың элементтерімен кездеседі. Ғарыштық тәрбие идеясының өзекті құрайтындығының мәнісі – барлық элементтердің тығыз өзара бір-бірімен байланыстылығында, өзара шартталғандығында, бір-бірінен бөлектене өмір сүре алмауында.

Монтессори-материалдары қолданылатын жұмыстардың барлық түрлері сөтке ішінде өзінің уақыттық кеңістігіне ие болады, олар өзара кезектесе қолданылып, бірін-бірі толықтырып отырады. Жұмыстың қандай да бір түрін таңдау тәуелді болып келетін жағдайларға жатады:

- балалардың оны зерделеу деңгейі әртүрлі (Монтессори-материалдардың жаңасын ұсынғанда оның тұсаукесерін жасау қажет);

- меңгерудің күрделілігі (математикалық Монтессори-материалдарды «шеңбер бойымен» жұмыс жасағанда және тұсаукесерді қайталап көрсеткенде бірнеше рет қолдану керек);

- ақпараттың көлемі («ғарыштық» тәрбие материалдарын зерделеген кезде балалардың көпшілігі қиналады).

Әрбір бала өзіне қажетті Монтессори-материал құралымен өздігінен жұмыс жасай алуы үшін біз оларды негізгі аймақтарға орналастыруға тырысамыз.

Практикалық өмір аймағы. Бұл топтың материалдарымен жүргізілетін жаттығулар балаларды күнделікті тұрмысқа дайындайды. Материалдарды іздестіріп жинақтайтын да, оларды тақырыптық жүйелеп жасақтайтын да педагогтардың өздері: қоршаған ортаға және адамға деген ізгілікті қамқорлық, гигиеналық мәдениет дағдыларын қалыптастыру, әдепті мінез-құлықты жасақтау, қозғалыстың үйлесімділігін дамыту. Осыған қоса біздер материалдарда қалыптастырылатын мәдениеттің жасақталған ортасына қатысты берілуін, ондағы өмірлік салт-сана мен тұрмыстың өзгеріссіз берілуін өзімізге міндет етіп қойдық [9].

Сенсорлық даму аймағы. Зияткерлік пен сезімді дамытуға арналған берік негізді қалыптастыратын материалдар. Мұнда беттің және сол сияқты басқа да дүниелердің құрылымының, өлшемінің, температурасының, салмағының, пішінінің, түсінің қасиеттерін анықтайтын жаттығуларға арналған материалдар, материалда қандай да бір сапа немесе қасиетті ерекшелейтін кешендер орналасқан. Материалға салынған «қатені тексеру» оларды баланың қолданған кездегі дербестігіне бағытталған. Материалмен өздік жұмысты жасай білу мүмкіндігінің дәрежесі – қандай да сапаны



табысты зерделеудің кепілі.

Математикалық даму аймағы. Математиканы құраушы абстрактілік ұғымдарды танып-білуде сенсорлық тәжірибенің болуын қамтамасыз ететін материалдар. Оны зерделеуге жанама дайындық практикалық және сенсорлық аймақтың материалдарына жүктелген. Мұнда сондай-ақ арифметикалық амалдарға үйрететін, нақты заттармен жұмыс жасаудағы сандардың өзара әсерін тереңнен қабылдататын материалдар берілген.

Лингвистикалық даму аймағы. Балаға туған тілінің ерекшеліктерін ұғындыратын және оған ешбір қиындықсыз оқу мен жазуға үйретуге мүмкіндік беретін материалдар. Әріптердің сұлбесімен таныстыратын, әріптерден сөзді құрастыратын, қолдың жазу үшін қажетті ұсақ қимылы мен қозғалыс үйлесімін дамытушы, сөз қорын кеңейтуші және байытушы, барлық тілдер үшін ортақ элементтерді бөліп алуға арналған материалдар.

«Ғарыштық» тәрбие аймағы. Балаға болашақ ғылыми білімнің негізін қалайтын қоршаған ортаны қабылдауды реттеуге көмегін тигізетін материалдар. «Ғарыштық» тәрбие материалдарымен атқарылатын жұмыстағы сенсорлық зерттеулер ғылыми-зерттеушілік және практикалық-қолданбалы сипатқа ие. Тірі және өлі табиғат объектілері туған өлке табиғаты мен бала жанына жақын ортадан басталып, ғарыштық денелер мен Күн жүйесінің макеттеріне, жұлдыздар шоғырының сұлбесіне дейінгі кең ауқымды аралықты қамтыған. Мұнда географиялық материалдар, сондай-ақ физикалық әлем жәйлі білімді қалыптастыруға, уақытқа байланысты бағдарлануға арналған материалдар да берілген. Өлшеуіш құралдар жаратылыстану-ғылыми эксперименттік-зерттеу зертханасын құрайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы оқытудың табысты болуының негізгі шартына біздің практикалық жұмысымыздың нәтижесі анықтап бергендей, мектепке дейінгі дәстүрлі білім берудің Монтессори-педагогикаға үйлесімді әдістерінің ойын технологиялары инновациясымен, балалар өміріне халық ойындарын ендірумен, сабақтың студиялық-үйірмелік формасымен жұптасуы жатады. Осылардың барлығының терең біліммен және педагогтардың кең ауқымды, ойынды қамтитын әдістемелік репертуарды еркін меңгеруімен, сондай-ақ педагогикалық жетекшіліктің әдістемесімен жұптаса берілуі – біздің жұмысымыздың табыстылығы мен нәтижелілігінің кепілі [10].

Егер баланың мектепке дайындығын көзімізге тал шыбық ретінде елестетсек, онда оның жапырақ жайып, гүлденуіне тамырдың берік болуы міндетті. Мұндай тамырға тұлғаның базистік сипаттамаларын жатқызамыз:

- еркіндік – оқушының қандай да бір ұғымға, ережеге, нормаға сәйкес өз мінез-құлқын басқаруы;

- дербестік – бала дамуының актуалды деңгейін сипаттайтын тұлғалық сапа, оның белсенділігінің өзіндік формасы;

- бастамашылдық – оқушының барлық қарекетінде, әсіресе тіл қатысуында, пәндік іс-әрекетінде, ойында, тәжірибелік істе айқынырақ байқалатын зияткерліктің, дамудың көрсеткіші;

- танымдық құмарлық – баланың ілім алуға айқын қызығушылық танытуы, білім, бейімділік, дағды қалыптастыруға, қоршаған орта жәйлі жаңа ақпарат алуға ұмтылысы;

- креативтілік – баланың қандай да бір жағдаятта немесе қарекетте туындаған қиын мәселелерді шығармашылықпен шеше білуге қабілеттілік;

- жауапкершілік – өз іс-қимылы мен қарекетіне жауап берудің қажеттігін түсіну, ортақ іске, қарыз пен парыз сезіміне қатыстылығының оянуы;

- «мен» бейнесі – баланың өз-өзіне қарым-қатынасы, тіл қатысуды табысты жүзеге асыруға керек ойлары мен сезімдері;

- коммуникативтілігі – баланың тіл қатысуға бейімі, ұйымшылдығы, сезімталдығы

және басқаның сезімі мен пікірін түсіне білушілік;

- құзыреттілігі – бала тұлғасында жоғарыда аталған барлық базистік сапалық қасиеттердің даму нәтижелерін толық қамтушы жаңа құралудың аса маңызды кешенді сипаттамасы.

Осы тамырлар нәр алатын құнарлы топырақ Монтессори-топ, яғни бала дамитын білімдік-дамытушы орта болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Seguin S.E. Die Idiotie und ihre Behandlung nach physiologischer Methode / Hrsg. Von S.Krenberger. – Wien: Verlag von Karl Graeser K, 1992.S. 29.
2. Hellbrugge T. Unser Montessori Modell: Erfahrungen mit einem neuen Kindergarten und einer neuen Schule. – Munchen: Kindler Verlag GmbH, 1977.S. 71.
3. Монтессори М. Дом ребенка. Метод научной педагогики: (пер.с итал.). –Москва, 1913. – С.154.
4. История педагогики. Часть 2. С XVII в. до середины XX в.: Учеб. пособие для пед. ун-тов / Под ред. А.И.Пискунова. – М., 1997. –С.196.
5. Ратнер Ф.Л., Юсупова А.Ю. Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в обществе здоровых детей. – М.: Гуманитар. изд.центр ВЛАДОС, 2014. – С.109-111.
6. Танникова Е.Б. Монтессори - группы в ДОУ.–М.: ТЦ Сфера, 2007. – 80 с.
7. Сорокова М.Г. Математический Монтессори-материал // М., 1994.
8. Монтессори М. Самовоспитание и самообучение в начальной школе. –Москва, 1993.
9. Дичковская И.Н., Пониманская Т.И. Воспитание для жизни. Образовательная система М.Монтессори: Хрестоматия по Монтессори – педагогике. –М., 2000. – 94 с.
10. Зебзеева В.А. Домашнее образование за рубежом. История и современность. –М., 2007. – 94 с.

Г.О.НУРГОЖИНА

РАЗВИВАЮЩИЕ МОНТЕССОРИ-МАТЕРИАЛЫ

В статье Монтессори-материалы рассматриваются как составная часть педагогической образовательно-развивающей среды. Указано, что Монтессори-материалы – четко структурированный, логично выстроенный материал, объединяющий пять областей: упражнения практической жизни, сенсорный материал, языковой материал, математический материал, материал для космического воспитания. Одной из главных характеристик развивающего материала названа его ориентированность на упражнение моторики и сенсорики, которая является базой эмоциональных, когнитивных, языковых и социальных процессов. Отмечается важность Монтессори-материалов для формирования различных навыков у дошкольников при самостоятельном обращении, благодаря чему можно научиться на собственном опыте понимать природу и современную цивилизацию.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Монтессори-материалы, упражнения практической жизни, сенсорный материал, языковой материал, математический материал, материал для космического воспитания.

G.O.NURGOZHINA

DEVELOPING MONTESSORI-MATERIALS

In the article Montessori-materials are examined as component part of pedagogical educationally-developing environment. It is indicated that Montessori-materials are the clearly structured, logically ranged material, components five areas: exercises of practical life, sensory material, language material, mathematical material, material for space education. One of main descriptions of developing material is adopt his oriented to exercise of movement and sensory, that is the base of emotional, cognitive, language and social processes. Importance of Montessori-materials is marked for forming of different skills for preschool children at a independent appeal, due to what it is possible to learn on own experience to understand nature and modern civilization.

KEYWORDS: Monmessori-materials, exercises of practical life, sensory material, language material, mathematical material, material for space education.

«ӨРЛЕУ» ТРЕНЕРЛЕРІ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АЙМАҚТЫҚ ТАМЫЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ СЕКЦИЯ ОТЫРЫСТАРЫНДА

2017 жылдың 17 тамызында Қарағанды қаласының №93 гимназиясында білім беру қызметкерлерінің аймақтық тамыз педагогикалық кеңесінің секция отырыстары өтті. Барлық пәндік бағыттар бойынша 20-дан астам секцияларда жұмыс жасалды.

Тамыз педагогикалық кеңесінің секция отырыстарының негізгі қарастырған мәселесі білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру жағдайында мұғалімге әдістемелік қолдау көрсету болды.

№6 «Филология» секциясының жұмысына қалалық және аудандық білім бөлімдерінің әдіскерлері, мектептің әдістемелік бірлестік жетекшілері, сонымен қатар Қарағанды облысының филолог мұғалімдері қатысты. Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы, жаңартылған білім мазмұны тренері Н.З. Акульбекова аталған секция жұмысында «Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орыс тілі сабағын жоспарлау» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді. Шеберлік сабағының мақсаты – орыс тілі пәні (Т1) бойынша жаңартылған бағдарлама аясында оқу үдерісін жүзеге асыру және сабақты жоспарлауда мұғалімдерге көмек көрсету.

№ 7 секция қоғамдық пәндерге арналды. Оған қоғамдық пәндерге жетекшілік ететін білім бөлімдерінің әдіскерлері, мамандандырылған мектеп-интернаттардың әдістемелік бірлестік жетекшілері, тарих және география пәндерінің мұғалімдері, ЖОО оқытушылары қатысты. Басқару және білім сапасы кафедрасының аға оқытушысы, жаңартылған білім мазмұны тренері, т.ғ.к. Мырзахметова А.Ж. «Жаңартылған білім беру аясында негізгі орта мектептің «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» пәндері бойынша типтік оқу бағдарламасындағы өзгерістер» тақырыбында тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты – жаңартылған білім мазмұны аясында орта мектептің оқу үдерісінде типтік оқу бағдарламасындағы өзгерістердің сипаты мен рөлін анықтау.

«Өрлеу» тренерлерінің қатысуы қатысушылардың қызығушылығын оятты, олар талқылауға атсалысты. Көкейкесті сұрақтары ортаға салынып, орта білім беру мазмұнын жаңартудағы ерекшеліктер, критериалды бағалау жүйесі және орта мектепте білім беру мәселелері талқыланды.

ТРЕНЕРЫ «ӨРЛЕУ» НА СЕКЦИОННЫХ ЗАСЕДАНИЯХ АВГУСТОВСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОВЕЩАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

17 августа 2017 года на базе гимназии №93 г. Караганды состоялись секционные заседания регионального августовского педагогического совещания работников образования по всем предметным направлениям.

Основным вопросом секционных заседаний стало методическое сопровождение учителя в условиях реализации обновленного содержания образования.

В работе секции №6 «Филология» приняли участие методисты городских и районных отделов образования, руководители методических объединений школ, а также учителя-филологи Карагандинской области.

Старший преподаватель Карагандинского Филиала АО «НЦПК «Өрлеу», тренер ОСО Акульбекова Н.З. в ходе работы данной секции провела мастер класс на тему «Планирование урока русского языка в условиях обновления содержания среднего образования Республики Казахстан». Цель мастер-класса – содействие учителям при планировании уроков и реализации учебного процесса в рамках обновленной программы по русскому языку (Я1).

В секции № 7 по общественным дисциплинам приняли участие методисты отделов образования, руководители методических объединений специализированных школ-интернатов, учителя истории и географии, преподаватели вузов.

Старший преподаватель Карагандинского Филиала АО «НЦПК «Өрлеу», тренер ОСО к.и.н. Мырзахметова А.Ж. провела тренинг на тему «Изменения в типовой учебной программе по предметам «История Казахстана» и «Всемирная история» основной средней школы в рамках обновления содержания образования». Цель тренинга – определение характера и роли изменений в типовой учебной программе и учебном процессе средней школы в рамках ОСО.

Выступления тренеров «Өрлеу» вызвали интерес и обсуждение со стороны участников. Были озвучены волновавшие всех вопросы по особенностям обновленного содержания среднего образования, критериальной системы оценивания и преподавания в средней школе.



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ИНТЕГРАЦИЯ ҰҒЫМЫ

Мақалада кеңес және шетелдік педагогикалық әдебиеттердегі интеграция ұғымын анықтау түрлі қырынан қарастырылады. Педагогикалық үдерістегі интеграция ұғымы туралы алғаш сөз қозғалған сәттен бастап, оның бүгінгі күнге дейін түрлі форма мен мазмұнға ие бола отырып, қарқынды түрде дамығандығы айрықша көрсетіледі. Бүгінгі таңда педагогикалық үдерістегі интеграция ұғымын анықтауда оның мазмұнының түрлі аспектілерін тереңдей аша түсетін белгілі бір көзқарастар жүйесі мен тәсілдер жеткілікті қалыптасқан. Мақалада интеграция – оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бір мақсат, бір ұстаным мен мазмұнның төңірегінде ұйымдастырудың көрінісі, оның қызмет көрсету нәтижесі – оқушылардың бойында толыққанды жаңа білім мен дағдылардың қалыптасуы болып табылатындығы айтылады. Автор ғылым мен білімнің дамуына сәйкес әр кезеңде туындаған оқыту мен тәрбиелеудегі интеграция ұғымына қатысты педагог ғалымдардың көзқарастарынан мысалдар келтіреді. Қазіргі таңда орта білім беру үдерісінде интеграцияны қолдану мәселесіне дәлел ретінде жаңартылған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша кіріктірілген оқу бағдарламасын негізге алады.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: педагогикалық үдеріс, интеграция, оқыту мен тәрбиелеу, пәнаралық байланыс.

Педагогикалық үдерісте интеграция ұғымын жүзеге асыру туралы мәселе философия ғылымы жинақтап, жалпылаған білім қоры бір ғана ғылым аясының шеңберіне симаған кезде туындаған. Нәтижесінде білімнің түрлі салалары философия ғылымынан бөлініп шыға бастады. Жаңа ғылыми пәндер мен ғылыми бағыттардың пайда болуы көп жағдайда бұрыннан бар ғылыми пәндер мен бағыттардың тоғысуынан пайда болады. Соның салдарынан бұл жағдайда ғылымдар дифференциациясы (ғылыми пәндер мен бағыттардың пайда болуы) бұрыннан бар ғылыми пәндер мен бағыттардың интеграциясын жүзеге асыру тәсілі болып табылады. Мысалы, биология мен химия ғылымдарының синтезі, интеграциясы нәтижесінде биохимия саласы пайда болды. Дәл осындай құбылыс геохимияда да орын алған, яғни геология мен химия ғылымдарының кірігуі; психолінгвистика – бір жағынан алғанда психология, екінші жағынан – лингвистика ғылымдарының синтезі. Сәйкесінше физикалық химия, не болмаса химиялық физика салаларының пайда болуы интеграцияның жемісі, физика мен химия ғылымдарының ішкі мазмұнының өзара кірігуі. Ал биогеохимия – биология, геология, химия сияқты үш ғылыми пәндердің өзара байланысынан пайда болған. Ғылымдардың дифференциациясы пәндердің жеке-жеке оқытылуына көшуге жағдай жасады. Педагогика тарихы көрсеткендей, бөлініс кезінде пәндер мен шынайы өмір құбылыстарының арасындағы табиғи байланыс түрлі білімдер арасында бұзыла бастады.

Жүйеге оқыту мен тәрбиелеудің шынайы заңдылықтарын қайтаруға, ежелгі

педагогика жауап таба алмаған сауалдарды шешуге философ-гуманист, қоғам қайраткері Я.А.Коменский алғашқылардың бірі болып талпынды. Ол сезім-түйсік арқылы қабылданатын әлем құбылыстары мен заттарды оқушыларға таныстыра отырып, олардың санасын байытуға шақырды. Я.А.Коменскийдің эволюция теориясы бойынша табиғатта, оның ішінде оқыту мен тәрбиелеуде кенеттен орын алған өзгерістер болмауы тиіс [1]. Ол біртұтас әлемнің көрінісін қалыптастыруға бағытталған білімнің болашағы зор екендігін бірден байқады. Я.Коменский «Өзара қатынастағы дүниелердің барлығы бір-бірімен байланыстырыла оқытылуы керек» деп көрсетті [2; 74].

Педагогикалық үдерісте интеграцияның қажеттілігін дәлелдеуге деген алғашқы талпынысты И.Ф.Герbart та жасады. Ол оқытудың 4 сатысын бөліп көрсетті: айқындық, ассоциация, жүйе және әдіс. Герbartтың ұсынған алғашқы екі сатысы – білім алуға, ал соңғы екеуі – «жаңа білімді меңгеру үшін өзіндік көпір жасау» және алдыңғы алған біліммен байланыс орнатуға бағытталды [3; 315]. И.Герbart «ақыл-ой саласы» адамның қазіргі сәтте игеріп жатқан біліміне қатысы бар алдыңғы меңгерілген білімді қайта жаңғыртуға қабілеттілігінен көрінеді - деген көзқарасты ұстанды.

Оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын ұйымдастыруда айтарлықтай өзгерістердің орын алуына ықпал еткен оқытылатын пән мен құбылыс арасындағы байланыстың дидактикалық маңызына К.Д.Ушинский толыққанды психологиялық-педагогикалық дәлелдеме берді. Ол өзінің «Человек как предмет воспитания» кітабында пән мен шынайы өмір құбылыстарының арасындағы объективті ара қатынасты түрлі ассоциативті байланыстардың ішінен бөліп шығарды. К.Ушинскийдің теориясында пәнаралық байланыс идеясы жалпы оқытудың жүйелілігі мәселесінің бір бөлігі ретінде көрініс тапты. Ол жинақталған білім қорын бір жүйеге келтірудің қаншалықты маңызды екендігіне айрықша көңіл бөлді. Себебі түсініктер арасындағы байланыс пен олардың жалпы пәндер жүйесінде дамуы оқушы білімінің кеңейіп, тереңдеуіне септігін тигізеді және оқудың соңында ол толысқан дүниетанымдық жүйеге айналады [4; 28].

Осылайша XVII – XIX ғасырларда еңбек еткен педагог ғалымдар интеграцияны оқу үдерісін шынайы өмірмен байланыстыруға деген құлшыныстан туған білім берудегі қажеттілік ретінде таныды. Оқытылатын пәндер мен құбылыстарды біртұтас үздіксіз тізбекке біріктіру тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуі тиіс деп санады.

Оқытуда интеграцияны тәжірибе жүзінде іске асыру алғаш рет Ұлыбританияда XXғ. басында қолға алынды. Еуропалық ғалымдар «қауымдасқан курстар» деп аталатын курстар аша бастады. Оның мәні – кәсіби білімді тәжірибелік қызметпен ықпалдастыру болатын. Кейіннен бұл курстар Еуропа мен Америка Құрама Штаттарының көптеген колледждері мен университеттерінде танымал бола бастады. Шетелдік мамандар қауымдасқан оқытуды интеграцияның ерекше түрі деп есептеді. Ол жалпы алғанда педагогикалық үдеріске оң әсерін тигізіп, тұлғаның жан-жақты дамуына және тереңдетілген білім алуына мүмкіндік беретін мамандарды даярлаудың жаңа сапалы түрін ұсынды [5; 255].

Кейінірек XXғасырдың жиырма бесінші жылдары білім аруды өмірмен байланыстыру мақсатында оқушылардың өндірістік тәжірибеден өтуі негізінде интеграцияны қолдану тәжірибесі жинақталды. Кеңес педагогикасында интеграция мәселесін В.Я. Стоюнин, Н.В. Бунаков, В.И. Водовозов, Б.Г. Ананьев және басқа да ғалымдар зерттеді. Олар «оқыту барысындағы интеграция жүйенің мәні мен пәннің логикасын, жеке тақырыптар мен сұрақтар арасындағы байланысты түсінуді көздейді» деп есептеді. Сондай-ақ оқу үдерісінде интеграцияны қолданудың бірнеше басымдықтарын атап көрсетті: білімді түрліше пайдалану, материалдың қайталануын болдырмау, тұтас көзқарастар жүйесін



қалыптастыру [6].

Бұл кезеңде алдыңғы қатарлы педагогтардың интеграцияға көзқарасы оқу жоспары мен бағдарламаларын құруда жаңа тұрғыдан көрініс тапты. Бұл «кешенді тәсілдеме» деген атауға ие болды. Оның мақсаты – мектеп пен шынайы өмір арасында өзара байланыс құру болып табылды. Кешенді бағдарламаларда білім, білік, дағды келесі үш басты идеяның төңірегінде анықталды. Олар: табиғат, еңбек, қоғам. Бұл кешендер жеке оқу пәндерінің ішкі логикасына нұқсан келтірілмей, оқыту мазмұнын біртұтас білім жүйесіне бағыттауға тырысқанына қарамастан, олардың арасында байланыс орнатылмады. Кешенді бағдарламалар педагогтар тарапынан сынға ұшырады, себебі, олардың пікірінше, «шамадан тыс кешенділік пәндердің толықтай жойылуына әкеліп соқты». Дегенмен кешенді тәсілді қолдануға талаптану – оқу жоспары мен бағдарламаларын құруға оң ықпалын тигізді. Ғалымдар көп жағдайда кешенді тәсіл «білім берудің басты идеяларының айналасындағы білім, білік, дағдыны біріктіру» тәжірибесін бергендігін атап көрсетеді. Бұл тәжірибенің кемшілігі идеяның өзінде емес, оны жүзеге асыруда болатын [7].

XX ғасырдың отызыншы жылдары жаңа бағдарламаларды енгізу әрекеті қолға алынды. Оның құрылымына пәндік негіз алынатын болып ұйғарылды. Осыған байланысты түрлі жүйелік білімдердің басын ортақтастыратын «діңгекті» анықтайтын міндет тұрды. Яғни оқу үдерісіндегі интеграция мәселесі оқыту мазмұнын анықтауда бұрынғыдай басты орынға қойылды. Бірақ бұл ереже тәжірибелік сипаттағы қиындықтары тұрғысынан 1950 жылдардың ортасына дейін іске асырылмады.

1950 жылдары педагогикалық үдерістегі интеграция оқыту үдерісінде жүйелілік тұрғысынан қарастырылды. Жүйелілік ұғымының астарынан ғалымдар ми жұмысының жүйелілігі туралы физиологиялық және психологиялық түсініктерімен сәйкесетін түрлі құбылыстар арасындағы өзара қарым-қатынасты анықтауды түсінді. Осыны басшылыққа ала отырып, Б.Г. Ананьев түйсіктердің өзара қатынасын ашты және «адамның шынайы болмысты сезім арқылы қабылдауы мен материалдық әлемнің тұтастығын» қамтамасыз ететін олардың күрделі жүйесін көрсете алды [8; 122]. Б.Ананьевтің жетекшілігімен «координациялық кесте» құрылып, онда барлық оқу бағдарламалары бойынша бастапқы ғылыми түсініктердің даму кезеңдері көрсетілді. Ол мұғалімдер мен оқушылардың бір пәнді оқу кезінде басқа пәннің материалын қолдануына көмектесті.

Осылайша педагог ғалымдар интеграцияны оқыту үдерісінің мазмұндық өзгерісімен байланыстырды. Олар білімнің мазмұнға, оқу материалының құрылымы мен сабақ құрылысына тәуелді екендігін анықтады. Қолданыстағы білім беру стандартын өзгертуге және жаңа оқу бағдарламаларын жасауға әрекет етіп көрді.

XX ғасырдың соңында педагог ғалымдардың күшімен педагогикалық үдерістегі интеграция ұғымының мәнін тереңдей аша түсетін айтарлықтай дұрыс көзқарастар мен түсініктер қалыптасты. Жалпы алғанда интеграция ұғымының астарынан осы немесе басқа да білім саласының жалпы білімдер жиынтығы бір оқу пәнінің аясына біріктірілуі түсіндіріледі. Бұл бірігу түрлі оқу пәндері бойынша оқыту мазмұнының өзара келісілуін көздейді. Ол ортақ білім беру мақсаты және оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып анықталады.

Бүгінгі таңда педагогикалық үдерістегі интеграция мәселесі түрлі көзқарастар тұрғысынан зерттелген. Олар: интеграцияның жалпы теориялық және педагогикалық аспектілері, ғылыми білімдер интеграциясы мен дифференциациясы мәселесі, тәжірибелік жинақтау мәселесі, сондай-ақ кәсіби білім берудегі интеграциялық үдерістер ағыны.

Интеграцияның педагогикалық аспектісі В.С. Безрукова, Г.М. Добров, В.М.

Максимова, О.М. Сичивица, И.П. Яковлев және басқаларының зерттеулерінде көрініс тапты. Әсіресе, И.Яковлев интеграцияны қоғам, ғылым мен білім дамуының жетекші үрдісі деп атай отырып, білім берудегі интеграциялық үдерістердің айрықша табысты болуына жағдай жасайтын шарттарды анықтаудың үлкен маңызы бар екендігін және «оларды теориялық тұрғыдан талдау қажеттілігін» көрсетеді [9; 43]. Г.Добров өз кезегінде ғылымның жаңадан пайда болған түрлі білім қатарымен толығыуы – бұл білімдерді тұтас меңгеруді қамтамасыз ететін тиімді бақылау шегін қабылдауды оқытудың алдына міндеттеп отырғандығын атап көрсетеді. Мұндай шектеулер қатарында оқыту үдерісіне қолданбалы міндеттерге қоса ғылыми-теориялық мәселелерді енгізу; оқу үдерісінде кибернетикалық машиналарды пайдалану; білімді өз бетімен алуға көмектесетін дағдыларды дамытуды қарастыратын әдістерді белсенді қолдану оқытудың барлық кезеңдерінде аса қажет екендігі айтылады [10; 13-15].

Интеграция табиғатын түсіну үшін түрлі ғылымдардың өзара қатынасы тұрғысынан біртұтас оқыту мазмұнын ашып көрсетуге арналған зерттеулердің маңызы зор. Бұл жөнінде Н.Г. Чернышевский «...ғылымның бір түрі беретін білім басқа ғылымдармен тамырлас болмаса, оқушылардың танымдық және физикалық қабілеттерін әлемдік дамытуға қол жеткізу мүмкін емес» деп кесіп айтқан [11]. Ғылыми білімнің интеграциясы мәселесі Б.М. Кедров, М.Г. Чепиков, Г.М. Добров және басқаларының жұмыстарында анағұрлым толықтай ашылып көрсетілген. Ғалымдар интеграцияны ғылыми білім дифференциациясының бөлінбейтін құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Б.Кедров ғылыми білімнің дамуында «бірі-біріне өзара қарама-қайшы, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын екі үрдіс шығады: оның бірі – ғылымның бөлшектенуі мен тармақталуы, яғни олардың дифференциациясы, екіншісі – керісінше байланыссыз қалған ғылымдарды ғылыми танымның жалпы жүйесіне біріктіруге талпыну, яғни олардың интеграциясы» деп көрсетеді [12; 187]. Ол интеграциядан ғылыми білімдердің қозғалысын, олардың тұйықталған шеңберінен шығып, өзара байланыса дамуын, бір ғана объектінің бір уақытта түрлі ғылым тұрғысынан зерттелетін тұтастығын көреді. М.Чепиков, өз кезегінде, интеграция үдерісін сипаттай отырып, «түрлі ғылымдардың бірігуі мен ғылыми білімдердің синтезделуі нәтижесінде материалдық дүниенің маңызды құпияларын ашуға ең қолайлы жағдай жасалады» деп көрсетеді [13; 135].

Педагогикалық үдерістегі тәжірибелік интеграция мәселесі көптеген ғылыми жұмыстарда (С.М. Арефьева, С.Ю. Бурилова, В.В. Гузеев, В.А. Кленникова, В.М. Панфилова, В.Б. Синников, С.Ю. Страшнюк және басқалары) көрініс тапты. Тәжірибелік интеграция түрлі әдіс-тәсілдерді, оқыту жолдарын қолдануды тұспалдайды. Ол үшін ең алдымен пән мен оның құрамдас бөліктері кіріктірілген курстар құрылады. Педагогикалық үдерісте интеграцияны жүзеге асырудың түрлі жолдарын ұсына отырып, авторлар оның оқыту мен тәрбиелеуге оң ықпалын атап көрсетеді және бірнеше артықшылықтарын бөліп шығарды: материалдың қайталануын болдырмау; жаңа материалды меңгеру кезінде алдыңғы алған білімге сүйене алу мүмкіндігі; оқушының санасында әлемнің біртұтас көрінісін, ғылыми білім мен дағдылар негіздерін қалыптастыру, нәтижесінде оқуға деген қызығушылықты арттыру.

Қазіргі таңда орта және жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде интеграцияны қолдану мәселесіне үлкен назар аударылады. Түрлі зерттеулер (И.Б. Богатова, В.Г. Иванов, О.В. Козлова, Е.М. Стрижевская және басқалары) оқу пәндерінің арасындағы өзара байланыс жалпы, политехникалық және кәсіби білім беруді бірлікте жүзеге асыруды көрсетеді. Кәсіби білім беру көбінесе интеграциялық үдерістердің табысты жағдайларын анықтауға, «мамандарды даярлаудың тиімділігін арттыруға» ықпалына үлкен мән береді. Оқытудағы интеграциялық тәсілдемелер білім алушылардың тұлғалық және кәсіби талпыныстарын ұштастыруға, олардың өзін-өзі

бағалауларын қалыптастыруға және мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы орайда 2017-2018 оқу жылында білім беру қазақ тілінде емес мектептерге енгізілгелі отырған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы пәндерді кіріктіре оқытудың мысалы бола алады. Бұған дейін «Әдебиет» пәні жеке беріліп, оның мазмұны көлемі ұзақ-ұзақ көркем әдеби мәтіндерді қамтыған болатын. Бұл – таза кереғар құбылыстар болғандықтан, «Әдебиет» пәні не тек хрестоматия түрінде қалып қойды, не болмаса қажетті деңгейде оқылмай келді. Осындай және тағы да басқа ірілі-ұсақты мәселелер «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» саласында пісіп-жетілген мәселені ушықтырмай, болашаққа жетелейтін оқу бағдарламасымен қамтамасыз ету керектігін дәлелдеген болатын.

1 кесте – Кіріктірілген қазақ тілі мен қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы бойынша меңгертілетін тақырыптар (5-сынып)

Қазақ тілі	Әдебиет
Отбасындағы дәстүр мен мерекелер	М.Мақатаев. «Тоқта, балам, атаң келеді артыңда!»
Мектеп өмірі. Әдепті бала - арлы бала	Б.Соқпақбаев. «Менің атым Қожа» повесі (үзінді)
Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі	Жан-жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар
Ежелгі көшпелілер мәдениеті	Тұмар ханшайым туралы аңыз
Су – тіршілік көзі	Ә.Тәжібаев. «Сырдария» өлеңі
Әлемдегі ірі кітапханалар	А.Құнанбайұлы. «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі
Денсаулық – зор байлық	«Ең үлкен байлық» ертегісі
Менің Тәуелсіз Қазақстаным	Қ.Сарин. «Тәуелсіздік» өлеңі
Аспан әлемінің құпиялары	Жұлдыздар туралы аңыздар, ертегілер
Компьютердің тілін табу – өнер	Ы.Алтынсарин. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі
Қазақстандағы ұлттар достастығы	М.Мағауин. «Бір атаның балалары» (үзінді)
Ұлы Дала табиғаты	Қ. Мырзалиев. «Табиғат – жаратылыс пернесі» өлеңі
Ер есімі – ел есінде	Ғ.Мүсірепов. «Қазақ солдаты» романы (үзінді)

Қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіре оқытудың аса тиімді тұсы – қазақ тілін үйретуде мәтінді, оның ішінде көркем мәтінді ұтымды пайдаланатындығы. Сынып артқан сайын біртіндеп күрделеніп отыратын оқу мақсаттары оқушыны көркем мәтіндегі кейіпкерлер мен оқиғалар туралы талдауы мен өзінің ойын білдіру дағдыларын қалыптастыра отырып, қазақша коммуникативтік дағдыларын да қалыптастыру міндетін шешеді

(1-кесте). Осылай қазақ тілі мен әдебиет пәндері өзара біріне екіншісі сүйеу болып, оқушының сөйлеу тілінің сапалы және мазмұнды дамуына тірек жасайды [14].

Жоғарыда айтылғандар мен мысалдарды қорытындылай келе, бүгінгі күні педагогикалық үдерістегі интеграция ұғымын анықтауда оның мазмұнының түрлі аспектілерін тереңдей аша түсетін белгілі бір көзқарастар жүйесі мен тәсілдердің қалыптасқандығын айтуға болады. Педагогикадағы интеграциядан оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың мақсаты мен ұстанымдарын, мазмұнының жоғары дәрежеде ықпалдаса көрініс табуын түсіне аламыз. Оның нәтижесі білім алушылардың бойында сапалық тұрғыдан жаңа толыққанды білім мен дағдылар жүйесінің қалыптасуы болып табылады. Білім берудегі интеграция мәселесін жан-жақты зерттеу «жүйелі ойлау қабілетіне ие, өз әрекетін саналы түрде талдай алатын, белгісіздік жағдайында жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше меңгере алатын, қазіргі заманғы тұлғаны» дамытуға деген құлшыныс – оның педагогикалық үдерістегі маңызы мен оң ықпалын дәлелдеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Коменский А.Я. Избранные сочинения. – [ЭР]. Қолжетімділік режимі: http://www.studmed.ru/komenskiy-yaa-izbrannnye-pedagogicheskie-sochineniya-tom-1-tom-2_206232a9605.html
2. Джуринский А.Н. История педагогики: учебное пособие для студентов педвузов. – М.: Гуманитарное центр издание «ВЛАДОС», 2000. – 74 б.
3. Болдырева Н.Ф. Биографические повествования. – Челябинск: Урал, 1997. – 315 б.
4. Яковлев И.П. Интеграция высшей школы с наукой и производством. – Л.: Издательство ЛГУ, 1987. – 28 б.
5. Васильева З.И. История образования и педагогической мысли за рубежом и в России: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 255 б.
6. Савельева Л.В. Межпредметные связи в средних техпрофучилищах строительного профиля. – [ЭР]. Қолжетімділік режимі: <http://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-issledovatel'skoy-kompetentsii-v-sisteme-professional'nogo-obrazovaniya.pdf>
7. Зверев Д.И. Взаимная связь учебных предметов. – [ЭР]. Қолжетімділік режимі: <http://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-issledovatel'skoy-kompetentsii-v-sisteme-professional'nogo-obrazovaniya.pdf>
8. Ананьев Б.Г. Теория ощущений. – Л.: Издательство ЛГУ, 1961. – 122 б.
9. Хохлов Н.Г. Интегрированная система обучения в высшей школе за рубежом. – М.: МАСИ, 1990. – 43 б.
10. Кавуненко Л.Ф., Гончарова Т.В. Г.М. Добров и вопросы преемственности в науковедении// Наука та наукознавство. – 2009. - №1. – Б. 13-15.
11. Чернышевский Н.Г. Избранные педагогические сочинения. – [ЭР]. Қолжетімділік режимі: <http://padaread.com/?book=183082>
12. Кедров В.М. Классификация наук. – М.: Мысль, 1985. – 187 б.
13. Чепиков М.Г. Интеграция науки. – М.: Мысль, 1988. – 135 б.
14. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. - [ЭР]. Қолжетімділік режимі: <http://nao.kz/loader/fromorg/2/25?lang=kz>

Л.С. АБЗАЛБЕК

ПОНЯТИЕ ИНТЕГРАЦИИ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ

В статье рассматриваются различные подходы к определению понятия интеграции в советской и зарубежной педагогической литературе. Подчеркивается, что с момента первого упоминания до сегодняшнего дня понятие интеграции в педагогическом процессе динамично развивалось, принимая различные формы и содержание.

На сегодняшний день сложилась определенная система взглядов и подходов в определении понятия интеграции в педагогическом процессе, раскрывающая различные аспекты его содержания. В статье отмечается, что интеграция является выражением единства целей, принципов и содержания организации процесса обучения и воспитания, результат функционирования которых – формирование у обучаемых качественно новой целостной системы знаний и умений. Взгляд на понятие интеграции в процессе обучения и воспитания в разные периоды развития образования и науки автор раскрывает с точки зрения различных педагогов-ученых. Процесс интеграции в современном среднем образовании представлен на основе обновленной учебной программы по предмету "Казахский язык и литература".

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: педагогический процесс, интеграция, обучение и воспитание, межпредметные связи.

L.S. ABZALBEK

THE CONCEPT OF INTEGRATION IN THE PEDAGOGICAL PROCESS

The article discusses various approaches to the definition of integration in the Soviet and foreign pedagogical literature. It is emphasized that since the first mention until today the concept of integration in the pedagogical process developed rapidly, taking on various forms and content.

To date, there is a certain system of views and approaches in the definition of integration in the pedagogical process, revealing different aspects of its content. The article notes that integration is an expression of unity of purpose, principles and content of the organization of process of training and education, the result of the operation of which is formation of the trainees qualitatively new holistic system of knowledge and skills. Look at the concept of integration in the process of training and education in different periods of development of education and science, the author reveals, from the point of view of various teachers-scientists. The process of integration in modern education are presented on the basis of updated educational programs on the subject of «Kazakh language and literature».

KEYWORDS: pedagogical process, integration, education and training, interdisciplinary relations

Алдағы 2017-2018 оқу жылы басталсын!

2017 жылдың 16 тамызында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ директоры С.Д. Муканова және тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының меңгерушісі А.Н. Сакаева арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы педагогикалық қызметкерлердің Республикалық тамыз конференциясының «Ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғаларды оқыту теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері» тақырыбындағы секциялық жұмысына қатысты. Ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мектепке дейінгі және орта білім департаменті, Қарағанды облысының білім басқармасы, ҚР БжҒМ Түзету педагогикасы ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығы. Өткізілген орны: Қарағанды қ., «Нұр Отан» партиясының Қарағанды облыстық филиалы. Секциялық отырыс жұмысына ҚР БжҒМ өкілдері, арнайы және инклюзивті білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін білім басқармасының мамандары; арнайы (түзету) мектептердің директорлары; психологиялық-педагогикалық кеңес, сауықтыру орталықтары, арнайы мектепке дейінгі ұйымдардың психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің меңгерушілері, үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты.

Секциялық отырыстың 300-ден аса қатысушылары Қазақстан Республикасында ерекше білім алу қажеттілігі бар білім алушыларға арнайы және инклюзивті білім берудің өзекті мәселелерін қарастырды: арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудағы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес берудің рөлі, қазіргі таңдағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің қызметі, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерді кәсіби еңбекке даярлау, арнайы білім беру үшін педагогикалық кадрларды дайындау, білім беру қызметі сапасының мониторинг мәселелері.

Конференция жұмысының соңында Қазақстан Республикасында арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың болашағын анықтайтын ұсыныстар тұжырымдалды, алдағы 2017-2018 оқу жылында шешілуі қажет міндеттер белгіленді.

На старт, внимание, 2017-2018 учебный год!

16 августа 2017 года директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области Муканова С.Д. и заведующая кафедрой воспитания и социализации личности Сакаева А.Н. приняли участие в работе секционного заседания Республиканской августовской конференции педагогических работников в сфере специального и инклюзивного образования «Актуальные проблемы теории и практики образования лиц с особыми образовательными потребностями». Организаторы: Департамент дошкольного и среднего образования Министерства образования и науки Республики Казахстан, Управление образования Карагандинской области, Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики МОН РК. Место проведения: г.Караганда, Карагандинский областной филиал партии «Нур Отан». В работе секционного заседания приняли участие представители МОН РК; специалисты управлений образования, курирующие вопросы специального и инклюзивного образования; директора специальных (коррекционных) школ; заведующие психолого-педагогических консультаций, реабилитационных центров, кабинетов психолого-педагогической коррекции, специальных дошкольных организаций; представители НПО.

Более 300 участников секционного заседания рассмотрели актуальные вопросы специального и инклюзивного образования обучающихся с особыми образовательными потребностями в Республике Казахстан: роль психолого-медико-педагогических консультаций в развитии специального и инклюзивного образования, деятельность кабинетов психолого-педагогической коррекции на современном этапе, профессионально-трудовая подготовка детей и подростков с ограниченными возможностями, подготовка педагогических кадров для специального образования, вопросы мониторинга качества образовательных услуг.

По итогам работы конференции были выработаны рекомендации, определяющие перспективы развития специального и инклюзивного образования Республики Казахстан, обозначены задачи, которые предстоит решить в наступающем 2017-2018 учебном году.



ӨРКЕНИЕТТЕР ТОҒЫСУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ: ҰЛТТЫҚ САНА МЕН САЛТ-ДӘСТҮР

Мақалада автор «мәдениет» ұғымының анықтамасын, оның жіктелу әдістерін өркениеттің даму тарихына сәйкес берген. Өркениет мәдениеті заттық, рухани және қоғамдық ереже мәдениеттері және салт-сана деп жіктелген. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі ұлттық сана мен салт-дәстүрдің өзіндік қалыптасу ерекшелігі көрсетілген: географиялық орналасуына орай еуроазиялық интеграцияның оң әсері болған. Тарихи деректер дамудың әр кезеңінде жасақталған материалдық мұраның сол уақытта экономикалық тиімді болғандығын айғақтайды. Қазақ ұлтының ежелден қалыптасқан рухани құндылықтарының әлі де өзектілігі, яғни ғылыми негізділігі дәлелді берілген.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: өркениет мәдениеті, заттық мәдениет, рухани мәдениет, қоғамдық ереже мәдениеті, салт-сана, қазақтың дәстүрлі мәдениеті, ұлттық сана мен салт-дәстүр, рухани құндылықтар.

Әдетте, адамзаттың саналы, мақсатты іс-әрекетінің өзі өмір сүріп отырған табиғатқа, қоғамдық ортаға үйлесуін, оны қажетінше үнемді пайдалануы, өз тіршілігіне ыңғайлы етіп өзгерту барысында кәдеге жаратқан барлық заттық және рухани байлықтарының жиынтығы мәдениет деп танылады. Мәдениет жүйесінің өрісі аса кең болып, ол болмысы мен бітімі, негізі мен қызметі, сондай-ақ ішкі құрылымдық табиғаты тұрғысынан қарастырылғанда өзіндік асыл қадір-қасиетімен ерекшелініп, басқаларға ұқсамайтын үлгіге топталып, түрлі сапалық салаларға жіктеледі.

Мәдениет хронологиялық тұрғыдан ежелгі «қауымдық мәдениет», «дәстүрлі мәдениет» және «осы заман мәдениеті» деп, ал кеңістік тұрғысынан «шығыс мәдениеті», «батыс мәдениеті», «теңіз-мұхит мәдениеті», «ұлы құрлық мәдениеті» деп жіктеледі. Ал экономикалық негізі (шаруашылықтың түр - сипаты мен өнім өндіру типі) тұрғысынан «көшпенді дала мәдениеті», «отырықшы егіншілік мәдениеті» деп ерекшеленсе, ішкі құрылымдық табиғаты тұрғысынан «заттық мәдениет», «рухани мәдениет», «қоғамдық ереже мәдениеті» және «салт-сана» деп ажыратылады. Десе де, мәдениеттің жалпы жұрт мойындаған, ресми танылған анықтамасы мен жіктеу әдісі қазірге дейін алға қойылған жоқ. Әр оқымысты оны әр қырынан, әр түрлі баяндап келеді.

Кез келген мәдениет белгілі бір материалдық - экономикалық негіздің туындысы болып табылады. Басқаша айтқанда, материалдық - экономикалық негіз мәдениеттің сипатын белгілейді. Демек, қазақ дәстүрлі мәдениеті де қазақ халқының материалдық - экономикалық өмірінің туындысы. Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихи даму үдерісінде сайын дала төсінде табиғатпен етене ғұмыр кешіп, көшпелі өмір салтын сақтап, мал шаруашылығын тіршілігінің тірегі етіп келген. Осы тұрғыдан алып айтқанда, қазақтың дәстүрлі мәдениеті көшпенді дала мәдениетіне жатады. Дегенмен, қазақтың дәстүрлі

көшпенді дала мәдениеті тек көшіп-қонуды, таза мал шаруашылығымен шұғылдануды арқау еткен жалаң негізді мәдениет емес, онда аңшылық пен балықшылық та, отырықшы егіншілік пен қала тіршілігі де, қолөнер мен сауда да белгілі орын иеленген. Сондықтан, көшпенді мал шаруашылығы қазақ дәстүрлі мәдениетінің, қазақ тіршілігі мен тұрмысының бір ғана бөлігі, бірақ бірегей бөлігі есептеледі. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің (басқа мәдениеттердегі сияқты) ішкі құрылымдық табиғаты тұрғысынан жіктелуін: заттық мәдениетті, рухани мәдениетті, қоғамдық ереже мәдениетін және салт-сананы талдап қарастырайық.

Заттық мәдениет жалпы ұғымдағы мәдениеттің негізіне саятын бөлігі болып, ол – адамзаттың заттық өндіріспен шұғылдану барысындағы барлық жасампаздық қимылын, жеткен өресін, сондай-ақ оның нақты туындысы – заттық өнімдердің жалпы жиынтығын көрсетеді. Заттық мәдениет адамзаттың өмір сүруі мен дамуында физиологиялық қажеттілік саналатын ішер ас, киер киім, паналайтын баспана, мінер көлік және оны өндіруге керекті құрал-жабдық сияқты адами сұранысын қанағаттандыруды мақсат етеді. Сөйтіп, ол адамның табиғатпен арадағы қарым-қатынасын, адамның табиғатты тану, оны пайдалану, оны өзіне қолайлы етіп өзгерту өресін және оның жемісін, әлеуметтік өндіргіш күштердің өркендеу дәрежесін тікелей бейнелейді. Ол нақты зат ретінде адамзаттың барша іс-әрекетінде қолданыс тауып, саналы тіршілік иесінің мәдени жасампаздықпен шұғылдануына негіз болады.

Рухани мәдениет (бейзатты мәдениет деп те аталады) мәдениеттің идеологияға саятын бөлігі болып, ол – адамзаттың ұзақ уақыттық қоғамдық рухани амалы және ой-сана қарекеті барысында қайта-қайта өңдеу, сұрыптау, жинақтау және жоғары өреге көтеру арқылы қалыптастырған таным жүйесі, ойлау тәсілі, құн көзқарасы, эстетикалық өлшемі, нанымы мен сенімі, әдебиеті мен көркемөнері тізбесінің жалпы жиынтығын көрсетеді. Ол өз ішінен ойлау жүйесі, құн жүйесі және сезім жүйесі болып үшке бөлінеді. Бұл үш жүйенің ішінде құн жүйесі, яғни құн көзқарасы рухани мәдениеттің ұйтқысы деп қаралады.

Қоғамдық ереже мәдениеті мәдениеттің түрлі құрылымға саятын бөлігі болып, ол – адамзаттың қоғамдық іс-әрекеті барысында қоғамның ішкі жағындағы түрлі қатынастарды реттеу, аяқ алысты бірлікке келтіру мақсатымен ресми түрде қалыптастырған меншік жүйесіне, басқару құрылымына, бақылау және жазалау органдарына қатысты барлық ережелер мен қағида-өлшемдерінің жиынтығын көрсетеді. Қоғамдық ереже мәдениеті тежеп-шектеу күшіне ие болады да, қоғамдық тәртіпті сақтап, қоғамдық жарастықтың орнауына қызмет етеді. Ол қоғам мүшелерінің бәріне бірдей, баршаға ортақ болып, адамдар саналы не бейсаналы түрде қоғамдық тәртіпке бойсынады, ондағы белгілеген қоғамдық мақсаттарды іске асыруға құлшынып отырады.

Салт-сана мәдениеттің ұлттық бітімге саятын бөлегі болып, ол – адамзаттың ұзақ уақыттық қоғамдық амалы мен аса күрделі қоғамдық қарым-қатынасы барысында бірте-бірте қалыпқа түсіріп, дағдыға айналдырған әдет-ғұрыптарының жалпы жиынтығын көрсетеді. Ол халықтық дәстүр, халықтық әдет, халықтық болмыс-бітім бейнесінде жарыққа шығып, күнделік өмірден көрініс тауып отырады. Оның ұлттық сипатты мен өңірлік сипаты аса айқын болады да, бейресми жолмен адамдардың қимылын, іс-әрекетін жөнге салып, реттеп отырудағы қағида, үлгі ретінде танылады.

Осында баяндалған дәстүрлі мәдениеттің құрылымдық салаларын тұлғалық көрінісіне қарай сыртқы көрнеу мәдениет және ішкі көмескі мәдениет деп екі үлкен топқа жинақтауға болады. Сыртқы көрнеу мәдениет – заттанған, нақты пішіні, тұлғасы бар, сезінуге, түйсінуге болатын бұйым түріндегі мәдениетті көрсетеді. Заттық мәдениет сыртқы көрнеу мәдениетке жатады. Ішкі көмескі мәдениет – сыртқы көрнеу мәдениеттің қалқасына жасырынған, адам санасында өмір сүретін ішкі құрылымды

немесе үлгіні көрсетеді. Ол адамзаттың іс-қимыл үлгісі, іс-қағидасы, іс-қимыл жемісі ретінде танылады. Рухани мәдениет, қоғамдық ереже мәдениеті және салт-сана ішкі көмескі мәдениетке жатады. Ішкі көмескі мәдениет түрлі тәсілдер арқылы шығарма, туынды түрінде заттық формаға еніп, ел арасына кеңінен таралады, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырылады [1].

Қорыта айтқанда, мәдениет – адамзаттың тыныс-тіршілігінің айғағы, саналы қарекетінің жемісі деп қаралады. Сол себепті, ол табиғи түрде тұтас адамзатқа ортақ болады. Десе де, адамзаттың іс-қимылы өзіндік дамуы сәйкес келмейтін тарихи кезеңдерде, өзіне бөгде аймақ - өңірде және жат саналатын қоғамдық ортаға сырттан енгізілетін болғандықтан, мәдениеттің бітім-болмысында парықтылық болады. Демек, тұтас адамзат мәдениеті көп келбетті болады да, әрқайсы ұлттың ұлттық мәдениеті дара келбетті, өзгеше сипатты болады. Яғни әрқайсы ұлт мәдениетінің қалыптасқан ортасы, қалыптасу жолы, қалыптасу барысы және қол жеткізген құндылықтары алуан түрлі болады. Ұлттық мәдениеттегі құндылықтардың тоғысуынан тұтас адамзат мәдениеті қалыптасады.

Кез келген бір дәстүрлі ұлттық мәдениет белгілі жаратылыстық ортада пайда болады және өркендейді, ондағы табиғи жаратылыстық шарт-жағдай мен қоғамдық тұрақтанған ортаны өзі өмір сүруінің, өркендеуінің географиялық негізі етеді. Қазақ дәстүрлі мәдениеті қазақ халқының ата-бабалары атам заманнан бері жайлап келе жатқан Еуропа мен Азия сынды екі құрлық арасындағы сайын сахарада пайда болып, сол далада дамыған, өркендеген. Басқаша айтқанда, қазақ сахарасы еуро-азия құрлығының бел ортасына, байырғы Жібек жолының бойына орналасқан, онда бағы замандардан бері көптеген ұлыстар мен ұлттар, ұқсамаған мәдениет пен ұқсамаған діндер қатар өмір сүріп, өзара тоғысып отырған.

Қазақ сахарасы табиғи жаратылыстық шарт-жағдайы тұрғысынан алғанда, мал мен жанға жайлы, төрт маусымы айқын, көшпелі мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы, шұрайлы қоңыржай алқап есептеледі. Онда қойнауы байлыққа толы асқар таулар, көрікті де бай жасыл алқаптар, жасыл желек жамылған жазықтар мен аңғарлар, көрінісі көздің жауын алатын көлдер мен өзендер көптеп кездеседі. Десе де, қазақ сахарасының қысы қатты, жазы ыстық, жауын-шашын мөлшері аз, көптеген өңірлері шөл және шөлейтті болып келеді. Табиғи апаттар екінің бірінде туылып тұрады. Демек, қазақ халқының ата-бабалары міне осындай айрықша жаратылыстық ортада, көшпенді өндіріс тәсілін, яғни көшпенді мал шаруашылығын тіршілігінің тірегі етіп таңдап алған және сол далада көшпенді дала мәдениетін қалыптастырған.

Қазақ сахарасы қоғамдық географиялық ортасы тұрғысынан алғанда, дүниедегі ежелгі қабырғалы өркениеттердің кіндік тұсына орналасқан. Бұл мәдениеттердің таралуы және бір-бірімен барыс-келіс жасауы осы қазақ сахарасын соқпай өтуге мүмкіндігі аз болған. Оның үстіне осынау сахараны жалпағынан жайлап отырған ат-көлікті қазақтың ата-бабалары бұл өңірді қан базарға айналдырып, керуендердің шығыстан батысқа, батыстан шығысқа ағылуына шарт-жағдай туғызып, өркениеттердің шартарапқа таралуына дәнекер болып келген. Қысқасы, кезінде қазақ сахарасы ұлттар мен ұлыстардың тоғысқан, мәдениеттің сан қайнап сапырылысқан өңірі болған. Демек, қазақ халқы өзінің ұзақ тарихи дамуы барысында ата-бабалары жаратқан көшпенді дала мәдениетінің таңдаулы дәстүрлеріне, құндылықтарына мұрагерлік еткен, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып өркендеткен, және сол арқылы батыс пен шығыс мәдениетінің құнды дүниелерін өзіне сіңіріп, дала мәдениетінің өзгеше болмыс-бітімін одан әрі байыта түскен [2].

Қазақ дәстүрлі мәдениеті – бағы замандардан бері еуроазияның кең жалпақ өңірінде өмір сүріп келген қазақ халқының ата-бабалары өзінің тарихи даму үдерісінде

бірте-бірте қалыпқа түсірген және дамытып жетілдірген, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып дәстүрге айналдырған, тифологиялық құрылымы біршама тұрақты, сахараның табиғи шарт-жағдайына сай келетін, табиғатты аялауды басты белгі еткен көшпенді дала мәдениетін көрсетеді. Демек, қазақ дәстүрлі мәдениеті қазақ халқының айырықша жаратылыстық ортаға үйлесу қабілеті, өмір сүру тәсілі және одан ұтымды пайдалану барысында қолға келтірген барлық заттық байлығы мен рухани байлығының жиынтығы болып табылады. Десе де, қазақ халқы табиғатқа үстемдік етуді мақсат етпеген, қайта онымен етене болуға, онымен болған үндестікті сақтауға, оның заңдылығына сай өмір салтын қалыптастыруға құлшынған.

Қазақ дәстүрлі мәдениеті ұлттық сипаты айқын, сан-салалы, бай мазмұнды мәдениеттердің бірі болып, ол қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс тәсілі, ой-санасы, таным жүйесі, ойлау тәсілі, құн көзқарасы, әдептік мұралы, әсемдік өлшемі, нанымы мен сенімі, әдебиеті мен көркемөнері, әдеті мен ғұрпы аталатындардың барлығын түгелдей қамтып жатады.

Қазақтың арғы ата-бабалары адамзаттың басқа өкілдері сияқты өз тірлігін табиғаттағы дайын өнімдерді тұтынудан бастаған, кейіннен бірте-бірте өзі өнім өндіруге қарай бет бұрған. Олар тіршілігі үшін алғашында аң аулап, жеміс-жидек теріп, жанын сақтаған. Өсімдік жапырағы мен жан-жануар терісінен киініп, қақаған суықтан, шіліңгір ыстықтан, нөсерлі жауыннан сақтанған. Үңгірлерді баспана, тұрар тұрағы еткен. Уақыт өте келе, олар жан-жануарларды қолда үйретіп, жылқы, түйе, қой, ешкі, сиыр малдарын өсірген. Малдың етімен, сүтімен тамақтанып, терісі мен жүнін киер киімінің, тұрар баспанасының шикізаты еткен, мал артынса, жүріп-тұрса көлігі болған. Малдың ыңғайына қарай жайылымды көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп төрт маусымға бөлген, маусымға қарай жайылым алмастырып, көшіп-қонып жүрген. Олар мал шаруашылығымен бірге дақыл егумен де айналысқан. Бидай, арпа, тары өсірген. Қосымша кәсіп ретінде аң және балық аулаумен шұғылданған. Олардың қолөнері де айтарлықтай дамыған. Демек, арғы ата-бабаларымыз өз тірлігі үшін еңбектенуді үйренген, еңбек – көшпенді дала мәдениетінің заттық экономикалық негізін қалаған.

Мәдениет – тарихи құбылыс. Дәуірлердің алмасуы белгілі бір мәдениеттің дамуына терең ықпал жасайды, әрі зор өзгерістер әкеледі. Әдетте, қазақ дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуы, өркендеуі сөз болғанда, ең әуелі бағы замандардан бері қарай Орталық Азия мен Орта Азияны, Моңғол үстірті мен Қытайдың солтүстігін және оның маңындағы аймақтарды мекен етіп келген, қазақ халқының қалыптасуына негіз, ұйтқы болған Сақ, Ғұн, Юежы (Иүзі), Үйсін, Қаңлы аталған тайпалар мен тайпалық одақтар ауызға алынады да, олар қалыптастырған ежелгі көшпенді дала мәдениеті қазақ дәстүрлі мәдениетінің қайнар көзі, бастау бұлағы деп қарастырылады.

Бүгінгі заманға жеткен тарихи деректер, археологиялық қазбадан табылған жәдігерлер және ғылыми – зерттеу нәтижелеріне талдау жасасақ Сақ, Ғұн, Юежы (Иүзі), Үйсін, Қаңлы сияқты ерте заман көшпенділері адамзат мәдениеті қалыптауының алғашқы бесігінің бірі деп қаралатын еуроазияның жалпақ сахарасында көне тас дәуірі, жаңа тас дәуірі және қола дәуірлеріне жататын Анау мәдениеті, Роразим мәдениеті, Афанадиев мәдениеті, Андронов мәдениеті, Қарасүк мәдениеті, Тагар мәдениеті, Пазырық мәдениеті сияқты көптеген мәдениеттерді бастан кешірген, өздерінің шұғылалы дала мәдениетін жаратқан. Олар жасақтаған дала мәдениеті ежелгі Вавилон өркениеті, Грек өркениеті, Рим өркениеті, Египет өркениеті, Парсы өркениеті, Үнді өркениеті және Қытай өркениеті сияқты қабырғалы өркениеттермен қоян-қолтық барыс-келісте болған.

Әдетте, дәстүрлі мәдениет шаруашылық негізіне қарай ас мәдениеті, киім мәдениеті, баспана мәдениеті және көлік мәдениеті деп үлкен төрт салаға жіктеледі.

Бұлардың ішінде ас мәдениеті барлық мәдениеттердің атасы деп қаралады. Өйткені адамзаттың тіршілігі азық іздеу, азық жинау және азық өндіруден басталған. Демек, бүтін тірліктің атасы азық-түлік болып табылады. Бағы замандарда мал шаруашылығын тіршілігінің тірегі еткен қазақтың арғы ата-бабаларының негізгі асы сүт пен ет болғанын тархи деректер растайды. Геродот ертедегі сақтар туралы: «Үлкендер жаңа сүтті аз ішетін болған, ашытылған жылқы сүтін (қымызды) ішетіндер көп еді. Бұл олардың ең негізгі күнделікті азығы еді» деп жазады. Ал ғұндар мен үйсіндердің ас-азығы жайлы деректер Қытайдың ертедегі тарихнамаларынан жолығады. «Тарихи жазбаларда»: «Ғұндардың арғы ата-бабалары шалғай терістікте малдың ыңғайына қарай көшіп-қонып жүреді. ... Елбасыларынан бастап кедей-кепшік, қарашаларына дейін ет жеп, теріден киім киеді, тон жамылып, киіз төсенеңді» делінеді. Бұдан сырт, «Ханнамадан» үйсіндердің басты азық-түлігінің ет пен сүт тағамдары екендігін білуге болады. Үйсін елі күнбиіне ұзатылған Хан патшалығы (б.з.д. 206-жылдан 23-жылға дейін) ханшасы Шижүннің елін сағынып шығарған «Аққу өлеңінде»: «Оларға (үйсіндерге) ет пен ашытылған сүт (қымыз немесе айран) азық екен» деген өлең жолдары бар [3].

Хан патшалығы дәуірінде батыс өңірден Қытайдың ішкі өлкелеріне күнжұт, әнжұр, қауын, қарбыз, анар, жасыл бұршақ, қияр, сарымсақ, сәбіз, усарымсақ, қызанақ, қара бұрыш, жаңғақ секілді азықтық өсімдіктер мен жеміс-жидектер енеді. Сонымен бірге батыс өңірдің тамақ түрлері мен тамақ өнері де қабылданады. Бұл тамақ түрлерінің ең айтулысы – ет асу, ет қақтау және қарынға салып ет пісіру (жаубүйрек) болған. Қытайдың тарихнамаларында қазақтың арғы ата-бабалары тұтынған тағамдардың қоректік қуаты да сөз болады. «Тарихи жазбаларда» берілген деректер бойынша, Хан патшалығынан ғұндарға ұзатылып келген ханша Жоңғаң юе: «Ғұнның халық саны Хан патшалығының бір аймағыныкіне жетпейді. Десе де, ғұнның соншалық құдырет тауып отырған себебы: киер киімі, ішер азығы оларға (қытайларға) ұқсамайды. ... Хан елінен әкелінген тағамдардың сүт-қаймақтай кенеулі еместігін жұртқа ұғындырған жөн дейді». Демек, бұл баяндаулар қазақ дәстүрлі ас мәдениетінің келу қайнарының алыста жатқандығын, ұлттық даралыққа ие болып қалыптасуы ұзақ даму барысын бастан кешіргенін көрсетеді.

Қазақ тағамдары әдетте, сүттен жасалатын тағамдар, еттен жасалатын тағамдар, дақылдан жасалатын тағамдар, көкөністен жасалатын тағамдар және түрлі жемістер мен ішімдіктер болып жіктеледі.

Сүт – қазақ халқының негізгі асының бірі, сүттен сан алуан тағамдар жасалған, әрі ол тағамдарды түрліше атаған. Жаңа туған қой, сиыр және ешкі сүті алғашқы күндері (бір апта ішінде) «уыз» деп аталады. Уызды пісіріп ішеді немесе ұйытып жейді. Ал төрт түлік малдың жаңа сауып алынған сүті жалпылай «шикі сүт» деп аталады. Жылқының немесе түйенің сүтін жаңа сауып алғанда «саумал» десе, ал ашытып бір күннен кейін ішетін түйе сүті – шұбат, жылқы сүті – қымыз. Қымыздың сақталу уақытының ұзаруымен байланысты «құнан қымыз», «дөнен қымыз», «бесті қымыз» деген түрлері болады. Сүтті пісіріп немесе ұйытып ішеді. Сүттен алынатын және жасалатын тағамдар: ійінді, жебінді, кілегей, қаймақ, сары май, ежігей, ірімшік, қайнатқан құрт, айран, сүзбе (қатық), сүзбе құрт, іркіт, піскен сүт, қорықтық, көк сүт, қаспақ, көк шалап, езген құрт, малта және т.б., сүт тағамдары жалпылай «ақ» деп аталады.

Қазақ халқы малдың, аңның және құстың етін негізгі азығының бірі ретінде тұтынады. Малдың етін жастай немесе сүрілеп асып жейді, сорпасын ішеді. Қамыр салып жесе оны «нарын» деп атайды. Ұсақ малдың етін өз қарнына салып, түрлі дәмдендіргіш қосып, қозға көміп пісіріп жесе, оны «жаубүйрек» деп атайды. Малдың, аңның және құстың жас етінен әр түрлі қуырылған тағамдар жасайды. Қуырылған

тағамдар ішінен «сірне», «қуырдақ» қатарлы тағамдарды ерекше атауға болады. Қазақ халқы етті қақтап та жейді. Ет қақтау негізінен малдың бүтін етін қақтау, немесе қол-қолымен, сан-санымен қақтау, болмаса ірі турап істікке шаншып қақтау, төс қақтау болып бірнеше түрге бөлінеді.

Қазақ халқының мал сою өнері өзіндік даралыққа ие болып, малды бата жасап, бауыздаған соң терісі сыпырылады не үйтіледі. Одан кейін еті әуелі бас-сирақ, мойын, қол, сан, қабырға, омыртқа, төс, ішек-қарын, өкпе-бауыр болып мүшеленеді де, одан ары бас – сирақ бас, жақ, сираққа; мойын – мойын омыртқа және мойын етке; қол – көрі жілік, тоқбас жілік, жауырынға; сан – асықты жілік, ортан жілік, жамбасқа; омыртқа – ауыз омыртқа, арқа, белдеме, құйымшақ, құйрыққа; қабырғалар – бұғана, қара қабырға, сүбеге; төс – төс сүйек, төс ет, төс етек, желінге ажыратылады. Ал ішек-қарын – қызыл өңеш, қарын, таз қарын, жалбыршақ қарын, ұлтабар, бүйен, ашы ішек, тоқ ішек, көтен ішекке; өкпе-бауыр – кеңірдек, жүрек, бүйрек, өкпе, бауыр, бауыр ет, көк бауыр, іш майға (шарбы, шажырқай, бүйрек майға) ажыратылады. Қазы, қарта, жал, жая тек жылқы мүшелерінде болады да, жылқы етінің ең дәмді жылы-жұмсағы деп аталады. Ірі қара малдың етін мүшелеп бұзу барысында түскен парша еттерінен шұжық, қыймай жасалады. Малдың безі, жыныс мүшесі сияқты керексіз мүшелерін алып тастайды. Етті бұлайша жіліктеп мүшелеу қонаққа ас ұстап, табақ тартып, сый-сияпат көрсетуде аса маңызды рөл атқарады. Қазақ қонаққа тартылатын табаққа баса мән береді, қонақтың жолына, жасына, жынысына қарай табақ жасайды. Көбінесе сый табақ (бас табақ), құда табақ, құдағи табақ, жеңге табақ, күйеу табақ, қыз табақ, құрдас табақ, бала табақ және т.б. деп бөлінеді.

Қазақ халқының дәнді дақылдардан жасайтын тағамдары нан (тонар нан, таба нан), көмеш, қалаш, қаттама, қарыма, тоқаш, бауырсақ, шелпек, күлше, кеспе көже, тары көже, бөртпе, женіт, талқан, бесбармақ, күріш көже, палау және т.б. деп аталады. Қазақ халқы картопия, сәбіз, сарымсақ, қызанақ секілді көкөністерді біршама көп тұтынады, олардан мәңті, лағман, самса, шошіре аталатын тағамдар жасайды. Усарымсақ, қарабұрыш, жабайы жуа делінетін көкөністерді түрлі тағамдарға қосып, дәмдендіргіш ретінде қолданады. Қазақ даласында жемістің алуан түрі өседі, жаз айларында ол жемістерді бірден тұтынады және одан тыс қысқа арнап сақтайды, түрлі сусын-тағамдар қайнатады. Қазақ халқының дәстүрлі сусындары да біршама мол: қымыз, шұбат, айран, көкшалап, іркіт, әркі сияқты ақтан жасалған сусындарға, қарақат шырыны, таңқурай шырыны, бүлдірген шырыны, шарап қатарлы жемістен жасалған сусындарға және боза, ашқыл қатарлы астықтан жасалған сусындарға жіктеледі. Ал шай қазақ халқы ең көп тұтынатын сусын саналады [4].

Қазақтың дәстүрлі киім мәдениетінің бай тарихы бар, ол қазақ халқы қалыптасуына негіз, ұйтқы болған Сақ, Ғұн, Юежы (Иүзі), Үйсін, Қаңлы қатарлы арғы ата-бабаларымыздың киім мәдениетінен бастау алады. Қезінде арғы ата-бабаларымыз әсем киінуді ғана емес, сонымен бірге әсемдік бұйымдармен жасануды да ерте игерген. 1969 жылы Алматы қаласынан 50 шақырым жердегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы Есік обасынан ежелгі замандағы Жетісу сақтарының экономикалық өмірі мен өнер-мәдениетін бейнелейтін мол мұра табылған. Бұл қабырға басын батысқа беріп шалқасынан жатқан 17–18 жастағы сақ жауынгері жерленген, ол басына 200-ден астам алтын әшекеймен безендірілген шошақ төбелі биік (65–70 см) тымақ киген. Бұлардың көбі барыстың, таутекенің, арқардың, жылқының, құстың кескінімен өрнектелген, бас киімнің маңдай жағы теке мүйізді қос аттың мүсінімен және ұзын екі қос жапырақпен, басқа да бедерлі шеттікпен безендірілген. Мойнына таққан, ширатып жасалған алтын алқаның ұшында жолбарыс бастары бедерленген. Оның сыртына

киген қызыл бұлғары бешпеті үш мыңға жуық алтын әшекеймен безендірілген. Оның ішінен матадан тоқылған іш көйлек киген. Беліне кесек алтынмен әшекейленген қайыс белбеу буынып, оң жағына ұзын темір семсер, сол жағына алтынмен әдемілеп апталған темір қанжар асынған. Демек, бұдан біз сақтарды негіз еткен қазақтың арғы ата-бабаларының киім мәдениетінің даму өресін көре аламыз.

Қазақ халқы: «адам көркі – шүберек» дейді. Бұл талай ғасырлық тәжірибеден өтіп, әбден екшеліп бізге жеткен сара сөз. Халқымыз атам заманнан бері осы қағиданы берік ұстанып, сан сырлы киім үлгілерін жасап, киініп келген. Осылайша жер бетін алуан түрлі әсем гүлдер қалай құлпыртса, сан түрлы қазақ киімдері қазақ даласына сондай сән беріп келген. Табиғат төсінде еркін ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз күні кешеге дейін өзінің әдет-ғұрпымен, дүниетанымымен сабақтасып жатқан төл киімдерін киіп келген. Еш уақытта да бірдей, бір үлгіде киінбеген.

Қазақ дәстүрлі киімдері тарихи тұрғыдан қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ежелгі киімдері, қазақ хандығы тұсындағы киімдер, қазақтың бүгінгі дәуір киімдері болып жіктелсе, пайдалану, қолдану ерекшелігіне қарай күнделік тұрмыс киімдері, сәндік киімдер, жауын-шашын киімдері болып жіктеледі. Адамның әлеуметтік тегіне, мәртебесіне қарай жоғары жік киімдері, батырлар мен сарбаздар киімдері, малшылар мен аңшылар киімдері, діни қайраткерлер киімі (молда-қожалар киімдері мен бақсы-балгерлер киімдері), ғұрыптық киімдер (өлім-жітімде, той-томалақта киетін киімдер), билер, сал-серілер киімдері болып жіктеледі. Адамның жасы мен жынысына қарай сәбилер киімі, балалар киімі, бозбала, бойжеткен қыз, жаңа түскен келін киімі, саркідір орта жастағылар киімі, қарттар киімі деп жіктеледі. Дене мүшелеріне қарай бас киімдер, ұлы дене киімдері (сырт киімдер, іш киімдер), аяқ киімдер, қосалқы киімдер деп жіктеледі. Мезгілге қарай жаздық киімдер, қыстық киімдер және көктем-күз киімдері деп бөлінеді. Сонымен бірге қазақ киімдері өңірлік, рулық сипат алады.

Қазақтың арғы ата-бабалары киіз үйді негіз, там және ағаш үйді қосымша еткен баспана мәдениетін қалыптастырған. Зерттеулерге қарағанда, заманымыздан бұрынғы 7-ғасырларда киіз үй нақтылы қолданыла бастаған. Геродот байырғы көшпелі сақтардың киіз үйлерде тұратындығы жәйлі жазса, батыс Хан патшалығынан қазақтың арғы тегі үйсін еліне ұзатылған Шижүн ханыша өзінің «Аққу өлеңінде»: «дөңгелек үй, туырлық там орнына» деп, киіз үйді сүреттейді.

Қазақ киіз үйінің жасалу формасы өзгеше болып, аса көркем, әрі нақтылы тұрмыста қолдануға ебдейлі, ол ғасырлар бойы қазақ үйшілерінің ақыл-парасаты мен ұқыпты ізденістері негізінде дүниеге келген қазақтың баспана құрылысы. Киіз үй әр түлік малдың жағдайына қарай маусым сайын шөптің сонысы мен судың тұнығын қуалап көшіп-қонуға, тігуге, жығуға қолайлы құрама үй. Киіз үй орнықты, істетуге толымды, жанға жайлы, әрі жаңбырдан, ызғардан (суықтан), жер сілкінісінен сақтау, ортаны қорғау сияқты ерекшеліктерге ие. Киіз үйдің ішкі ауасы таза, оған күннің нұрлы сәулесі толық түседі. Міне осындай қасиеттері болғандықтан, киіз үй неше мың жылдан бері қазақ халқының жанға жайлы баспанасы болып келеді. Қазақ киіз үйі түрлі материалдардан жасалады және түрлі бөліктерден құралады.

Қазақ киіз үйінің дәстүрлі тұлғасы (қаңқасы) жоғарыдан төмен қарай: шаңырақ, уық, кереге және есік сияқты төрт бөлімнен құралады, шаңырақ қазақ киіз үйі төбесінің дәл ортасына орналасқан, үй күнбесінің төбесі, әрі терезесі есептеледі. Уық шаңырақ пен керегені тұтастырып тұрады. Шаңырақтың көз саны, уықтың саны және керегенің аша бас саны сайкесті өзара тең болып, тігілген үй ағашы (құрастырылған үй ағашы) бір бүтін геометриялық объектіні қалыптастырады. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған шым ши ұсталады. Кереге мен уықтар терме бау,

басқұр және басқа да бау-шулармен бекітіледі. Үй ағашының сыртынан арнаулы үй киіздері – қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түңлік жабылады. Киіз үйде өрнек түсіріліп, шиден тоқылып, киізбен қапталған түсірме есігі немесе ағаштан көркемделіп, оюлап жасалған қос қанатты ағаш есігі (сықырлауық) болады. Киіз үйді тігерде түзең жерден жұрт таңдалып, оның есігі тұрмысқа қолайлы жаққа қаратылады. Қазақ киіз үйінің ішкі жасау-жабдықтары аса көркем болып, олардың орналастырылуы белгілі ғылыми заңдылыққа ие.

Тарихтан алып қарағанда, киіз үй шынында көшпелі тұрмыс қажетінен туып дамыған, ол кемелдену барысында белгілі бір ғылымдық, яғни математика мен физика ғылымының қағидасы бойынша тұрмысқа қолайлы әрі жауын-шашын мен боранға төзімді етіп жасалған. Қысқасы, қазақ киіз үйі қазақ халқының аса маңызды өнертапқырлықтарының бірі болып табылады [5].

Қазақтың арғы ата-бабалары жылқыны негіз, түйе мен сиырды қосымша еткен көлік мәдениетін қалыптастырған. Сақтардан таралған қазақтың арғы ата-бабаларының адамзат мәдениетіне қосқан ең зор үлесінің бірі жылқыны қолда үйрету деп саналады. Жылқының қолда үйретілуі жөніндегі ең алғашқы археологиялық деректерге үңілсек, Қазақстан аумағындағы Ботай мәдениеті көне жұртынан және басқа өңірлерінен байқалған. Бұл кезең б.з.д. 4000 - 3500 жыл аралығына сәйкес келеді. Демек, археологиялық зерттеулер, жылқының алғаш қолда үйретілуінен, азыққа, көлікке, атты жасақ жасақтауға пайдалануынан бастау алған жылқы мәдениеті, әуелі Орталық Азияда және онымен шектес терістік, батыс өңірлердегі сақтардан таралған қазақтың арғы ата-бабаларының мекенінде пайда болып, соңынан төңіректің төрт бұрышына таралғандығын дәлелдейді.

Геродот Каспийдің шығысындағы байырғы сақ тайпалары сарматтар мен скифтер туралы, олардың ірі қара мал бағуға, әсіресе жылқы өсіруге ерекше мән бергендігін, скифтердің барша тіршілігі жылқымен байланысты болғандығын жазады. Ал Қытай тарихнамаларында ғұндар туралы «жас өспірімдері құс, тышқанды садақпен дәлдеп атуды үйренеді. ... жігіт-желеңі шетінен садақ асынып атты сарбаз болады» десе, Юежілер туралы деректерде, олар «жылқылы ел» деп аталады. «Шанхайжиң» атты шығармада: «Юежілер елінде жақсы ат көп» десе, Шүй соң: «Юежілер елінде неше жүз мың мініс аты бар» дейді. Үйсіндер туралы деректер де, олардың жылқылы ел екендігі, байларында 4-5 мыңға дейін жылқы болатындығы баяндалады. Археологиялық қазбалар барысында Сақ, Үйсін молаларынан көр жолдасқа қоса көмген жылқы сүйектері көптеп кезігеді. Ал Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Тобыл өзенінің аңғарындағы Сынташта мәдениет жұртынан байқалған археологиялық деректер жылқының алғаш Орталық Азияда шамамен б.з.д. 2000 жылдықтың басында арбаға жегілгенін дәлелдейді.

Қысқасы, жылқы қолда үйретілгеннен кейін, бірте-бірте сақтардан тараған қазақтың арғы ата-бабаларының тұрмысында өзіне лайықты маңызды орнын алып, олардың табыну нысаны, ардақтау нышаны, ләззат көзі, эстетикасының қайнары, артынса көлігі, қиналса серігі, шаттанса сауығы, шөлдесе сусыны, ашықса азығы, тіріде қанат-құйрығы, өлгенде көр жолдасы, сән-салтанат, айбатының белгісі, күш сынасар қаруы, махаббатының дәнекері, қайғы-шерін сейілтер қормалы болады.

Жылқының қолда үйретілуі тұтас адамзат тарихын өзгертіп, адамзат мәдениетінің бет-бейнесінде зор бұрылыс туғызды. Адамзаттың көші-қоны, барыс-келісі, жортуыл-жорығы, хабар-ошары, қимыл-қозғалыс аумағы сияқтылардың барлығы өзгеше жаңа бейнеге енді. Соғыс жиі туылып, барған сайын қиян-кескі, сұрапыл болды. Соғыстың көлемі мен соғыс шарпатын аумақ та барынша кеңейді. Ақпараттың тарайтын аумағы

ұлғайды, таралу қарқыны тездетілді. Жылқы жай ғана көлік болған жоқ, ол жылқы мінген ұлттар мен ұлыстардың рухын ұштады, жігерін шыңдады. Адамзаттың тәуекелшіл, қатаң, қағылез, ширақы, сезгір, қайсар, қажымас, еркін мінез-құлық қалыптастыруына түрткі болды. Сондықтан да ат құлағында ойнаған көшпенді ата-бабаларымыз тәуекелшілікті, қатаңдықты, қағылездікті, ширақылықты, сазгерлікті, қайсарлықты, еркіндікті сүйді. Оған құмар болды, одан эстетикалық сұлулық қалыптастырды.

Қазақ халқының дәстүрлі көлігінің бірі түйе болып, ол «қара жердің қайығы» деп аталды. Түйе азық талғамайды, құмдағы тікенді өсімдіктердің барлығын жей береді. Шөлге шыдамды, қу медиен далада неше күндеп су ішпесе де төзе алады. 150-180 келі жүк артқан түйе бір күнде 70-80 шақырым жол басып, тоқтаусыз неше күн жүре береді. Түйе ыстыққа да, суыққа да төзімді, оның жүрісі жылқыдан баяу болғанмен, төзімділігі жылқыдан артық болады [6].

Қорытып айтқанда, қазақ халқы өзі өмір сүріп отырған жаратылыстық ортаға, тіршілігінің тірегі еткен шаруашылық негізіне, одан өнім өндіру тәсіліне қарай, өзінің өмір сүруі мен өркендеуінде кем болса болмайтын, болмыс-бітімі өзгеше, ұлтық бояуы айқын ішер ас, киер киім, тұрар үй, мінер көлік сынды сыртқы көрнеу мәдениетін қалыптастыра білумен бірге, ондағы қол жеткізген қайталанбас құндылықтары арқылы бүкіл адамзат мәдениетіне де өшпес үлес қосқан. Сондай-ақ, сыртқы көрнеу мәдениетінің қалқасына жасырынған, санасында сақталатын, бай да кемелді ішкі көмескі мәдениетін де қалыптастыра білген. Нақтылап айтсақ, бұл ішкі көмескі мәдениет, ата-бабаларымыз жаратқан заттық-материялдық өнімдерді өндіруге қажетті шикізатты даярлау, оны мәнерлеу, тұтынуға болған эстетикалық танымы мен талғамы, білімі мен өнері, ондағы наным мен сенім, салт пен сана секілділердің барлығын қамтып жатады. Ол арнайы сөз етуді, арнайы зерттеуді, айқындап таныстыруды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мырзақанұлы Ж. Қазақ мәдениетінің айдыны. – Үрімжі: Шинжияң жастар-өрендер баспасы, 2006.
2. Қазақтың қысқаша тарихы. Шинжияң қоғамдық ғылымдар академиясы. – Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2009.
3. Құмарұлы Я. Көшпелілер және орта жазық мәдениеті. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2011.
4. Омаров Е.С. Қазақ өркениеті. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2008.
5. Қазақ мәдениеті (энциклопедиялық анықтамалық). – Алматы: «Аруна» баспасы, 2005.
6. Шүи уанбаң, Чи чинфу. Жұңго аз санды ұлттар мәдениеті. – Бейжиң: Орталық ұлттар университетінің баспасы, 1996.

УРИМЖИБАЙ ЖЕТИБАЙУЛЫ

КАЗАХСКАЯ КУЛЬТУРА В КОНТЕКСТЕ ЦИВИЛИЗАЦИИ: НАЦИОНАЛЬНОЕ СОЗНАНИЕ И ТРАДИЦИИ

В статье автор дал определение «культура» и его методы классификации в соответствии с историей развития цивилизации. Культура цивилизации классифицируется как материальная и духовная культура, традиции и общественные правила. Показаны особенности национальной идентичности и традиций казахской культуры: географическое положение положительно повлияло на евразийскую интеграцию. Исторические данные свидетельствуют о том, что материальное наследие на каждом этапе развития общества было в то время экономически эффективным. Доказано, что древние моральные ценности казахской нации до сих пор остаются актуальными.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: культура цивилизации, материальная культура, духовная культура, общественные правила, традиции, традиционная казахская культура, национальное сознание и традиции, духовные ценности

YRIMJIBAI ZHETIBAYULY

KAZAKH CULTURE IN THE CONTEXT OF CIVILIZATION: NATIONAL CONSCIOUSNESS AND TRADITION

In the article the author defined the "culture" and its classification methods in accordance with the history of the development of civilization. Culture of civilization is classified as material and spiritual culture, traditions and social rules. The peculiarities of the national identity and traditions of the Kazakh culture are shown: the geographical situation positively influenced the Eurasian integration. Historical evidence suggests that the material heritage at every stage of development of society was at that time cost-effective. It is proved that the ancient moral values of the Kazakh nation are still

KEYWORDS: culture of civilization, material culture, spiritual culture, public rules, traditions, traditional Kazakh culture, national consciousness and traditions, spiritual values

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ: «ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыруды міндеттеп, «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз» деген болатын. Осы жобаға байланысты атқарылып жатқан аударма жұмысын талқылауға арналған «Қазіргі ғылыми аударма теориясы мен практикасы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда қазіргі уақытта философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, дінтану, тіл білімі, экономика, менеджмент пен кәсіпкерлік салалары бойынша әлемнің үздік оқу орындарының қолданысындағы ең танымал оқулықтар қазақ тіліне аударылып жатқаны хабарланды. «100 жаңа оқулық» бағдарламасын жүзеге асыру үшін «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры құрылып, оның үйлестіруімен аударма жұмыстары жүріп жатқандығын атқарушы директор Рауан Кенжеханұлы баяндап берді. Биыл 17 оқулықты аудару бекітіліпті. Оқулықтарды іріктеу үшін барлық жоғарғы оқу орындарынан 800-ге тарта ұсыныс түскен. Жалпы алғанда 90-нан астам адам жұмыс істеп жатса, олардың көпшілігі жоғары оқу орнының профессор-оқытушылары. Себебі оқулықтар аудиторияда қолданылатын болғандықтан осы оқулықтармен жұмыс істейтін педагог мамандардың араласқаны дұрыс деп шешілген.

Бұл жұмыс бірнеше кезеңнен тұрады. Келешекте бұл оқулықтарды студенттер көбірек пайдаланатындықтан, оқытушылардың өздері таңдап алып отыр. Екінші кезеңде оқулықтарға ғылыми редактор экспертиза жасайды. Үшінші кезеңде оқулық әдеби редактордың қолына түседі. Оған тіл мамандары іріктеліп алынған. Әдеби редактор тілдік құрылымдардың сақталуына, грамматикасына, стилистикасына көбірек маңыз береді. Ең шешуші кезең жауапты үйлестірушіге тиесілі. Ол аудармашы мамандармен, ғылыми және әдеби редактормен бірлесе отырып, шешуші жұмыс атқаратын маман. Осы кезеңнің бәрінен өткеннен кейін ғана оқулық басуға жіберіледі. Термин мәселесінде шешілмеген түйткіл көп. Оқулықтарды аудару процесінде де терминдердің өзекті болып тұрғаны белгілі. Әзірге термин мәселесінде ғалымдар, ғылыми редактор, әдеби редактор ақылдаса отырып, жұмыс атқаруда. Келешекте аудармашылардың ассоциациясын құру жоспарлануда. Соның аясында ғылыми терминдерді іріктеп, жаңа сөздік жасауға да болады. Қазір аудармашылар қолданыста жүрген салалық сөздіктердің де арасында күмән туғызатын аудармалар бар екенін жиі айтып жүр. Сондықтан аударма аясында жан-жақты талқыланды терминдерді жинақтап, сөздіктерге айналдыру мәселесі де ойластырылуда.

Ұлттық аударма бюросы аударма саласында белгілі бір тәжірибелерге сүйеніп отыр. Оқулықтарды аударып, басу құқығына ие болу үшін дүниежүзіндегі ең мықты әрі ең беделді баспа орталықтарымен жұмыс істелуде. АҚШ, Ұлыбритания және Ресей баспаларымен келісім жасалған, бұл ұйымдардан оқулықтардың авторлығын ғана алмай, жасалуы, беттелуі, аудару методикасы да қолданылады.

Оқулықтар қандай критерийлер бойынша жинақталып алынды? Ең алдымен, оқулық дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы оқу орындарында қолданыста болуы шарт. Екіншіден, бұл оқулықтар кемінде үш рет баспа жүзін көруі тиіс. Яғни, өзінің өміршеңдігін дәлелдеген оқулық болмаса, онда біздің талапқа сай емес деген сөз. Үш деп шартты түрде қойылғанмен, таңдап алынған оқулықтардың алды он рет қайта

басылып шыққан. Үшіншіден, соңғы үш жылда оқулық студенттер үшін де, оқытушы мамандарға да қажетті, таптырмас оқу құралы болуы керек. Заманауи талаптарға сай болмаса, ол оқулықтың қажеті шамалы. Осының бәрі ескеріліп, әбден електен өткен оқулықтар ғана таңдап алынған.

Кітап беттелген соң, kitap.kz сайты арқылы қоғам назарына ұсынылады. Яғни, сын, ұсыныс-пікірлер кітап басылғанға дейін ескеріледі. Бұл бастама құптарлық екен. 10 мың тиражбен шығып кеткен соң іске алғысыз етіп сынағанша, алдын ала оқып, ел болып, жанашырлықпен ұсыныс-пікір жасағанымыз абзал. Бұқараға құпия болмасын деп Ұлттық аударма бюросы оқулық жасауға қатысып жатқан мамандардың тізімін де жасырмады. Мысалы, ғылыми редактор тізіміне қарайық: С.Оспанов (филос. ғ.д.), Д.Раев (филос. ғ.д.), Д.Кенжетай (теология ғ.д.), Г.Әбдірайымова (әлеуметтану ғ.д.), А.Құлсариева (филос. ғ.д.), А.Масалимова (филос. ғ.д.), А.Құрманалиева (филос. ғ.д.), Г.Нұрышева (филос.ғ.д.), Д.Дүйсенбеков (пс.ғ.д.), Қ.Күдерінова (филол. ғ.д.), С.Өмірзақов (экон.ғ.д.), т.б. Стилистикалық редакторлар мен жауапты редакторлар құрамы да осал емес екен: Әлия Бөпежанова, Нұртөре Жүсіп, Есей Жеңісұлы, Есенгүл Кәпқызы, Алмат Исәділ, Күлән Берікбол, Мұхтар Сеңгірбай, Жұлдыз Әбділда, Назгүл Қожабекова, Зәуре Зақанқызы, Серік Үркімбаев, Қаракөз Смәділ, Гүлзина Бектасова, т.б.

Ұлттық аударма бюросы тәржімалап жатқан 17 кітаптардың тізімі төменде ұсынылған:

1. Derek Johnston. A Brief History of Philosophy: From Socrates to Derrida
2. Anthony John Patrick Kenny. A New History of Western Philosophy (In Four Volumes). Volume 1
3. Anthony John Patrick Kenny. A New History of Western Philosophy (In Four Volumes). Volume 2
4. Реми Хесс. 25 ключевых книг по философии
5. David Brinkerhoff, Suzanne Ortega, Rose Weitz. Essentials of Sociology. 9th Edition
6. George Ritzer. Sociological Theory. 10th Edition
7. Elliot Aronson. The Social Animal. 11th Edition
8. Duane P. Schultz, Sydney Ellen Schultz. A History of Modern Psychology. 11th Edition
9. David Myers. Social Psychology
10. Gregory Mankiw. Economics. 4th Edition
11. Donald F. Kuratko. Entrepreneurship: Theory, Process, and Practice. 10th Edition
12. Ricky W. Griffin. Management. 12th Edition
13. Karen Armstrong. A History of God: The 4,000-Year Quest of Judaism, Christianity and Islam
14. Victoria Fromkin, Robert Rodman, Nina Hyams. An Introduction to Language, International Edition
15. Светлана Тер-Минасова. Язык и межкультурная коммуникация
16. Alan Barnard. History and Theory in Anthropology Theory
17. Klaus Schwab. The Fourth Industrial Revolution

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті дінтану кафедрасының меңгерушісі, профессор Досай Кенжетай басқаратын топтың таңдап алған оқулығы – Карен Армстронгтың «Тәңірдің тарихы» атты еңбегі. Бұл кітап иудаизм, христиан және ислам дінінің тарихын қаузады. Оның осы тақырыппен айналысып жүргеніне де 20 жылға жуық уақыт болыпты. Бұл жөнінде арнайы магистрлік диссертация қорғалған. Аударманың ең басты шарты – тіл білу емес. Аударманың құбылысын танып білу. Ол

ұғымды танып-білмеген адам ешқашан аударма жасай алмайды. Кітаптың мазмұнын бағдарласаңыз, бұл тарихи ұстаныммен жазылған. Бүкіл адамзаттың тарихында үлкен орын алатын археологиялық жазбалары, жазу қашан пайда болғаны туралы оқулықта жан-жақты қамтылған. Тағы бір дүние, кез келген оқулықты аударғанда өз тілімізге қарай ыңғайлауға болады. Мынау «батыстың термині», «мынау басқа ұлттың термині», «бізге сәйкес келмейді» деген ұғыммен қарайтын болсақ, қазақ тілінің ғылыми байлығын ешқашан байыта алмаймыз. Бұл – бір. Екіншіден, біздің тілде исламның терминдері жеткілікті. Әлі күнге дейін кейбір тілшілеріміз «бұл арабизм», «бұл иранизм» деп жатады. Біз мұндайдан бас тартуымыз қажет. Араб тілінен енген сөздің барлығы өркениеттік дүниетанымды, болмысты, табиғатты айшықтайтын тілдік ойлау жүйесінің негізгі сұлбасы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы осындай бастамаларды ел талқысына көбірек салудың қажеттігін негіздеді. Бұған дейін де елімізде ірі аудармалар жасалды, алайда олар маман талқысына түскен жоқ. Қазір тіпті сол еңбектер ауызға да сирек алынады. Қуанышты жағдай – «Ұлттық аударма бюросына» тапсырылған «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасында еңбектер ағылшын, француз тілдерінен қазақшаға тікелей аударылып жатқаны. Бұл – өте керемет бастама. Өйткені біз көркем әдебиет болсын, ғылыми әдебиет болсын бәрін орыс тіліне аударылған нұсқадан тәржімалайтынбыз. Түпнұсқа тілден тікелей аудару қазақ тілінің мүмкіндігін, сөз жоқ, молайтады. XX ғасыр басында Ахаң бастаған қазақ зиялылары ғылым тілін қазақыландыруды бастап, жақсы үрдіске айналдырып келе жатыр еді. Байтұрсынұлының – «Әдебиет танытқышы», Мағжанның – «Педагогикасы», Жүсіпбектің «Психологиясы» осындай қажеттіліктен туды ғой. Бұл үрдіс жалғаса бергенде қазақ тілі қазіргідей жолайрықта тұрмас еді. Мысалы, Ахаң «растение» сөзін «өсімдік» деп аударды. Өткен ғасырдың басында қазақта мұндай сөз жоқ болатын. Қазір тілімізге кіріккені соншалық – неше ғасыр қазақпен бірге жасасып келе жатқандай көреміз. Демек, жаңа аудармаларда біз тіліміздің тірі екенін танытуға тиіспіз.

Дайын нәрсені ала салу – ең оңайы. Плюс, минус дегендерді қосу, алу, бөлу деп аудардық қой. Халықаралық термин дегенді ұстанып алдық. Қытай тілінде халықаралық термин деген ұғым жоқ. Басқа тілдерде де жоқ. Оны біз зерттеп көрдік. Бәрін термин деп енгізе беруге болмайды. Сонда бізде фонетикалық заңдылық жоқ па?! Ағылшын терминологиясының 75-80 пайызы – француз сөзі. Ресейдің де сөздерінің 70-80 пайызы кірме сөздер. Орыстың кез келген сөзін түбіне дейін зерделесек, батыстың терминдері. Батыстың терминдерін орыс тілінде жасауға неліктен рұқсат берді? Стиль туралы да бірауыз сөз айта кеткім келеді. Көркем әдебиетті аударуда біраз жақсы дүниелер бар. Алайда ресми және ғылыми техникалық әдебиетті аударуда ойланатын дүниелер жетерлік. 80-90 пайыз оқулықтарды оқыған кезде қазақша тіл білетін адам қиналады. Әрбір сөйлем орыс тіліндегі түпнұсқамен, сөйлем құрылысымен сақталып отырғандықтан, ғылыми әдебиет тілі – өте ауыр. Қысқасы, қазақы стиль сақталып, мазмұн өзгермеуі керек.

Ұйымдастыруға байланысты айтар ұсыныстар да жеткілікті. Біріншіден, қысқа мерзімде еңбектердің 70-80 пайызы аударылыпты. Өте шұғыл жасалып жатқаны, жұмыстың қарқыны бірден байқалып тұр. Екіншіден, әр саланың жетекшілері мен оқулықтар іріктелініп алынды. Дегенмен бұл істе жариялылыққа үлкен мән беру қажет. Мейлі 5 оқулық болсын, мейлі одан да көп болсын, тек қана мамандар емес, көпшілік қалайтын оқулықтар таңдалып алынуы тиіс. Келесі оқулықтарды таңдауда осыны ескергеніміз дұрыс секілді.

Аударманың бір жарым ғасырға жуық тарихы бар. Ыбырай мен Абайдан басталып, бер жағында Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бар. Осының

бір ғасырлық тарихын алып қарағанда, екі түрлі үрдіс, тенденция байқайсың. Біріншісі – Абай бастаған, Шәкәрім, Алаш зиялылары жалғастырған Жүсіпбек Аймауытовқа дейінгі аудармашылардың дені аударманың түпнұсқасы мен стилін сақтаудан гөрі ұлттық нақыш пен бояуға мән беріп, сөзді де, стилін де қазақ топырағына бейімдеген. Екіншісі, қазіргі аудармада дәлдікке көбірек мән беріледі. Аударма түпнұсқа шылауынан шыға алмау – шала-жансар терминдердің туындауына әкеп отыр. Халықаралық термин деп көп терминге тіпті шаң жуытпайды. Халықаралық термин деген тіркестің өзін біз ойдан шығарып алып жүрген жоқпыз ба? Ғылыми еңбекті ағылшын таза өз тілінде, неміс таза өз тілінде жазады. Бізге не кедергі? Ең қуантарлық дүние, түпнұсқадан тікелей аударуға көшіп отырғанымыз.

Ақын Есенғали Раушанов өзі басқаратын «Жазушы» баспасынан әлемдік философиялық мұра 20 том, әлемдік мәдениет 10 том болып жарық көргенін мәлімдеді. Дегенмен Орта Азияда, оның ішінде, жалғыз Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар әдебиеттер мемлекеттік бюджет тарапынан қаржыландырылады. Бұл – Қазақстанның үлкен бір ерекшелігі. Басқа мемлекеттерде кітап шығару – ауыр әрі маңызды іс. «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген сөз бар. Қазір үлкен ауқымды іс қолға алынып отыр. Іске сәт! Егемендік алғалы бері екі институтымыз жабылып қалды. Біріншісі – аударма редакторлары институты, екіншісі – корректорлар институты. Сол институттар мықты болатын. Аудармашылардың қалыптасқан қазақ мектебі болды. Ахмет Байтұрсыновтан бері келе жатқан мектепті жалғастыру керек. Сол үрдіс үзіліп қалды. Бұл – атүсті қарайтын емес, маңызды ұйым болуға тиіс деп есептеймін. Тілтануға қатысты бөлімде атқарылар біраз шаруалар бар. Елбасымыздың «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келіп жатқан мамандар өте көп. Барлығы ағылшын тілін жетік меңгерген. Тарихшыларымыз, заңгерлеріміз, экономистеріміз, басқа да мамандарымыз дайын. Алайда аударма саласы бойынша бірде-бір маман «Болашақ» бойынша бітіріп келген жоқ. Келешекте осыны ескергеніміз жөн-ау. Аударма саласы – оңай шағыла қоятын жаңғақ емес. Бізге тіл білетін маман емес, кәсіби аудармашы қажет. Ол екі тілді (қазақ және ағылшын) қатар меңгерсе, ғажап болар еді.

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары Анар Фазылжанова заманауи ұғымдарды ұлттық дүниемен, стильмен байланыстыра отырып аударуды ұсынды. Бұл оқулықтарды басқаша жолмен аударудың қажеті жоқтығын негіздеді. Аталмыш институт ғалымдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігін» шығарып, қаншама ұлттық мұра мен дүниені анықтап берген. Сол сөздік осы жобада пайдаланылса дұрыс. Себебі, бұл лексикографиялық емес, лингвокультурологиялық мәдени-танымдық еңбек. Бергісі Алаш, арғысы барлық түркі дүниесіне ортақ тіліміз болған. Бүкіл түркілер сол жазба тілімен бір-бірімен түсініскен. Ол ислам өркениетінің қазақ даласында, түркі даласында гүлденген дәуіріне қызмет еткен тіл болған. Сол тілде діни лексиканың барлығы қазақтың мәдениетін жасаған. Мәшһүр Жүсіпті оқысаңыз, тұнып тұрған діни лексика. Бұл діни дискурста қолданылатын сөздер. Тек қана қазақша жазамыз деп те айтуға болмайды. Бір сөздің әртүрлі дискурстағы модельдері болуы керек. Сондықтан әдебиеттерде осы ерекшеліктерді, тілдік дискурстарын сақтауымыз керек. Мұны бастаған – Алаш зиялылары. Мәселен, Мағжанның «Педагогикасын», Жүсіпбектің «Психологиясын» алып қарасақ, барлық терминдер қазақтың сөзжасамдық ұлттық уәждерін сақтаған. Терминдер пайдалануда осы еңбектерді қолданса игі. Бір өкініштісі, біздің ұрпақ сол ұлттық уәжден алыстап кетті. 15 томдық түсіндірме сөздікте сол уәждерді зерделеп жаздық.

Аударма кезінде қалыптасқан терминдер өзгеріссіз қалса деген ұсынысымыз бар. Мысалы, «потенциал» сөзі «әлеует» болып аударылды. Алдағы уақытта «потенциал»

сөзін қазақ тілінде қолданбаған жөн деп есептейміз. Сол тәрізді жиілігі қатар қолданылатын сөздерге герменевтика заңдылығына сүйене отырып пайдалануды дұрыс деп санаймыз. Бұған мысал «құнсыздану» және «девальвация» сөздері. Мұндай нұсқалар өте көп. Аударма кезінде осындай түрлі мәселелер туындауы мүмкін.

Тіл білімі институты жаңа бастаманы қолдап, көмектесуге әрдайым дайын. Келесі мәселе, мәтін мазмұны әртүрлі болуы мүмкін. Ол кімге арналуына орай түрленеді, бірақ мазмұны сақталады. Осындай жағдайда шығармашылыққа жол беріп, оны түсіндіріп, ағылшын тіліндегі нұсқасын көрсетіп, астына сілтеме шығарып анықтама берген дұрыс. «Қазақ» газетінің редакторы болған Ахмет Байтұрсынов әлемдік ақпараттарды берген кезде осындай құралдарды жақсы қолданған.

Сүлеймен Демирел университетінің әлеуметтік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі Мұхтар Сеңгірбай сынның болуы шарт екеніне тоқталды. Оқулықтардың дені түпнұсқадан аударылып отыр. Жұмыстың қиындығы неде? Кез келген оқулықты түпнұсқадан, оның үстіне ағылшын тілінен тікелей аудару аудармашыға оңай тимейтіні анық. Мұндағы ең бірінші қиындық – терминдер өте көп. Ағылшын тіліндегі мағынасын түсінгенімізбен, қазақ тіліне ауысқанда мазмұны өзгеріп кетуі мүмкін. «Әлеуметтану негіздері» оқулығының орыс тіліндегі аудармасы бар. Бірақ біз оған көп маңыз беріп отырған жоқпыз. Негізінен, түпнұсқа бойынша аударма жасауымыз қажет. Рухани жаңғыру бағдарламасының талабы осындай. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасына қойылған мақсат – түпнұсқадан қазақшаға аудару. Әрі орыс тіліндегі нұсқалардың көпшілігі сәтті аударылған деп айта алмаймыз. Түпкі мағынасынан ауытқып кеткен терминдер де жетерлік. Сондықтан да түпнұсқадан тікелей аударма жасалғанды дұрыс. Кейбір терминдерді аударғанымызбен, кейбірін сол күйінде қалдыруға тырыстық. Мағынасы өзгеріп кетпегенін қаладық. Термин ғана емес, ағылшын тіліндегі кейбір сөздердің қазақша баламасы жоқ. Онда не істеу керек? Мұның бәрі көпшіліктің ақылдасуымен, кеңесуімен атқарылатын шаралар. – Түпкі мағынасынан өзгеріп кетпеу үшін терминдердің қазақша баламасын пайдалануға бола ма? Контекстке қарай кейде синонимдерін пайдалануға тура келеді. Тура мағынасында болмаса да, сөйлемнің мазмұнына дәл келетіндіктен, кей сөзді өзгертіп алдық. «Біткен іске сыншы көп» дейді. Ертең бұл оқулыққа да сын айтушылар көбеюі мүмкін бе? Сын көп болады. Оның себебі, кейде аудармашылармен келіспейтін тұсымыз да кездесіп қалады. Олардың өзі біздің бекіткен кейбір сөздерімізді қабылдамайды. Олар өздерінің нұсқасын дұрыс деп қарайды, біз өз нұсқамызды дұрыс деп ойлаймыз. Сол секілді, көптің көңілінен шығу мүмкін емес. Бұл жоба да тура Ахмет Байтұрсыновтың заманындағыдай дүние. Олар да педагогика, психология, биология оқулықтарын жаңадан дайындап шығарды. Келешекте терминдер де қайта қалыптасуы мүмкін. Бұл оқулықтар жаңа сөздер шоғырын түзетін болады. Сондықтан тәуекелге барғанымыз дұрыс. Әрі бұл сәтті бастама деп білемін. «Көш жүре түзеледі».

Өл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Әлия Масалимова осы жоба аясында қазір көбінесе батыс ғалымдарының еңбегіне жүгініп, соларды аударып жатқанымызды, оның бұрыннан бар дәстүр екеніне назар аударды. Дегенмен алдағы уақытта «100 жаңа оқулық» тізіміне шығыс тілдерінен де сүбелі еңбектерді аударуды ескерсек жөн болар еді. Біріншіден, олар бізге тілі, ділі, географиялық орналасуы жағынан жақын. Екіншіден, батыс авторларының еңбектерінде шығыс ойшылдары көбінесе ескерусіз қалады. Міне, осы олқылықтың орнын толтырып, ғылым ауқымын кеңейте түссек, нұр үстіне нұр болар еді.

ҚазМҰУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі Гүлжиһан Нұрышева өз

топтары аударып жатқан Д.Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» еңбегіне тоқтала келе, бұл кітаптың студенттерге ғана емес, жалпы оқырман қауымға да қызықты болатынын айтып өтті. Ғалымның айтуынша, Джонстон еңбегі идеологиялық тұрғыдан бейтарап, басылым түрі өте қарапайым. Мұнда философияны біздегідей дәуірлерге немесе белгілі бір елдерге теліп емес, философиялық тұлғалардың шығармашылығын талдау арқылы беру үлгісі ерекше. Сондықтан оқырман ежелгі Сократтан бүгінгі Дерридаға дейінгі ғұлама философтардың еңбегіне еркін қаныға алады. «Кезінде Ресей патшасы І Петр билікті қолға алған сәтте екі нәрсені бірінші болып іске асырыпты: біріншісі – жастарды шетелде оқыту; екіншісі – шетелдік алдыңғы қатарлы ғылыми еңбектерді орыс тіліне аудару. Осы арқылы орыс тілі ғылым тіліне айналды. Бізге де қазір сондай үлкен мүмкіндік туып отыр. Қазақ тілінің айдынын кеңейте түсуге, ғылым тілі ретіндегі мүмкіндігін паш етуге жаңа аудармалар да сөзсіз қызмет етуге тиіс», – деп қорытты профессор.

Шығарушы редактор Назгүл Қожабек жобадағы әрбір жұмысқа кәсіби мамандар жетекшілік ететіндігіне ризашылық білдірді. Экономика саласы бойынша Грегори Мэнкьюдің атақты «Экономикс» оқулығының төртінші басылымы, Рикки Гриффиннің «Менеджменті», Дональд Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс және практика» оқулығы таңдап алынған. «Экономикс» оқулығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебі экономика кафедрасының ұжымы жұмыс істеп жатыр. Бұл жұмыстың барысын Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Б.Ермекбаева өзі қадағалауда. Жұмыс 90 пайызға аяқталды. Екінші кітап – Гриффиннің «Менеджмент» еңбегі Narxoz университетінің Экономика және менеджмент мектебінің оқытушылары қолында. Экономика және менеджмент мектебінің деканы, профессор Самажан Өмірзақов ғылыми редактор ретінде өзі қадағалап отыр. Үшінші «Кәсіпкерлік: теория, процесс және практика» кітабына AlmaU университетінің басқару жоғары мектебінің деканы Гүлнар Күреңкеева жетекшілік етіп отыр. Үш оқулық бойынша сол саланың тәжірибелі мамандары жұмыс жасауда. Бұл салада терминологияға қатысты қиындықтар аз емес. Үш оқулықты бір жауапты редактордың қолына берудегі мақсат – экономика саласы бойынша терминологияны біріздендіру, бұрынғы терминологиямен ұштастыра отырып, жаңа ұғымдармен толықтыру. Үш оқулық бойынша жұмыс жасауда көп қазақшаламауға тырысудамыз. Сөзді сол қалпында қалдыра отырып, осы уақытқа дейін енген орысшаланған нұсқасын емес, ағылшын тіліндегі қалыптасқан халықаралық нұсқасының фонетикалық айтылуын сақтай отырып, енгізуге күш салып жатырмыз. Мәселен, «инициатива» ұғымын көбінесе бастама деп аударып жүрміз. Бірақ оның кейде бастама болмайтын тұстары болады. Сондай жағдайда «инициатива» сол қалпында қалады. «Конфликт» сөзін қақтығыс деп жүрміз. Қақтығыс конфликт бола алмайтын, конфликт қақтығыс бола алмайтын кездер болады. Сол себепті, біз оны қалдырдық. Тағы бір қиындық тудырған сөз – «перспектива», ағылшын тілінде perspectives. Пән саласын білмейтін адам аударғанда қиындықтар туып, басқа бағытқа адасып кетер едік. Өйткені traditional perspectives – дәстүрлі көзқарас деген ұғымды береді. Сол пәнді білмейтін адам болса, дәстүрлі перспективалар, дәстүрлі мүмкіндіктер, әлеуеті, келешегі деуі де ғажап емес. Сондықтан осы оқулықтарды өз саласының мамандарына бердік. Ағылшын тілінен қанша тікелей аударсақ та, орыс тіліндегі нұсқаларына жүгінеміз. Орыс тілінде «мотивация» сөзі зат есім және етістік мағынасында қолданылады. Біз зат есім түріндегі мотивацияны уәждеме деп аударсақ, етістік түрінде ынталандыру деп қалдырдық. Ең үлкен қиындық тудыратын сөз – «процесс» сөзі. «Процесс» сөзін үрдіс, үдеріс деп аударып жүр. Жұмыс тобы бірауыздан оны «процесс» күйінде қалдырған. Осылайша халықаралық стандартқа сай қалыптасып кеткен кейбір терминдерді сол

күйінде қалдыру ұсынысына Рахман Алшанов, Анар Фазылжан, Шерубай Құрманбай секілді мамандар келіспейтінін білдірді. Термин мәселесіне келгенде дау тудыратын осындай мысалдардан кейін экономистерге сабақ беріп жүрген сала маманы Самажан Ынтықбайұлы мәтіннің мазмұнына қарау керек екенін, топтың сол бойынша жұмыс істейтінін түсіндірді. Тіл ғылымының білгірі Анар Фазылжан мотивацияның уәждеме деп аударылып жүргенін алға тартып, сол нұсқаларды ескеруін сұрады. Сондай-ақ, терминдерге байланысты бірнеше мысал да ұсынды.

Саясаттанушы Айдос Сарым да өзінің пікірін айтып, аталмыш жоба аясында аударма саласының жоғары деңгейге көтерілгендігін атап өтті: Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті болуы үшін адам жан-жақтан келіп жатқан ғылыми ағымдарды анық түсініп, ақ-қарасын ажырата білуі қажет. Біз сияқты саны көп емес, бірақ аз да болса әлеуеті бар мемлекеттер аударма ісін жоғары дәрежеде ұстайды. Олардың қатарында Норвегия мемлекеті бар. Тіпті біздің түсімізге кірмейтін әлем әдебиеттерін норвег тіліне аударып жатады. Олардың түсінігі мынадай: «Біз – кішкентай елміз. Ешқандай баспа, ешқандай бизнес бізге әлем әдебиетін аударып бере алмайды». Сондықтан бұған мемлекет араласуы керек деп есептейді. Біздің елде де осындай бастама көтеріліп жатыр. Кез келген мемлекеттік бастама баянды болуы үшін ол кем дегенде қоғамның қолдауы мен ілтипатына ие болуы керек. Олай болса, Қазақстанның аудармашылар ұйымын, яки қауымдастығын құрудың уақыты келді. Оған осы кезге дейін бар аудармашылардың қатарын тартып, сонымен қатар жаңа аудармашылар санын көбейту керек сияқты. Сондай-ақ аудармашылардың кәсібилендіру мәселесіне де аса ден қою керек. Болашақта қоғамдық ғылымдардың аудармашылары пайда болады деген сенімдеміз. «Ұлттың зиялылығы артып келеді» Бұл – қоғамға беріліп отырған жаңа білім. Екінші жағынан осы арқылы қазақ тілін түлететін, дамытатын, оның заңдылықтарын сақтай отырып, жаңа терминдерді алып келуге мүмкіндіктер ашылады деген ойдамын. Қазіргі уақытта бір термин әр салада түрліше қолданылып жүр. Менің ойымша, бұл – Ұлттық аударма бюросының жұмысы. Бәлкім, арнайы сайттар, журналдар ашу керек болар. Бүгінгі аударылып отырған 17 оқулық аясында да көптеген мәселе бар. Әдістемелік тұрғыдан әр ғалым аптасына бір дүние жарыққа шығарып, «мінеки, мен мынадай тарауды аударып жатырмын, қарап отырсам, ішінде мынадай термин бар. Осы кезге дейін мынадай нұсқада аударылып келген екен, бірақ бұл осы ғылымның концепцияларына сәл томпақтау келеді. Осыны қалай етпек керек?» – десе, әлдеқайда пайдалы болар ма еді?! Қазір біздің аудармаларға осындай дау-дамай, қызу талқы ауадай қажет. Сонда ғана біздің тіл дамиды. Қазақ тілі ошақ басы, тұрмыс-тіршілік айналасында ғана қалмай, ғылым, бизнес т.б. салаларға жақындай бастайды. Сондықтан, бұл – мемлекеттің модернизация үдерісінің құрамдас бөлігі. Себебі, кез келген нәрсе идея, ілім мен білім төңірегінен туындайды. Кезінде Алаш қайраткерлері де ісін ағартудан бастады. Өз заманында жүздеген актуалды шетелдік мақалаларды аударды. Қазіргі уақытта аударма ісінің мемлекеттік мәселе ретінде көтерілуі ұлттық зиялылығының артқандығының көрінісі деп ойлаймын. Ұлттық аударма бюросының ісі мемлекет пен қоғам қоян-қолтық араласа отырып, жұмыс істейтін үлкен бір қоғамдық қозғалысқа айналса деген үмітіміз бар.

Қ.Абдықалықов

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ
БжБС кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.*

ОБЛЫСТЫҚ ТАМЫЗ КЕҢЕСІНІҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА

2017 жылдың 23 тамызында «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қарағанды филиалының қызметкерлері «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ 3.0. – БІЛІМНІҢ ҚОСАР ҮЛЕСІ» білім беру қызметкерлерінің облыстық тамыз кеңесіне қатысты.

Кеңес жұмысына Қарағанды облысының әкімі Е.Ж. Қошанов, ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің төрағасы Б.С. Абдрасилов, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, облыстық мәслихаттың депутаттары, педагогикалық және ата-аналар қоғамдастығы, педагогикалық еңбек ардагерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Қарағанды облысының әкімі Е.Ж. Қошанов құттықтау сөз сөйлеп, мұғалімнің Қазақстанды жаңғыртудағы жасампаздық қызметінің маңыздылығын атап өтті.

ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің төрағасы Б.С. Абдрасилов өз сөзінде осы жылы басымдықты білім сапасына бере отырып, орта білім беруді жаңарту мазмұнын логикалық шегіне жеткізу қажеттігін баса айтты.

Кеңес барысында облыстың білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерін төсбелгілермен, медальдармен марапаттау рәсімі болып өтті. «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қарағанды филиалының тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы Қ.Г. Смағұлованың «Еңбек ардагері» медалімен марапатталуы Институт үшін қуанышты оқиға болып табылады.

НА ПЛЕНАРНОМ ЗАСЕДАНИИ ОБЛАСТНОГО АВГУСТОВСКОГО СОВЕЩАНИЯ

23 августа 2017 года сотрудники филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области приняли участие в пленарном заседании областного августовского совещания работников образования «МОДЕРНИЗАЦИЯ КАЗАХСТАНА 3.0 – ВКЛАД ОБРАЗОВАНИЯ».

В работе совещания приняли участие аким Карагандинской области Кошанов Е.Ж., председатель Комитета науки МОН РК Абдрасилов Б.С. представители местных исполнительных органов, депутаты областного маслихата, педагогическая и родительская общественность, ветераны педагогического труда, представители СМИ.

С приветственным словом на совещании выступил Аким Карагандинской области Кошанов Е.Ж., который отметил значимость преобразующей деятельности учителя в модернизации Казахстана.

Председатель Комитета науки МОН РК Абдрасилов Б.С. в своем выступлении отметил, в текущем году необходимо довести до логического завершения обновление содержания среднего образования, отдавая приоритет качеству образования.

В ходе совещания прошла церемония награждения педагогических работников организаций образования области медалями и нагрудными знаками. Радостным событием для Института было награждение медалью «Ветеран труда» Смагуловой К.Г., старшего преподавателя кафедры воспитания и социализации личности Карагандинского филиала «Өрлеу».



Әмір Шарапат Қауденұлы	п.ғ.к., Орталық Қазақстан Академиясы «Педагогика және психология» кафедрасының доценті. Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Абдықалықов Қожанасыриден	п.ғ.к., «Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ басқару және білім сапасы кафедрасының аға оқытушысы
Абзалбек Лаура Сапаровна	«Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушысы
Ахметбекова Жанат Молдабайқызы	«Қарағанды облысы балаларына арналған психоневрологиялық дәрігерлік-әлеуметтік мекеме» КММ тәрбиешісі, Қарағанды қ., Қазақстан
Айгужинова Гульмира Зейнуллиновна	Павлодар мемлекеттік педагогика институтының «Дене тәрбиесі мен алғашқы әскери дайындық әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, әлеуметтік жұмыстар магистрі
Байкенова Назира Сүйіндікқызы	Ж.К.Букенов атындағы Қарағанды банк колледжінің жоғары санатты ағылшын тілі мұғалімі
Беспамятная Валентина Николаевна	Украина, Мелитополь қаласы №24 ЖББОМ қызмет ету еңбегі пәнінің мұғалімі
Бучина Ирина Сергеевна	«Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ мониторинг және талдау бөлімінің бас маманы
Ибрагимова Гульнар Каиржановна	«Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ басқару және білім сапасы кафедрасының меңгерушісі, психология магистрі, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ докторанты
Ибрагимова Далила Игоревна	Қарағанды қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12 сынып оқушысы
Кисабекова Макта Егинбаевна	«Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы
Майбасова Үміт Амандықовна	«Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ «Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы
Маторина Евгения Анатольевна	Назарбаев Зияткерлік мектебі «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ филиалының білім мазмұнын жаңарту және деңгейлік бағдарламалар тренері, тарих пәні мұғалімі, Қарағанды қ., Қазақстан
Мукушева Салтанат Болатовна	п.ғ.к., «Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушысы
Нургожина Гакку Отангалиқызы	«Бота» балабақшасы» ЖМ меңгерушісі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Разбекова Зауре Кайыровна	«Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ басқару және білім сапасы кафедрасының аға оқытушысы
Сабит Жулдыз Амангельдиевна	«Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушысы
Смағұлов Жандос Қожахметұлы	ф.ғ.д., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры
Темиргалиева Самал Ермухамбетовна	С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының аға оқытушысы, психология магистрі
Үрімжібай Жетібайұлы	Іле педагогикалық университетінің профессоры, Қытай Халық Республикасы, Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы

Әмір Шарапат Қауденұлы	к.п.н., доцент кафедры «Педагогика и психология» Центрально-Казахстанской Академии. г.Караганды, Республика Казахстан
Абдикалыков Кожанасиридин	к.п.н., старший преподаватель кафедры управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Абзалбек Лаура Сапаровна	старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Айгужинова Гульмира Зейнуллиновна	старший преподаватель кафедры «Теория и методика физического воспитание и начальной военной подготовки» Павлодарского государственного педагогического института, магистр социальной работы
Байкенова Назира Суйиндиновна	учитель английского языка высшей категории Карагандинского банковского колледжа им. Ж.К.Букунова
Беспамятная Валентина Николаевна	учитель обслуживающего труда СОШ №24 г. Мелитополь, Украина
Бучина Ирина Сергеевна	главный специалист отдела мониторинга и анализа филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Ибрагимова Гульнар Каиржановна	заведующая кафедрой «Управление и качество образования» филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области, магистр психологии, докторант ҚарГУ им.Е.А. Букетова
Ибрагимова Далила Игоревна	ученица 12 класса Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления, г.Караганда
Кисабекова Макта Егинбаевна	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Майбасова Умит Амандыковна	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Маторина Евгения Анатольевна	учитель истории, тренер уровневых программ и в рамках обновления содержания образования Филиала ЧУ «Центр педагогического мастерства» в г. Караганда
Мукушева Салтанат Болатовна	к.п.н., старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Нургожина Гакку Отангаликызы	заведующая ЧУ «Д/с «Бота» г.Караганда, Республика Казахстан.
Разбекова Зауре Кайыровна	старший преподаватель кафедры управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Сабит Жулдыз Амангельдиевна	старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Смағұлов Жандос Қожахметович	д.ф.н., профессор кафедры казахской литературы ҚарГУ им.Е.А. Букетова
Темиргалиева Самал Ермухамбетовна	старший преподаватель кафедры «Физическая культура и спорт» Павлодарского государственного университета им.С. Торайгырова, магистр психологии
Үрімжібай Жетібайұлы	профессор Илийского педагогического университета, Синьцзян-Уйгурский автономный район (СУАР) КНР

